

Қазақстан шет ел отандастарының
Халықаралық қайырымдылық қоры

А 2018

1308к

Зейнолла Қайсенов

**1916 ЖЫЛ
ШЫҒЫС ӨҢІРІНДЕГІ
ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІ**

2016
Алматы

Қазақстан шет ел отандастарының
Халықаралық қайырымдылық қоры

Зейнолла Қайсенов

**1916 ЖЫЛ
ШЫҒЫС ӨҢІРІНДЕГІ
ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІ**

2016
Алматы

ISBN

ББК

ЖДК 94(574.92)"1916"

К 23

Жинақты әдеби өңдеп, баспаға әзірлеген Әлижан Тауұлы.

Қайсенов З.

1916 жылы еліміздің Шығыс өлкесінде орын алып, тарихта «Орайшап» деген атпен қалған халық көтерілісіне биыл 100 жыл толып отыр. Кезінде «бүлікшілік» деп айдар тағылған осынау қанды оқиға кейін өзінің әділ бағасын алып, «ұлт-азаттық көтерілісі» деп аталатын болды.

Белгілі тарихшы, өлкетанушы, әрі білгір шежіреші З.Қайсеновтың тың деректермен толықтырылып, әдеби көркемделіп шыққан жаңа кітабы осы айтулы тақырыпқа арналады. Жинақ өз заманында елді зар жылатқан қарулы қақтығысты өз көзімен көрген қарттарымыздың аузынан жазып алынған деректерімен құнды. Кейінгі жастар үшін берер тәлім-тәрбиесі де мол.

АЛҒЫ СӨЗ

1916 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы жерінде бұрқ ете түсіп, «Орайшап» деген атпен тарихта қалған халық көтерілісіне биыл 100 жыл толып отыр. Бұл оқиға кезінде қазан төңкерісіне дейін «бүлікшілік», «қарсылық» деп аталса, ал кеңес заманында «қарулы көтеріліс» деген жаңа атауға ие болды. Кеңестік тарихшылар оны Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлт-азаттық күресі деп бағалады. Әрі бұл жөнінде бірталай дүниелер жазылды. Алайда кеңестер одағы тараған соң, тәуелсіздік алған елдердің бұл тақырыпқа деген қызығушылығы біршама бәсеңдей бастаған сыңайлы. Бұған, әрине аталмыш мәселеге деген пікірлердің сан алуандығы мен дәйекті құжаттардың жеткіліксіздігінен болса керек. Дегенмен де, бір анық жайт, осыдан бір ғасыр бұрын қазақ жерінде орын алған қарулы қақтығыстар, зорлықшыл билеуші таптың езгісіне қарсы шыққан қазақ халқын сол кезде Ресейде әбден пісіп-жетілген қазан төңкерісін қолдап, соған өз үлесін қосуға жұмылдырған еді. Міне, белгілі тарихшы, өлкетанушы һәм зерек шежіреші Зейнолла Қайсенов оқырманға ұсынып отырған жаңа кітабында тап осы жайтқа жан-жақты назар аударады. Өскемен уезіндегі Тайынты болысында осыдан 100 жыл бұрын орын алған ұлт-азаттық көтерілісінің себеп-салдарын тереңдей зерттеп, елінің азаттығы үшін жанын қиған қас батырлардың жанқиярлық ерліктерін кейінгі ұрпаққа паш етеді.

Кітап негізінен 1916 жылы Қазақстанда жергілікті халықты қан жылатқан қайғылы оқиғаға арналады. Автор көне және жаңа деректерге сүйене отырып, Ресей патшасының қазақтарды әскерге шақыру жөніндегі жарлығын жергілікті халықтың қалай қарсы алғанын нақтылы мысалдармен ашық суреттейді. Ол кеңестік дәуірдегі деректі материалдардың аясында көтерілістің шығу себептерін, оның салдарын әділ көрсетеді. ЗҚайсеновтың ерінбей-жалықпай ұзақ ізденуінің, тарихи құжаттарды қалт жібермеуінің арқасында жұртшылыққа «Орайшап» деген атпен әйгілі болған халық көтерілісінің нақты көрінісі жасалады. Әсіресе, осы кітаптың жарық көруі үшін, оның ұзақ жылдар бойы сол қарулы көтеріліске кезінде өздері қатысқан Тоқтар Көшербаев, Темірхан Әділбаев, т.б.

сияқты ақсақалдармен ауызба-ауыз әңгімелесіп, қажетті деректерді тірнектеп жинағанын айырықша атап өткеніміз лазым.

Танымал шежіреші, қазақ руларының шығу, тарау тарихын жетік білетін автор кітаптың басты тақырыбы «Орайшапты» ұйымдастырып, оны ұлт-азаттық көтерілісі дәрежесіне дейін көтерген ержүрек асыл азаматтар өтеміс елінен шыққандықтан, өтеміс руы туралы кеңірек әңгімелегені де жарасым тапқан.

Осы орайда аталмыш кітаптың беташарын жазып отырған осынау алғы сөздің иесі де өзінің анасы өтеміс руынан шыққан Жақия Мұсақанқызы туралы Зейнолла ағаға айтпай тұра алмаған еді. Өткен ғасырдың сонау дүрбелең жылдарында (1920 ж.) жетім қалған жас қыз кейін Ұлы Отан соғысы кезінде туған ауылын аштықтан арашалауға белсене қатысып, қорғансыз қалған сегіз жетімекті бағып-қағып, тәрбиелеп өсіреді...

Сөз соңында З.Қайсеновтың ұсынылып отырған кітабы 1916 жылғы қанды оқиғаларды әлі де тереңірек зерттей түсуге талпындыратынын атап өткеніміз жөн. Алдағы уақытта қазіргі жариялылықтың арқасында кезінде құпия сақталған небір құжаттардың біртіндеп ашылғанын, талай-талай жасырын деректердің бүгінде көпшілікке мәлім болып жатқан мүмкіндігін молырақ пайдалансақ құба-құп болар еді. Өйткені 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тарихи жағынан да, заңдылық құқық жағынан да өте күрделі, қайшылықты тұстары көп, қазақ халқының тарихында елеулі орын алатын басты оқиғалардың бірі болып табылады. Дәл қазір тап осы мәселе бойынша қаншама сұрақтар нақтылы зерттелуін, тайға таңба басқандай айқындалып, халқымызға жария етілуін күтіп жатыр десеңізші. Әрі бұл жұмыс шынайы құқықтық мәдениет тұрғысында, оқиғаға қатысы бар әртүрлі халықтардың ар-намысына тимей, құқықтарына қол сұқпай, өзара түсіністік, сыйластық жағдайында атқарылуы тиіс.

**Сарқытбек МОЛДАБАЕВ,
Жақия Мұсақанқызының ұлы,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан шет ел отандастарының
халықаралық қайырымдылық
қорының құрылтайшысы**

Бірінші тарау

1916 ЖЫЛ: ӨСКЕМЕН ӨҢІРІНДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс империализм қайшылықтарының әбден шиеленіскен жағдайында болды. Бұл көтеріліс патша өкіметінің бүкіл отаршылдық саясатының күйрегендігінің нәтижесі болып табылады. Орыстың әскери-феодалдық империализм кризисінің көрінісі, сипаты жағынан отаршылдыққа қарсы халық азаттық көтерілісі болды.¹

Армиядағы тыл жұмыстарына қазақтарды, қырғыздарды, өзбектерді, тәжіктерді, түрікмендерді, дүнгендерді және ұйғырларды мобилизациялау туралы 1916 жылы 25 шілдеде патшаның жарлығы шықты. Осы жарлыққа орай 18 жастан 40 жасқа дейінгі еркектер мобилизациялануға тиіс еді.²

Патша ағзамның осы жарлығына байланысты Семей облысынан 85000 адам алынуға тиіс болды. Семей облысының Аягөз, Үржар, Мақаншы, Көкпекті, Зайсан аудандарын мекендеген қалың найман ауылдары мұндай сұмдықты естігенде бірден теңіздей толқып, жергілікті би-болыстарға қарсы әрекет жасауға кірісті. Ал, ел билеген болыс, билер ноқтамен жетелеген торпаққа ұқсап, губернатордан келген жарлықты бұлжытпай орындау мәселесімен айналысты.

Дегенмен, кең далада еркін өскен ел жұдырықтай жұмылып, солдатқа адам бермей қарсы тұру әрекетіне кірісті. Бұл жағдай қаракерей тайпасының ішіндегі Қалың Мұрын, Байжігіт, Зайсан, Марқакөл аудандарын мекендеген төртуыл, қожамбет, Ұлан ауданындағы көкжарлы, саржомарт, терістаңбалы және үш мың үйден құралған қарабұжыр, қалба матайлары елінде өріс алды.

Ерекше атап өтетін бір жағдай Тарбағатай тауының ар жақ, бер жағын, Алакөл, Мақаншы, Бақты маңын мекендеген қалың қазақ ауылдары мұндай суық хабарды естіп, не істерін білмей сеңдей соғылып, есі шығады.

Ақ патшаның қазақ жастарын солдатқа алып, тыл жұмыстарын орындатуға жіберген жарлығын орындау үшін Аягөз, Үржар, Зайсан уездерінің би-болыстарын осы өлкенің орталығы ретінде жоғарыдан келген ұлықтар Көкпекті уезінің орталығы (бұрынғы Көктерек) аулына жинайды. Сол жиналы-

¹ Қазақ ССР тарихы. I том. — 1957. 600-бет.

² Бұл да сонда. 601-бет.

ста 12 болыс өкілдері (басшылары) ретінде Мүрсәлім Бектенов Қарғыба-Нарын болысынан, Сембай Ботабаев болыс, Шерубаев Омар би, Егізбаев Омар болыс Өклеті-Боғас болысынан, Базар-Баспан болысынан Тнеев Аман қара би, Баймырзанов Нұрғамыс би, тағы басқалар қатысады.

Жиналғандар алдында Зайсаннан, Семейден келген патша шенеуніктері патша жарлығын оқып түсіндіреді. Сонымен қоса, Көкпектіге далалық пристав (қыр қазақтары мен орыс шаруаларын басқаратын крестьянский начальник) шаруалар бастығын сайлайды.

Жиналыс барысында қазақ арасынан солдатқа жастарды беру-бермеу мәселесі көтеріліп, айтыс-тартыс дау болады. Патша саясаткерлері бұл жұмысқа ерте кірісіп, бірталай адамдарды алдын-ала дайындап та үлгерген екен, шенеуніктер сөзін болыстар мен билер қуаттайды. Ақыры ымыраға келдік-ау деп, қорытынды сөзді патша уәкілдерінің бірі Әбділдәбек Төгісовке береді.

Ол:

— Біздің еліміз де, жеріміз де, ұстанған саясатымыз, сауда-саттық, экономикалық жағдайымыз да Ресеймен бірге болғандықтан, патша жарлығын орындап, жастарды солдатқа беруіміз керек! — деп сөз сөйледі.

Әбділдәбектің бұл сөзіне шыдамаған Қарғыба-Базар болысының басшысы Мүрсәлім Бектенов топ ішінен ұшып тұрып:

— Әй, Әбділдәбек! Сен көп оқыған жақсы-жаманды басыңнан өткізген ел ағасысың және жамбасың жерге тимеген атақты палуансың, дүниенің бәрін білгенде қатын патша Екатерина заманында бұзаудың терісіне жазып тұрып, біз қазақ Ресейге мал боданы, шөп боданы, салық боданы боламыз, ал, дінімізге, некемізге, дәстүрімізге, қазақ арасынан солдатқа бала беріп бодан болмаймыз деп қол қойып, мөр басқамызды неге білмейсің?! Мына патша шенеуніктері алдында соны айтпай, сасық қоғадай басыңды неге иесің?! Мен бұл саясатқа қарсымын!, — деп өз адамдарымен жиналысты тастап кетіп қалады.

Бұл әңгімені айтатындар ауылдың бүгінгі көзі тірі қарттары болатын.

Ал «Ақсуат» кітабының 133-бетінде: «Тілмаштар арқылы әңгіменің төркініне түсінген ұлықтар жиын өтіп жатқан үйдің қарсысындағы үйге Мүрсәлімді қамап, сыртынан құлып салдырады. Мүрсәлімге елден екі жігіт еріп келген екен. Солар Боранбайлап ұран салып, құлыптың айдарын шоқпармен

ұрып сындырып, Мүрсәлімді атқа мінгізіп, алып кетеді. Бүлік басталып кете ме деп артынан қуғыншы шықпапты», — деп жазады.

Жергілікті ауыл ақсақалдарының айтуы бойынша, Мүрсәлім аулына келген соң, Қарғаба-Базар, тағы басқа қалың мұрын елі жайлаған ауылдарға патша жарлығын орындамай жастарды солдатқа бермеу жөнінде өз адамдарын үгіт-насихат жүргізу үшін аттандырады. Әрбір ауылдарда патша ағзамға солдат бермейміз деген ертеден келісім бар екенін бетке тартып, жиын-жиналыстар өткізіліп, кейбір қаны қызып күш-қуаты тасыған жігіттер: «Анық соғысатын болсақ, туған жерде соғысамыз, не көрсек те осы жерде көреміз!», — деп ұрандайды. Құйма құлақ қазіргі ауыл ақсақалдарының бұл сөзін «Ақсуат» кітабындағы деректер де қуаттай түседі.

Мүрсәлім басқаратын құттықадам, жәмбике руларының ол кездегі жазғы жайлауы қазіргі Көкпекті аудандағы Көкпекті, Ұзынбұлақ, Жарма ауданындағы Қалбатау кеңшарының жерін қамтитын. Мүрсәлім Көкпектіден өзінің болыстық кеңсесі орналасқан Ақтүбекке келе сала, Қалба тауларында жүрген қыржы, мұрын руларына шапқыншы жібереді. Қожагелді батырдың қазасына байланысты осы ел өкілдері Петерборға барғанда арнаулы грамота алып қайтқан. Онда қазақтан солдат алмау, дініне қол сұқпау, бес жылға дейін алым-салықтан азат етілу тармақтары жазылған еді. Мұны естіген ел Мүрсәлімдікі жөн деп іске кірісіп кетеді.

Бұл аласапыран жағдайды ақын Кәрібай Таңатарұлы:

Қалбадан жексенбі күн халық көшкен,
Айырылды жақсы-жаман ақыл-естен.
Түйенің үш күн, үш түн қомын шешпей,
Қарғыба, Базарға кеп бір-ақ шешкен, —

деп суреттейді.

Мүрсәлімнің тапсырмасы бойынша, әр болыстағы қарулы жігіттер көшті қорғай отырып, жергілікті шенеуніктерді жоғарғы жақтағы орындармен байланыстырмау үшін жолындағы телеграф бағаналарын құлатып, сымдарын үзіп отырады³.

Осыған қарағанда көтерілісшілер патша шенеуніктері қарулы топ (отряд) жіберген күнде кең далада көше жүріп қарсылық көрсетіп, ауылын қорғап, егер қарсы тұрарлық жағдай болмаған күнде Қытай еліндегі туыстарына ауып кетуді де ойластырған сияқты. Мүрсәлім болыстың бастамасы ұйытқы болып, іле-шала Аягөз, Тарбағатай, Зайсан, Үржар уездерін мекендеген қалың ел күрес жолына түседі. Мүрсәлімнің айналасына әртүрлі ауылдардан мыңдаған адамдар жиналып, бірнеше топ құрылып, қолынан іс келетін азаматтардан басшылар сайланды. Сөйтіп, Семей облысының уездерінен 15 мыңнан аса қолына шиті мылтық, қылыш, шоқпар, сойыл, шалма тастау үшін дайындаған қыл арқанмен қаруланған адамдар жергілікті болыс-билердің кеңселеріне шабуыл жасап, 19 бен 31 аралығындағы жастарды тіркеген тізімдерді құрта бастайды. Кейбір ауылдарда қарсылық көрсеткен болыстардың қол-аяғын байлап, далаға апарып, бірнеше күн қамауға алған фактілер де кездеседі.

Бұл жағдайдың шындығын Қазақстан тарихы былай суреттейді. «1916 жылы 16 июльде Семейдің губернаторы Омбыға мынаны мәлімдеді: Өскемен уезінде көтеріліс жасаған шаруалар үш болыс әкімін қамауға алған, ал Семей уезінде жұмысшылардың талаптарына мүлдем бағынғылары келмейтінін білдіргені үшін старшиналардың знактары мен мөрлері тартып алынған».⁴

Ақмола, Семей облыстарының көтерілісшілері нақтылы отрядтар ұйымдастырды. Осы сөз етіп отырған оқиғаға мұрын елінің Хан Қисықтан тараған Көшімбай ұрпақтары түгел қатысып (300 үй), бірнеше қарулы отрядтарға басшылық жасайды. Мысалы: Мықау, Дәути, Нығымет, Қали, Түсіп деген азаматтар көтеріліс басталғаннан-ақ атқа қонады. Аягөз, Көкпекті аудандарын қоныстанған бес байыс рулары, әсіресе, қыржылар, Қалба болыстарын құраған үш мың отбасын құрайтын матайлар көтеріліске қопарыла шығады.

Мұны мына құжаттағы мәліметтер растайды: *«Первое дело относится к начальному этапу восстания и связано с событиями в с. Георгиевке, происшедшими после объявления чиновником указ о реквизиции должностными лицами и представителям Сулусаринской, Чарской, Карабужирской и Калбинской во-*

³ Ақсуат. — Алматы, 1998. 133-бет.

⁴ Қазақ ССР тарихы. I том. — 1957. 607-бет

лостей».⁵ Сол сияқты Жарма, Көкпекті, Қалба болыстарымен жалғасып жатқан Ертіс жағасындағы Ұлан ауданындағы Тайынты болысында көтеріліс қатты жүреді.

Бұл туралы архив құжаттарында: *«Два дела были возбуждены против повстанцев Таинтинской волости Усть-Каменогорского уезда. Первое возникло по поводу сопротивления крестьянскому начальнику 3-го участка Усть-Каменогорского уезда Чернявскому. 19 июля 1916 г. в Таинтинском волостном доме Черневский разъяснил собравшимся должностным лицам содержание царского указа о реквизиции. Когда волостной писарь со старшинами приступили к проверке призывных списков, собравшаяся вокруг дома толпа казахов (около 200 человек) избивала одного старшину, а затем насильно увела волоуправителя Муса Тугелбаева в степь. Составление списков призывников было сорвано»*⁶, — деп көрсетілді.

Артынан көтерілісті басып, 17 адамнан жауап алып, көтеріліс басшылары және оны ұйымдастырушылар деп Сағынбай Жетпісов, Аманбай Кештембаев, Оралбай Тілемісов, Қайыржан Маймақов (молда), Қанапия Байымбетов, Дүйсенбай Қалиевті сол кездегі заң тармағының 13 және 3- бөлімі 266-бабы бойынша төрт айға Өскемен түрмесіне отырғызады⁷.

Ал, жоғарыда сөз болған Тарбағатай, Көкпекті, Аягөз, Үржар өлкесінде көтеріліс көпке созылып, бірнеше қарулы қақтығыстар болады. Көтерілісті басуға патша өкіметі бірнеше мұздай қаруланып соғыс жаттығуынан өткен отрядтар жібереді. Олардың қолында пулемет, граната, винтовка, қылыш, бесатар (наган), жердің алдын-ала жасалған карталары болған. Жазалаушылар пулеметтен оқты қарша боратып, көтерісшілер тобын қырғынға ұшыратады. Ақыры, бұған қарсы тұра алмаған көтерісшілер Қытайдағы туыстарына қарай ауа көшеді.

Шекара маңайында отырған қазақ ауылдары көтерілісшілермен бірге түгел ауып кетеме деген күдікпен патша өкіметі дала генералдарына (Омск,

⁵ Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. — А, 1966. 258 стр.

⁶ Бұл да сонда. 259-260-беттер.

⁷ Бұл да сонда

Томск, т.б.) әртүрлі нұсқаулар береді. Бұл туралы құжаттарда мынадай деректер берілген: «Для предотвращения бегства в Китай и Монголию на границе с этими государствами устанавливались казачье посты. Вместе с тем Сухомлинов просил русских консулов в Кобдо, Чугучаке и Шарасуме установить бдительный надзор за перекочевками. Но эта мера немогла дать желаемого успеха потому, что граница двух уездов (Зайсанского и Усть-Каменогорского) с Китаем тянулась на 500 верст и охранялась постами в количестве 106 казаков».⁸

Патша өкіметі Шығыс Қазақстан облысында болған көтерілісшілер тобын қандай да бір іс-әректтермен тоқтатпақ болғанымен, олар әскери топтарға қарулы қарсылық жасай отырып, бірсыпыра халық шекарадан өтіп кетеді. Солардың бірі Әулие шатқалындағы Әзібай-Қызылы деген биікке бекінген Мүрсәлім жасағы. Олар артынан қуып келген патша солдаттарына қатты қарсылық жасап, ақыры шекарадан өтіп кетеді.

Сол сияқты төртуыл байжігіт руларының ауылдары да қанды күреспен шекарадан өтеді. Кейін шет жерде өте көп қиыншылықтарға төзе жүріп, өздерінің ерен қайсарлықтарының арқасында 40 жыл бойы ұрпақ жалғастырып, тек 1955—1960 жылдары туған елге кері оралады.

Қазақстан тарихында осы оқиғаларға байланысты мынандай қорытынды жасалған: «1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы мынада — Орта Азияның өзге де халықтарының еңбекшілері сияқты қазақ еңбекшілері ұлттық және әлеуметтік езгіге қарсы күресі арқылы орыс пролетариатының самодержавиеге беріп отырған соққыларын күшейте түсті. Патша өкіметі көтерілісті біржолата жаныштай алмады, яғни ұлт-азаттық күресті жүргізе беруге белін бекем буған халықты бетінен қайтара алмады».⁹

⁸ Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. — А, 1966. 66 стр.

⁹ Қазақ ССР тарихы. I том. — 1957. 613-бет.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТОЛҚУЛАР

1916 жыл — бірінші дүниежүзілік империалистік соғыстың үшінші жылы. Россияда революциялық шиеленіс өрістей түседі. Өйткені, патша үкіметі және орыс буржуазиясы өз еңбекшілерін қанап қана қоймай, жаңа отарлар жаулап алу үшін және бөтен ұлттарды езушілікті күшейту үшін ұлттық және отарлық қанаушылық саясатын белсенді жүргізді.

Соғыс - қазақ байларына да тиімді болды. Олар майдандағы армия үшін мал, жүн, ет, тері және басқа товарларын қымбат бағамен көптеп сатты. Байлар мен билер патша үкіметінің барлық шараларын қолдап, мақұлдап отырды. Байлар неғұрлым байыған сайын қазақ еңбекшілерінің жағдайы соғұрлым ауырлай түсті.

1916 жылғы маусым айында патша жарлығымен майдандағы армия маңында қорғаныс құрылыстарын салуға, окоп қазуға қазақтарды жинап апару жұмыстары басталды. Қазақ еңбекшілері арасында осыған қарсы көтеріліс бұрқ ете түсті. Ол Шығыс Қазақстан облысының қазіргі территориясын түгел қамтыды. Қолдағы құжаттар біздің өлкеде осындай наразылық білдірген көтерілістер болғанын дәлелдейді.

Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Сухомлиновтың 1916 жылғы 14 шілдедегі Өскемен және Зайсан уездеріндегі қазақтардың көтерілісі туралы Ішкі істер министрлігіне жолдаған телеграммасында: «Қырғыздарды жұмысқа қатыстыруға байланысты Өскемен және Зайсан уездерінің кейбір болыстарында тәртіпсіздіктер болды. Жоғары мәртебелі жарлыққа бағынбаған қырғыздар әкімдерге, старшындарға қарсы шығып, тап берді, ұлықтың белгілерін жұлып тастады, қорқытып үркіте отырып, оларды өз міндеттерін орындаудан бас тартуларына мәжбүрледі. Кейбіреулерін сабап, кек алды, — деп жазылды. — Көтеріліске қатысушылар болыстық әкімдер отырған үйлерге күшпен кіріп, оларды тұтқынға алды, ал майданға шақырылғандардың тізімдерін мүлде жойып жіберді. 1916 жылғы 16 шілдеде Семей губернаторы Омбыға Өскемен уезінде көтерілісшілер үш болысты тұтқынға

алғанын хабарлайды. Тайынтының болысы Мұса Түгелбаев Өскеменнен солдаттар шақыртады. Олар көтерісшілерге винтовкадан оқ жаудырды».

Семей облысының әскери губернаторы Ф.Ф.Чернцовтың дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Сухомлиновқа жолдаған телеграммасында былай делінген: «Өскемен уезінің Бөкен, Құлынжүн болыстарындағы қырғыздар да топтасып, қарсылық көрсетуде. Генерал Ягодкинмен келісім бойынша бүгін Өскемен уезіндегі Самар поселкесіне бір рота солдат, Полтавский поселкесіне жарты рота жіберілді. Өскемен уезіндегі 50 солдатқа (казактар) Бөкен және Құлынжүн болыстарындағы бүлікшілер тобын таратып жіберу міндеттелді».

Көтерілісшілерді басуға жазалау отряды ретінде казак әскерлері жіберілді. Жазалау отрядының командирі С.М.Воробьевтің Сібір казак әскерлері атаманның көмекшісі П.Я.Ягодкинге 1916 жылғы тамызда Өскемен уезі Тайынты болысындағы көтерілісшілермен болған ұрыстар туралы жіберген рапортында былай делінген: «31 июльде жиналған қырғыздар өздерін жұмысқа алу туралы хабарды естіген соң, ереуілге шықты. Құрамында екі-үш мың адамы бар топ аттарына міне салып, айқайлап елу солдатқа (казактар) қарсы лап қойды. Елуліктің командирі бір взвод казактарды аттарынан түсіріп, көтерілісшілерге қарсы оқ атуға бұйырды. Қырғыздар жеңіліске ұшырап, шашырай қашып, тауға барып тығылды. Олар сойылмен, шоқпармен және найзамен қаруланған болатын. Атакаға шыққандардан қаза болғаны, жараланғаны бар 60-тан аса адам шығын болды».

«Қырғыз жасақтарының ең көп жинақталған жері, — деп хабарлайды Омбыдағы патша әкімшілігі. — Зайсан уезі (1000-нан аса адамы бар бірнеше топ), Өскемен уезі (3000-нан аса адамы бар бірнеше топ) болды».

Қазақ халқының көтеріліс жасап, қарсы тұрғанына қарамастан Өскемен, Зайсан және Бұқтырма уездерінің мыңдаған қазақтары майданға окоп қазуға жіберілді. Орыс еңбекшілерінің де патшаға қарсы шыққан толқулары дәл осы кезеңмен тұстас келді. 1916 жылғы

7 қарашада Зайсан уезінде әйелдер арасында наразылық толқулары болды. 1917 жылғы қаңтарда Өскеменде солдат әйелдері ереуілгешіқты. Олар: «Біздің ерлерімізді қайтарыңдар! Жойылсын соғыс!» деген ұранмен демонстрация жасады.

Орыс еңбекшілері көтеріліске шыққан қазақтарға іш тартып, оларды патша үстемдігіне қарсы күресте қолдауға әзір болды. 1916 жылғы көтеріліс қазақ еңбекші бұқараларының таптық сана-сезімін оятып, арттыруда үлкен рөл атқарды. Көтерілісшілердің тәжірибесі қазақ кедейлерінің орыс жұмысшы табымен берік одақта, оның көмегімен ғана ұлттық және әлеуметтік азаттыққа қол жеткізетіндігін айқын көрсетті.

ӨТЕМІСТЕР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Ертедегі ақсақалдардың шежіре-аңыздары бойынша Ұлан ауданының аумағын мекендейтін «Өтеміс» аталатын ел төрт тармаққа бөлініп, жеті көкжарлының бірі болып есептеледі. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қалың найман елінің Сыр бойына ығысқаны тарихтан белгілі. Ал, 1740—1750 жылдары қазақ халқы бір тудың астына бірігіп, жауына тойтарыс бергеннен кейін наймандар шығыстағы ата қонысына қайтып оралады. Солардың қатарында қазіргі Ұлан ауданын мекендейтін көкжарлы, саржомарт, терістаңбалы аталатын рулар Сыр бойынан Ұлан жеріне келіп қоныстанады.

Өтемістер Тайынты, Құты, Ақтау, Манат, Құрсай, Асусай, Шолаққайың деген жерлерді мекендеген. Өтемістен тараған ұрпақтар қадырқұл, оразгелді, майлыс, тайлақ болып төрт руды құрап, өз ішінде төрт өтеміспіз дейді.

Жоғарыда айтып өткен рулардың бұл өлкені мекендегеніне үш ғасыр уақыт өтіп, алуан түрлі оқиғалар болған. Соның бірі өтемістен тараған 105 жасқа келген Жанай туралы деректер. Жанай ақсақал Сыр бойын-

да туып, бала-шаға, немере-шөберелерімен қазіргі Алғабас маңындағы Шолаққайың, Бауқуысы деген жерлерге қоныстанып, 105 жасқа келгенде қайтыс болады.

Ақырғы демі бітер алдында балаларын шақырып алып, менің туған жерім Сыр бойында пәленбай деген жер, сүйегімді сол жерге апарып жерлеңдер деп аманат етеді. Қайтыс болған соң балалары сол аманат бойынша әкесінің мүрдесін теріге тігіп, алдына айғыр үйір жылқы салып, Сыр бойына қарай жол тартады.

Әкелерінің туған жеріне бір күндік жер қалғанда, алдарынан бір қария кездесіп, жөн сұрайды. Жөн сұрап, жағдайды білген соң:

— Бұдан әрі баруға сендерге жол жоқ! Мұны мен сендерге өзім де найман болғандықтан жаным ашып айтып отырмын. Өйткені әрі барсаңдар өзбектер соғысып жатыр, астарыңдағы аттарыңнан айырылып, далада қаласыңдар! Әкелеріңе топырақ осы жерден бұйырды, жаназасын өзім шығарамын... Ал өздерің бастарың аман-сауында осы жерден үйлеріңе қайтыңдар! — деп, жөн сілтеген көрінеді.

Жанай үш әйел алған адам екен. Оның артынан ілескен ұрпақтары кейін қаулап өсіп, өтеміс елінің басым көпшілігін солар құрайды.

Міне, сол жанай руынан шыққан Қорамсақ деген азамат патша заманында би болыпты. Бұл тұста өтемістер түгел Ұлан жерінде емес, тарыдай бытырап, жан-жақта шашылып жүрген кездері екен. Қорамсақ байшы ауылын Сағырдан, кішкене батыр ұрпақтарын Самар жеріндегі жәркелер арасынан және Горный Ульбинка, Ақтасты (Глубокий ауданы) жерлерінен барлық өтемістерді жиып, Тайынты маңына көшіріп әкеледі. Сөйтіп, келесі сайлауда бұған дейін өтемістерді билеген терістаңбалы Көрі деген адамнан билікті тартып алады да, әбден қартайғанша ел билейді.

1846 жылы туған Наурызбай деген баласы 16 жасқа келгенде қорамсақ елімен ақылдасып, билікті баласына береді. Сол Наурызбай 1870—1916 жылдары өтеміс еліне би болады.

Нақ осы бір тарихи оқиғаларға толы кезеңде Түгелбай деген адамға 1500 жылқы бітіп, бір мерзімге болыс сайланады да, жасы келгендіктен болыстықты үлкен ұлы Мұсаға тапсырады.

БОЛЫСТЫҚҚА ТАЛАСҚАН ПАРТИЯЛАР

Қазақ қоғамында хандық билікті жойғаннан кейін, ақ патша уездерді басқару үшін аға сұлтандық жүйе құрып, оның билігіне бірнеше ауылдардан құралған болыстарды біріктіреді. Аға сұлтандық жүйе патша саясатына ұнамағандықтан 1869—1870 жылдары аға сұлтандық лауазымды жойып, болыстық жүйені іске асырады. Бұрынғы аға сұлтан басқарған уезден әртүрлі болыстар құрады.

Бұл жүйе қазақ қоғамын болыстық мансапқа таластырып, ел билігіне кері әсерін тигізіп, қазақтың бірлігін тарыдай шашады. Қолы күшті бай адамдар болыстық мансапқа таласып, ел ішінде біріне-бірі қарсы топ, партиялар құрып, үлкен ұрыс-жеріске барады.

1880—1916 жылдар аралығында Тайынты өлкесін жайлаған өтеміс елінде болыстық билікке таласқан бірнеше партиялар құрылады. Мысалы, жоғарыда біз сөз еткен Қорамсақтың үш баласы, Наурызбай, Ноғаспай, Қойшыбай деген адамдар өзінің байлығымен ел есінде қалған. Бұлардың сөзге шешен, еті тірі, тілді ағасы Наурызбай болыстыққа таласса, інілерінің билікте шаруасы жоқ, ағасының айтқанымен жүретін момын шаруа адамдар болады. Бұл үш ағайынды жігіттердің жылқысы басқа малын есептемегенде төмендегідей болған: Наурызбайда 50 жылқы, Ноғаспайда 150 жылқы, Қойшыбайда 100 жылқы.

— Болыстық билік өмірге келгеннен кейін бай-феодал, шонжарлар арасында мансапқа таласу өрши түсті. Руларды тек бай тап өкілдері билеп, бірімен-бірі ырылдасып, билікке таласу нәтижесінде ағайын арасында бас араздық күшейіп, бұрынғы бірлік жойылып, ел қожырай бастады, — дейді ақсақ Қайырбек деген жылқыбасы.

Сонымен Құрсай жанайларын Наурызбай біріктірген бір топ (партия) құрылады. Наурызбай тобында жанқара аталатын рудың белдісі Көшкіннің Жүнісі, Атабайдың Серікбайы, майлыс руынан Шәмшектің Іргебайы, Намаздың Жақыбы, Тезекбай қажының баласы Байділда басқарған адамдар болады.

Ең күшті екінші партия 1500 жылқы біткен Түгелбайдың баласы Мұса болыс бастаған адамдар. Басында Наурызбай бастаған топ Мұсаға еркіндік бермейді. Айтқан сөзін орындата алмаған Мұса ақырында мансап үшін малын шашып, халықты өз жағына тартып күшейеді. Мұсаның партиясын мамыр руының белді адамдарының бірі Жүзбайдың Ахмадиы, старшын Танабай, шоңай руынан старшын Ізқұттының Өтесі, Қайырбек, Қасен деген әлді адамдар қолдайды.

Ал, болыстық мансапқа таласқан үшінші топ Мұсаның туған інісі Рүстемнің басшылығымен құрылады. Рүстем тобын қолдағандар: бәсібек руынан Тілепалды, Шөкеннің Мәкені, Жақанның Ысқағы тағы басқа әлді адамдар еді. Әкесі Түгелбайдан қалған жылқыларын ағайынды Мұса мен Рүстем екіге бөліп, 1915—1916 жылдары малдарына екі түрлі таңба басты дейді көрген адамдар.

1890—1900 жылдарға дейін Ұранқай өзені бойын мекендеген қаршыға жартылар Тарғын өзені бойын мекендеген саржомарттың Қожамбет, жиёмбет рулары және тайынты, Манатты мекендеген өтемістер Тарғын болысын құраған еді. Алғашқы кезеңде Әлхан аға сұлтанның төбе биі болған қаршыға Жайсаңбай бір-екі мерзімге жетер-жетпес уақыт болыс болып одан 1,5 мың жылқы біткен Бекбау бай болыстық мансапты жеңіп алады. Бекбау бір-екі жыл болыс болып тұрған тұста, оның бақталасы өтеміс Мұсаның әкесі Түгелбай мансапқа таласады.

Нақ осы тұста кенеттен тосын оқиға болады. Бекбау байдың үйіне, болыстығына қайырлы айту үшін өтемістің Тұрғынбай деген ақыны келіп түседі. Сол күні Бекбаудың үйінде қаршыға руынан Оразай (Мырзабай) қонақ болып отыр екен. Тұрғынбай есіктен кірген бойда үй иесін мақтап, өлеңді қоя береді.

Тұрғынбайдың өлеңдеріне риза болған Бекбау бәйбішесін шақырып алып, мына ақынға сый-сияпат жаса деп бұйырады. Ақынды жаратпаған бәйбіше бір метрге таяу оралған бір матаны ақынның алдына тастай салып, кетіп қалады. Байды мақтап, мол сыйлыққа кенелемін деп келген ақын матаны қолына ұстап отырып, Бекбауға қарап:

Бекбаудың мен қайтейн маталарын,
Іздеп-сұрап таппадым аталарын.
Көюжарлы, саржомарттың ақылы қайда кеткен,
Еліне болыс қойып шаталарын.

Бекбау байға келіп ем өлең айта,
Сонда маған бергені жалғыз мата.
Жаман жақсы бола ма мақтағанмен,
Қарап тұрсам Бекбаудың түбі шата, —

деп байдың үйінен аттанып кетеді. Бекбау бір ауыз сөз айта алмай, төмен қарап отырып қалады да, біраз ойланып, баласы Сәдібекті шақырып алып:

— Балам, тезірек атқа мін де, Тұрғынбайды қуып жетіп, мына ақшаларды бер, аузын жапсын, — деп Сәдібекті атқа қондырады.

Сәдібек ақынды қуып жетіп, әкесінің сөзін айтқанда Тұрғынбай келісіп, ақшаны қалтасына басып жүріп кетеді.

Өкінішке қарай, ертеңінде Бекбауға қонақ болып отырған қаршыға Оразай Түгелбай байдың үйіне келіп, Тұрғынбай мен Бекбаудың арасында болған оқиғаны түгел баяндайды. Болыстық мансапты аңсап жүрген Түгелбай баласы Мұсаны шақырып, сол жерде ақынды үйіне алдырады да, жоғарыда айтылған екі ауыз өлеңді қысыммен үш рет қайталатады.

Төлеңгіт шабарман старшындарын жиып, ертеңінде көкжарлы, саржомарт ауылдарына жар-жар ретінде жайып жібереді. Тұрғынбайдың «шатаны болыс қойдың» деген бір ауыз сөзі бүкіл ауыл ақсақалдарының намыстарына тиеді.

Бекбаудың тегі Ертіс бойындағы шоқбатар керей екен. Тегін жасырып, саржомартпын деп жүріпті. Міне, осындай жағдайдың салдарынан Бекбау орынынан алынып, Мұсаның әкесі Түгелбай болыс сайланып кетеді.

Түгелбайдың әбден қартайған кезі болса керек, үш жылға жетпей мен қартайдым деп орнын баласы Мұсаға беріпті. Бұл кезде өтеміс елінің Мұса бастаған мықтылары Тарғын болысынан бөлініп, жеке Тайынты болысын құруды армандайды. Бірақ Мұсаға немере ағайын болып келетін Наурызбай

деген аталас ағалары жолына көлденең тұрып, болыстық билікке таласады. Нақ осы бір саяси науқан кезінде ата қуалап көп жылдар би болып, билік жүргізген аталас ағайын Наурызбай Мұсамен болыстық билікке таласып, бірімен-бірі сөзге керісіп қалып, бірінің үйіне бірі кірмей бас араздық жағдайға келеді.

Мұсаның әкесі Түгелбайға 1500—1600 жылқы біткен шылқа бай адам болғандықтан, Мұса бұрынғы Тарғын болысының құрамында болған қалың өтеміс елін Тарғын болысынан бөліп алып, жеке болыс ретінде билеуге әрекет жасап, уезде губернияда отырған басшыларға пара беру мақсатында әкесінің малын судай шашып, сайлау алды жұмыстарын жүргізеді.



Польшада окоп қазған Шаяхмет, Мырзабай, Баймұқан ақсақалдар

Сайлау Тарғын болысында ұйымдастырылады да, болыстық кандидатурға үш адам тіркеледі. Тайынты елінен Мұса Түгелбаев пен Қорамсақтың баласы Наурызбай би, жиенбет (құйымшақ) елінен Боқыш қажы тізімге кіреді. Алайда сайлау қорытындысы бойынша, болыстық мансапты жеңіп алу үшін Мұсаға екі шар жетпей қалады.

Бірталай малын шашқан Мұса қайткенде де аталас ағайыны Наурызбай партиясын көндіріп, өз айтқанын орындату үшін, ең сенімді сөз жүйесін білетін биі Томатайдың Исасын шақырып алып, ақылдасып, бірнеше өтеміс ақсақалдарын шақырып, тай сойып, Наурызбайды қонаққа шақырады. Сөйтіп, жиылған би, старшын, ел ағаларының алдында басын иіп, одан кешірім сұрап, бөркін аяғына салады.

Ақыры Наурызбай Мұсаға кешірім жасап, өзінің сенімді адамдары Бәйменде мен Серубайға қарап:

— Сендер осында қалыңдар да, Мұса не айтса соны орындаңдар! — деп аттанып кетеді.

Міне содан бастап өтеміс елінің жартысын құраған құрсай, жанайлар Мұсаның партиясына кіреді. Сайлау нәтижесінде Мұсаның бағы жанып, Тарғын болысынан Тайынты болысы бөлініп шығып, оның болысы болып Түгелбайдың баласы Мұса сайланады.

Осылайша болыстық мансапқа таласу әрі қарай да ондаған жылдар бойы жалғасады. Келесі бір сайлауда құйымшақ Боқыш қажы болыстыққа таласып Тарғын болысына сайланса, 1915 жылдары ағайынды екі жігіт Мұса мен Рүстем мансапқа таласып, екі партия құрып, сол жылдың күзінде жылқыларын екіге бөліп, екі түрлі таңба басады. Ал, 1916 жылғы көтеріліс кезінде Мұса болыс інісі Рүстемді көтерілісшілер қатарында болды деп акті жасатып, жеті айға басқа сотталушылармен бірге түрмеге аттандырады.

БАЙМУҚАН АҚЫННЫҢ ТОЛҒАУЛАРЫ

Жазуға қағаз, сия, қалам дайын,
Тіліме жәрдем берші бір Құдайым.
Қазағы Тайынтының мен — Баймұқан,
Сарбөктер туып, өскен мекен-жайым.
Босмойын¹, Майлыс² пенен Бекмойынбыз³
Қыстау сап иеленген әрбір сайын.

Біз, міне, 22 келдік жасқа,
Ауызда айтар сөз жоқ онан басқа.
Көзде жас, көкірекке қайғы болды,
Сол «окоп» дін мұсылман қарындасқа.

Мұсылман сол жылдарда кетті бағаң,
Ноғайбай тәуір жігіт аузы шабан.
Ізденіп падишаға барады деп,
Тәукенің Смағұлын ертті оған.

Далада жылқышылар қылар тоған,
Дүниеде не көрмейді ғазиз адам.
Бұларға жолда ұстауға ақша бер деп,
Үй басы төрт-бес сомнан ақша жиған.

Ақшаны азды-көпті жиып алып,
Бір жарым сөтке жүріп Семей барған.
Бір ай бойы Семейде түс тасалап,
Ақшаға қолындағы киім алған.

^{1, 2, 3} Бекмойын, Босмойын, Майлыс ру аттарымен аталған үлкен ауылды жерлер. Бұл мұрасында Баймұқан ақын «окоп» жылдарын тілге тиек етеді. Өйткені өзі бір жарым жыл окоп жұмысына алынып, Польшадан еліне оралған.

Текке жеп сол ақшаны обал демей
Адамзат кетеді екен ұят-ардан.
Көрсек те мұндай істі өкініш жоқ,
Аумалы өтетұғын бұл бір жалған.

Жүрегін қайтті-ау қазақ кәпір жаудан,
Бақытың домалады биік таудан.
Кім кедей, кім жалғыз деп қарамады,
Мұса орысқа көңілі ауған.

Жас жігіт жете алмады арманына,
Алланың кім көнбейді салғанына.
Шаршайтын мұндай іске ештеме жоқ,
Пенденің таң қаламын талғамына.

Әуелде жазымышың болса осылай,
Қарамас сенің тағдыр қақпаныңа.
Бір дұға көп ішінде болад деуші ед,
Дұғаның шыны жерде қалғаны ма?
Ауызға сусын берсе, басқа жастық,
Алланың кім өкінер салғанына.
Қазаққа тамыз айы жаман батты,
Сол айда кісі алуға бұйрық жетті.

Қазан, одан кейін қыстың айы,
Әркімнің қандай болар қысқы жайы.
Қырық үштен бері қарай жияды деп,
Естиміз қысаңшылық, артқы жайды.

Қараша күнтізбенің екіншісі,
Адамның қалар ма екен өкініші.
Жаратқан өзің жәрдем ойламасаң,

Адамның тарылды ғой кең тынысы.

Қазаққа тамыз айы жаман батты,
Қылышын казак-орыс жарқылдатты.
Бір жақтан екі кісі келе жатса,
Жүгіріп, қатын-бала көзін сатты.
Тамыздан қыркүйегің жаман өтті,
Сол айда кісі алатын бұйрық жетті.

1916 ЖЫЛ

Жылында мың тоғыз жүз он алтыншы,
Жігіттер бұл сөзіме құлақ салшы.
Маусымның он алтыншы числосында,
Оралды мұсылманға темір қамшы.

Қорқытты мұсылманның сабаздарын,
Оқытқан жөніменен намаздарын.
Старшын, би, болыстар қол қойсын деп,
Жандарал шығарыпты қағаздарын.

Бұрқ етіп жалғыз күнде шықты приказ,
Керек деп сендерден де бізге жалшы.
Құрықтың ілінгені осы ғой деп,
Көзінен мұсылманның ақты тамшы.

Сол еді шыққанымыз жоқ қонысқа,
Айнала жайқалып тұр тоң жоңышқа.
Отыз бір он тоғызбен аламыз деп,
Шығыпты мағлұм қағаз әр болысқа.

Он тоғыз қағаз келді отыз бірге,
Бергені Тайынты мен әрбір жерге.
Уездер осы іске басшы болған,
Не айтасың іс өткен соң арам терге.

Ісін қой қатын-қалаш есіріктің,
Қолына бақан ұстап шыққан белге.
Жайлауға елге шықты елу солдат,
Қорқытып қазақ халқын жолға салмақ.

Әмірін ақ патшаның естіңдер деп,
Тілмәш тұр тілін безеп, жанын жалдап.
Ақылмен қалай жалынып айтсақ тағы,
Он тоғыз отыз бірді окопқа алмақ.

Окопқа біз риза емеспіз деп,
Жиналды қара құлақ тұрған сарнап.
Бос қалған әр өңірден қазақ халқы,
Білмеген не боларын істің арты.

Біреуді жығып салып, шайнамақ боп,
Бос қалып құдайға анық ішкен анты.
Ерегес сөз табылды қазақ жақтан,
Ұрандап қарауылға қарсы шапқан.

Оқ атып қалың топтың ортасында,
Сол жерде он бес кісі қаза тапқан.
Көп болды жастардан да тіл алмаған,
Келерін басқа пәле біле алмаған.

Қараңғы қара түнек заман туды,
Қасқайып бір-біріне күле алмаған.

Адамда қанша айтсақ та ештеме жоқ,
Рақым мен жәрдем тисе бір Алладан.

Іс өткен соң адамның бәрі білгіш,
Жайына аузын бағып жүре алмаған.
Айтысты сағынбайды алынды деп,
Сыртынан жас бала еді сыр алмаған.

Жалғызға мұндай қиын күн туды деп,
Орнынан Жетпіс байқұс тұра алмаған.
Оған себеп Мүкеннің баласы да,
Солдатқа қарсы шығып ұрандаған.

Өңкей момын оққа ұшып «Үйгентаста»,
Түтіні атқан мылтық тұмандаған.
Кетті ғой осылайша елдің жайы,
Сабылып ары-бері аттың майы.

Қанапия, Қайыржан бір советтес,
Және Құсман, Мәкейдің Оралбайы
Оққа ұшты 15 кісі, 40—50 ат,
Жазудан ғайри қылмыс жаратқан һах.

Елімнің енді қалған мырзаларын,
Қалғанын протоколдап қағазға сап.
Көздерін жаудыратты ұстап беріп,
Дедік те, қала бердік Құдайдан тарт.

Жандарал қағаз кетті прокурорға,
Естілді бұл ғаламат оң мен солға.
Бастығы Рүстем он сегіз өрім жас,
Түсті ғой қияпатта құрған торға.

Ішінде Қайыржан мен Құсман¹ бар,
Айтқан оққа Напу сарып оқыған екі молла.
Көз жасын ғарыптардың қабыл қылып,
Жауаптан оңғара көр қадірі Алла.

Зарыққан үмбетіне шапағат бер,
Мұхаммед пайғамбарым қиын жолда.
Қырық шілтен төрт шапағат мұңғатайық,
Жолға сал пақырларды өзің оңдап.

Ас ішпес сырлы аяқтан бағыландарым,
Қырандай торға түскен жатыр Домда²
Допрос сегізінде қарашаның,
Ерлерім сағынғанда түске кірдің.

Қабағы бәрінің де көтеріңкі,
Өңімдей күліп-ойнап бірге жүрмін.
Жандарал неше түрлі чиновник бар,
Тұрғанын саясатпен бәрін көрдім.

Көңілімде қауіп-қатер, қорқыныш жоқ,
Ағыттым бірін қоймай ішкі сырдың.
Қайырып, не мұқатып бір сөз айтпад,
Жанында бірқыдыру қарап тұрдым.

Қарасам бас көтеріп түсім екен,
Қуаныш бойға сыймай өлең қылдым.

¹ Қайыржан мен Құсман — 1916 жылы көтеріліске қарсы шыққан екі молда.

² Дом — 1950 жылға дейін Өскеменді қазақтар осылай атаған.

Аллаға жеті тиын бердім нияз³,
Түсімді қабыл қыл деп пақыр құлдың.

Өтеміс қайғы түскен баласына,
Шұбырып Тайынты Дом арасында.
Әр елдің ауызына ілініп ек,
Төгілдік, сыймай тасып шарасына.
Өлгені өліп, қалғаны айдалды деп,
Қалдық қой басқа жұрттың табасына.

«ОРАЙШАП» ОҚИҒАСЫ

1914—1916 жылдарда ел ішінде тартыс күшейіп, патша өкіметінің бұратана халықты тыл жұмыстарына алу жарлығы араласып, Қазақстан, Орта Азия көлемінде халық наразылығын өршіте түседі. Ол туралы Қазақ ССР тарихының (I том.1957 ж.) 601-бетінде былай делінген: «Армиядағы тыл жұмыстарына қазақтарды, қырғыздарды, өзбектерді, тәжіктерді, түрікмендерді, дүнгендерді, ұйғырларды мобилизациялау туралы» 1916 жылы 25 маусымда патшаның жарлығы шықты.

Осы жарлыққа сәйкес 18 жастан 40 жасқа дейінгі еркектер мобилизациялануға тиіс болды. Қазақстан бойынша 400 мың адам шамасында, Жетісу облысынан — 87 мың, Сырдария облысынан — 60 мың, Орал облысынан — 50 мың, Ақмола облысынан — 48 мың, Семей облысынан — 85 мың, Торғай облысынан — 60 мың адам жоспарланды. Бұл фактілерге қарағанда тыл жұмысына алынатын адамдар Жетісу, Семей облыстарының үлесіне көбірек тиген. Ал, Ұлан ауданынан 1000-ға тарта адам алынатын болған, оның 500-ге таяуы Варшава қаласының маңында тыл жұмыстарын атқарған. Ал, Тайынты болысынан алынған

³ Жеті тиын нияз — түс садақасы.

адамдардың 30-40-қа жуығы Бұқтырма бойындағы солдатқа алынған жанұялардың жалшысы ретінде үй жұмыстарын атқарған, соның бірі қазіргі Ақтау кентінің тұрғыны, марқұм Жөнелбай ақсақал.



Бұқтырмада офицерлер отбасында жұмыс істеген Жөнелбай ақсақал

Патша жарлығы 25 маусымда шыққанымен, қара халықты мобилизациялау жоспары әлдеқайда ерте жүргізіледі. Бұл туралы мәлімет ел құлағына екі ай бұрын естіледі. Байлар мен феодалдарды ерекше ұстау жөнінде жарлыққа мынадай ескертулер енгізілген: «Патша өкіметінің ресми рұқсаты бойынша байлар өздерінің балалары мен туыстарының орнына басқа адамды жалдай алады, не болмаса өздеріне қарыздар кедейлер мен батырақтарды тыл жұмыстарына жібере алады». (Каз.ССР тарихы, I том. 601- бет. 1957 ж.).

Осы көрсетілген фактілер Тайынты болысында орын алады. Бұқтырма, Көке, Манат, Тайынты жерінде отырған қазақ ауылдарындағы жастарды окоп қазуға алу жұмысы болыс Мұса Түгелбаевқа жүктеледі. Тізім жасау болыс, би, старшын, тілмаштардың басшылығымен астыртын жүргізіледі. Олар жасы 18-ге толмаған кедей шаруа балаларын тізімге көтере жазып, өздерінің немесе туыстарының балаларының орнына тіркейді. Бұл жағдай кедей шаруа тарапынан наразылық туғызды. Халық болыс, билерге сенбей, Мұса болыстың жасаған тізімін тексермек болып толқиды.

1916 жылғы мамыр айының басында ашынған халық біз орыс халқына бодан болғанда, патша ағзамға солдат бермейміз деп келіскенбіз. Бұл «окоп» деген пәлені Мұса болыс патшаға жағыну үшін өзі істеп отыр деген әңгіме шығады. Болысқа сенбеген ауыл ақсақалдары жиылып, әрбір үйден 4—5 сомнан ақша жиып, Ноғасбай, Смағұл деген адамдарды облыс орталығы — Семей қаласына барлық жағдайды анықтау үшін жібереді.

Кеткен адамдар кешігіп, жуырда келмей, мамыр, маусым айлары бойы Тайынты, Майлыс, Манат жерлерін қоныстанған халық не істерін білмей, әуре-сарсаңға түседі. Жиі-жиі топтасып, жиналыс ашып, 19—31 жас арасындағы азаматтарды окоп қазуға жібермеу амалын қарастырумен болады. Жастар жағынан болысқа қарсы әрекетті Сағынбай Жетпісұлы, Аманбай Кештібайұлы, Оралбай Тілемісұлы, Аманбек Дулатұлы ұйымдастырды. Бұлардың айнала-сына 200-ге тарта ауыл жастары топталады. Барлығы болыс, билер алдында: «Біз окопка бармаймыз, соғысты өз жерімізде көреміз!», — деп тыл жұмыстарынан бас тартады.

1916 жылдың мамыр, маусым айларында Тайынты болысына Жұбандық Болғанбаев келіп-кетіп жүреді. Оның Сағынбай, Тұрсағат, Қайыржан, Есепбай, Аманбай, т.б. бір топ адамды шөп дайындаймыз деп қарағай арасына ертіп апарып, митинг жасағанын Отыншы ақсақал көрдім деп айтады. Жазба құжат болмағанмен Тайынты болысындағы көтеріліске Болғанбаев әсер еткен сияқты. Болғанбаев Жұбандық 1912—1914 жылдары «Правда» газетінің тілшісі болған.

Отыншы ақсақалдың айтуы бойынша, 1916 жылы шоңай, мәмбет, қоңырша руларының жастары Мұса бастаған би, болыстарға қарсы

шығады. Мұны Сағынбай Жетпісұлы бастайды. «Біз Сағынбайдың айтқанын бұлжытпай орындап отырдық. Тіпті Сағынбаймен бірге жүрген топпен Мұса болыстың старшыны болған немере ағайынымыз Ізғұттының мөріне дейін тартып алғанымыз әлі есімде!» — дейді Отыншы.



«Орайшап» оқиғасының белді мүшесі Отыншы

1916 жылы мамыр, маусым айларында әрбір рудың жігіттері қайыңнан, мойылдан кесіп сойыл кептіріп, келген жаумен туған жерде соғысуға бел байлайды. Көтерілістің басынан аяғына дейін ішінде болған Отыншы Ерінбесовпен 1972 жылы кездесіп, көтерілістің қалай

басталып, қалай аяқталғанын, «Орайшап» деп неліктен аталғанын сұрағанымда, ол былай деді:

— Маусым айының қай күні екенін ұмыттым, Тайынты болысын мекендеген қалың ел Қарабалапан,Үйгентас жайлауына көшіп қондық. Халықтың көпшілігі Үйгентасқа ығы-жығы киіз үй тігіп, мал сойып, қоныс-майлар ретінде бірін-бірі қонақ етіп мәре-сәре болып жатты.

Түс ауа жұрт: «Жандаралдың көмекшісі Яковлев деген орыс келіп, окопқа кісі әкеткелі жатыр!» — деп шу ете түсті. Соның алдында ғана болыс, билерге кісі бермейміз деп жиылған жұрт тарап кеткен. Ал бұдан бірер күн бұрын бір топ жігіт аттанып барып, болыстың Шыбынды өзені бойындағы 6 бөлмелі кеңсесінің терезесін қиратып, ішінде тұрған шкафтың аузын бұзып, сақтаулы тұрған құжаттардың жыртықанын жыртып, жыртылмағанын далаға шашқанбыз.

Кеңсенің ішіне кірген жасақ басшылары Аманбай мен Дүйсенбай қашпақ болған болысты ұстап алып, терезеден сыртқа лақтырды. Дайын тұрған жігіттер болысты көкпарға тартқан лақтай қағып алып, Қарабалапан жақтағы қалың қарағай ішіне алып кетеді.

Кеңседегі тілмаш, старшындар жанын қорғалап, қалың топқа ешнәрсе істеуге шамалары келмейді. Үш-төрт күн өткен соң, Сағынбайдан хабар келді. «Өтетін жиналысқа қатыссын», — депті. Жиналған топқа келсем, біздің Сағынбай бастаған жігіттердің бірталайы осында отыр екен, аттарын жақын маңдағы қыратқа іркес-тіркес байлап тастапты.

Топқа келген соң маған Өте деген старшынды байқап, қадағалап отыру тапсырылды. Халық әбден жиналып болған соң үсті-басы сап-сары ала жандаралдың көмекшісі Яковлев деген қару-жарақ асынған адам қазақша сайрап қоя берді.

— Сендер немене, окоп жұмыстарына көмектесу үшін кісі бермейміз деп жатқандарың қалай?! Ұлы мәртебелі патшаның бұйрығын орындамайтын адам бұл домалақ жер бетінде жоқ, сендер адаспаңдар, патша ағзамның қолы ұзын, қашасы кең, қайда барсаңдар да торға түскен торғайдай боласыңдар! Одан да тез арада Мұса Түгелбаевты тауып әкеліп, жасалған тізім бойынша алынатын адамдарды тездетіп тыл жұмыстарына

аттандырыңдар. Бір сендер ғана емес, бұл барлық халыққа келген ақ патшаның әділ заңы. Барлық болыстардан алынып жатыр, тіпті сендерге көрші отырған Самар, Тарбағатай, Зайсан, Күршім болыстарынан да алынды! — деді ол кіжіне сөйлеп.

Сөзінің соңында Яковлев:

— Ал, қандай сұрауларың бар?, — дегенде Аманбай орнынан атып тұрып:

— Біз окопқа кісі бермейміз, солдатыңа және бармаймыз! Не көрсек те осы жерде көреміз! Істеріңді істей бер! Осында отырған баршамыздың сөзіміз осы, біреу-ақ! — деді.

Жандаралдың көмекшісі қалтасынан книжкасын суырып алып:

— Әй, аты-жөнің, фамилияң кім? Мен көрейін, қалай сен ақ патшаның бұйрығын орындамағаныңды! — деп дауыстады.

Аманбай осы кезде топтан шықты да, басындағы бөркін шешіп қолына алып, қалың қарағай жаққа бұлғап, орнына келіп отырды. Сол-ақ екен қарағай ішінде тосып тұрған салт атты, қолдарында сойылдары бар жап-жас жігіттер лап қойды.

Топ ортасынан біреулер:

— Орай, орай шабыңдар! — деп айқайлады.

Сол кезде жанымызда тігулі тұрған киіз үйден қолына винтовка ұстаған 15 солдат шыға келді. Оларға ату үшін бұйрық берілді. Жиналған топ жан-жаққа бытырай қашты. Әні-міні дегенше лезде 15 адам, 40—50 ат оққа ұшты. Бірақ шабуылдаушылар да қарап қалмай, сойылмен бірнеше солдатты сұлатып үлгерді. Сол шайқаста Кембай деген азамат ауыр жараланғанына қарамай, солдаттармен көп қарсыласып, ақыры қаза тапты.

Ертеңіне майор Щербаков бастаған екі взвод, төрт пулеметі бар әскер келіп:

— Мұсаны тауып әкеліп, қолымызға тапсырыңдар! Егер осыны істемесеңдер бәріңді атамыз! — деп қысым жасады.

Сосын қару-жарағы жоқ көтерісшілер амалсыздан қарағай ішінде қол-аяғы байлаулы жатқан болысты әкеліп Щербаковқа тапсырды.

Бұдан кейін болыс қайта күшейіп, туған інісі Рүстемді қоса, 18 адамды

ұстап берді. Қарулы отряд 18 адамды жаяу айдап, Бұқтырма бекетіне апарып, әрмен қарай параходпен Өскемендегі түрмеге жөнелтті.

Сағымбай, Дүйсенбай, Аманбай, Оралбай, Құсыман, Аманбек, тағы екі адам көтерілістің басшылары ретінде сотталды. Олар Өскемен түрмесінде жатып, кейін 1918 жылы қызылдардың көмегімен босап, туған еліне оралды.

Міне, қарулы солдаттарға қарсы шапқан жігіттердің осынау ерлік ісі кейін «орайшап» аталып, ел аузында мәңгіге сақталып қалған еді!, — деп Отыншы Ерінбесов әңгімесін аяқтаған болатын.

КӨТЕРІЛІСТІҢ КУӘГЕРЛЕРІ

Ал, жоғарғы Тайынты ауылының тұрғыны Көшербаев Тоқтар ақсақал өз әңгімесін былай өрбіткен еді:

— Менің жасым сегізден тоғызға кеткен бала күнім. Ауыл адамдары бір жас молда жігітті әкеп, балаларын соған мұсылманша оқытуға берген. Әкем мені солардың қатарына қосты. Бір жолы күндегі әдетіміз бойынша балалар сабаққа жиналып едік, бірақ молдамыз келмеген соң, бәріміз тарқап кеттік. Дәл сол күннің ертеңінде патшадан жарлық шықты. Қазақ жігіттерін солдатқа алатын болыпты деп, ел дүрлігіп жатты. Алайда олардың кейбірі бұл жай сөз десе, басқа біреулері бұл шын сөз деп даурықты. Ақырында бәрі төбесі ашық бір қораға жиналды да, кешке дейін шуылдасты.

Әлгі бізді оқытқан молдамыз сол кеткеннен мол кетіп, қайта оралмады. Сол уақытта қай ауылға барсаң да шулап-шұрқырап жүрген көпшілікті көресің. Бір жерде 30—40, екінші бір жерде одан да көп жиналған жұрттың айтатындары: «Онда барып өлгенше, не де болса осы жерде күш жинап, патшаға қарсы соғысамыз!» Сол жиналғандардың біреулері: «Болыс арқылы 19 бен 31 жастың арасындағылар тізімделеді екен!» — десе, өзге біреулері: «Әй, сонда болысекең өз баласын бере ме, мына біз сияқтыларды айдайды да!» — деседі. Енді біреулері: «Осы болыстың жасаған тізімін анықтап көру керек!» — дейді. Енді бір уақытта

бір топ жігіт: «Болыстың кеңсесін өртейміз!» — деп шуласады. Содан бірер күн өткесін: «Ойбай, бір топ жігіт болыстан тізімді тартып алып, өртеп жіберіпті!» — деген хабар тарайды. Соның артынша әлгілердің ішінде Дүйсенбай, Серікбайдың Санаты бар екен деген сөз де естіледі.

Бір күні бір топ солдат жайлауға сау ете түсті. Біз бір топ бала жарқабақтың астында суға түсіп жатқанбыз. Екі кісі, біреуі менің Құрман деген ағам да, екіншісі Қайыржан деген молда, алқын-жұлқын қасымыздан шауып өтті. Біз де сасқалақтап, судан атып-атып шығып, киімімізді жүре киіп, ауылға қарай тарттық. Біз ойладық, ауылдан сүйінші сұрап келе жатқан адамдар екен деп. Өйткені бұдан бірер ай бұрын губернаторға Ноғасбай, Смағұл деген адамдарды мәселенің анық-қанығын біліп келуге аттандырған болатын. Халық жиналған жерге келсек, шулап жатқан, жылап жатқан жұрт. Біздің ауылдан екі адам өлген. Шауып келген адамдар соны естіртуге келіпті. Ертеңінде өлген адамдарды жерледі. Содан соң тағы да солдаттар келе жатыр, тағы да қырғалы жатыр екен деп, біздің ауыл байлап отырған биелерін ағытып, екі-екіден атқа мінгесе, күн батыс жақтағы Тарғын еліне қарай босқанын білемін. Біраздан соң артымыздан, солдат жоқ, ауылға қайтыңдар деп, хабаршы келді. Бірақ шошынған ел қайта оралмады. Кешке қарай Тарғынға жетіп паналап, тек ертеңіне ғана кері қайтты. Сонда біздің 15 үйден құралған бір ауылда жұрт үдере көшкенде екі кемпір, бір шал ғана қалған екен. Қариялар желіде байлаулы қалған құлындар мен көгенде жатқан қозыларды босатып жіберіпті. Даланың бәрі маңыраған қой, қозы мен лақ. Таудың бет-бетінде иесіз қалған мал бір-біріне қосылып, быт-шыт болыпты. Содан жұрт жиылып, бір жұма бойы малдарын түгендеп, әрең дегенде бөліп алды. Айыркезең, Үйгентас, Ақтасты, Қарабалапан, Сылдырама дейтін жерлерді мекендеген өтеміс елі осындай аласапыран жағдайды басынан өткерген еді.

Осынау қиын кезеңді өз көзімен көрген және бір азамат Тайынтыт болысында туып-өскен Әділбаев Темірхан әңгімені былай жалғастырған болатын:

— Мен сол кездері 15—16 жаста едім. Бір күні таңертең әкем мені күн шықпай оятып, Қарабалапаннан Ақирек деген жерге жайылып кеткен жылқыларды айдап әкелу үшін атқа мінгізіп жіберді. Бұл кезде ауылға келген солдаттарға үй тігіп, қонақасы беріліп жатқан. Ішінде сапсары киінген Щербаков деген бастығы бар болатын. Естуімше, сол кісі жергілікті халықты жинап, жиналыс өткізбекші екен.

Мен жылқыларды іздей-іздей сай-саланы шарлап, түс ауа әрең дегенде тауып, Қарабалапан жайлауында отырған ауылға тарттым. Шамамен сағат мөлшері 3—4 болып қалған. Бір кезде әудем жерден үш қарайғанды көзім шалды. Алайда бұған көңіл аударған мен жоқ, жылқыларды айдап, таудың бөктеріне келсем, әлгі қарайғандар адамдар екен. Олар маған қарай шауып келеді. Жақындағанда байқасам, әлгілер мұздай қаруланған үш солдат екен. Өне бойым дірілдеп, қатты қорқып кеттім.

Менен бір нәрсе сұрап еді, орысша түсінбегендіктен еш нәрсе айта алмадым. Олар сол жерде сөйлесіп тұрып қалды да, мен жылқыларды айдап, тағы бір белден астым.

Бір кезде 2-3 арбамен мұздай қаруланған Щербаков бастаған отрядты көрдім. Қол-аяғы байланған үш адамды алдарына салып, жаяу айдап келеді екен. Олар мені ұстап алып, қайтадан кері айдады. Содан мана үш солдат кезіккен жерге жеткенде жүргіншілер тоқтап, өзара ақылдасты. Олардың ішінде атымды жетелеп Байжұма келе жатқан еді. Ол қасыма келіп, әлгілер мені босатты деп, жолға салып жіберді.

Щербаковтан босап, бытыраған жылқыларымды жинап, енді бір белестен асып, екіншісіне көтеріле бергенімде, манағы үш солдатқа тағы тап бола кеттім. Солдаттардың бірі қынабынан қылышын суырып алып, маған қарай ұмтылғанда, аттан қарғып түсіп, бауырына кіріп кеттім. Аттың арғы жағына бір, бергі жағына бір шығып, қылышты денеме дарытпауға тырыстым. Сөйтіп жанталасып жүргенде, ақырында басыма қылыш тиіп, қан-жоса болып, ес-түссіз құлағанымды білемін... Бір солдаттың белімдегі белбеуден ұстап сүйрегенін еміс-еміс білемін... Сөйтсем, жол шетіндегі бұтаның арасына сүйреп апарып, лақтырып тастапты.

Қанша уақыт жатқанымды білмеймін. Көзімді ашайын десем, бетіме

қатқан қаннан аша алмаймын. Даланың шыбындары талап, гу-гу етеді. Шамамның келгенінше шапанымды басыма қарай тартамын. Қанша жатқанымды кім білсін, бір уақытта мен сияқты жылқы іздеп кеткен інісін іздеп шыққан (атын ұмыттым) адам ес-түссіз жатқан мені танып, атының алдына өңгеріп, ауылға әкеліпті.

Мен үйде ұзақ жатып, әрең дегенде есімді жидым. Содан далаға шығарып, басыма арнайы күрке тігіп, әке-шешем екі ай бойы әртүрлі қазақ емін жасады. Үшінші айдың ортасына таман аяғымды басуға жарадым.

Міне, бұл Тайынты болысындағы көтерілістің бір ұшқыны ғана болатын. Енді кейінгі өміріме тоқталайын.

1936—1937 жылдары Манатта бригадир болып істедім. 1938 жылдан 1942 жылға дейін ферма меңгерушісі болдым. 1942 жылы маусым айында армияға алындым. Өскеменде біраз ұстап, Аягөзде екі ай дайындап, әскери тәртіпті үйретті. Содан соң Ленинградтағы майданнан бір-ақ шықтым. Украинадағы екінші майданға қатысып, аяғымнан жараландым да госпитальға түсіп. Москвада емделіп, ауруханадан шыққан бетте жараланғандар отрядына жіберілдім. Сөйтіп, сол бөлімде екі ай болдым. Кейін өз бөліміме қайта оралдым.

Харьковтағы қатты ұрыс кезінде балтырымнан оқ тиіп, орман ішіндегі бір госпитальда емделдім. Бұл госпитальда екі ай жаттым. Сонымен соғыста үш рет жараланып, екі айдан алты ай уақытым емделумен өтті.

Көп кешікпей Харьковтан немістерді қуып шығып, Киевті басып өтіп, Румынияның территориясына келдік. Румынияны босатқан соң, Финляндия жерін босатуға кірістік. Финляндияда тіземнен жараланып, екі ай емделіп шығып, қайтадан өз полкімнің құрамына қосылдым. Австрияның жерінде жүргенде, 9 мамыр күні соғыс бітті деп жарияланды. Содан елге 1945 жылы қазан айында оралдым.

1946 жылдан бастап Манат колхозында ферма меңгерушісі болдым. Үш колхоз — Обухово, Свобода, Манат біріккен соң, ферма меңгерушісінен босап, қатардағы жылқышы болдым. 1957 жылы зейнеткерлікке шығып, Октябрьск поселкесінде тұрып жатырмын. Балаларымның бәрі үйлі-баранды болды. Баламның алды 47-де, кенже балам Тоқтархан 1940 жылғы.

Енді әскерде жүріп жазған бір-екі ауыз өлеңімді айтып берейін:

Қолыма бисмилләһи деп алдым қалам,
Жазайын біраз өлең келсе шамам.
Пендесі дәм айдаса, қайда бармас,
Ісіне құдіреттің жоқ дүр шараң.

Қарындаш, қағаз, сия қолыма алдым,
Ой айтып, мен жүректі ойға салдым.
Тірлікте адам пенде не көрмеді,
Жазуға көп бейнетті ойыма алдым.

Жазайын біраз өлең, алып қалам,
Құтылар кім ажалдан келіп қалған.
Дүние-ай осыменен кетер ме екен,
Бұл жақтың топырағы басып қалып.

Бір Алла жаратып ең адам қылып,
Қазақпыз артта қалған надан болып.
Сорыма мына герман душар болып,
Қаңғырып жапан түзде жүрмін кезіп.

Көңіліме ашу түсіп, алдым қалам,
Қайғымен неше түрлі ойға қалам.
Сөйткенмен қолдан келер дәнеңе жоқ,
Қағаз бен қарындаштан кегімді алам.

* * *

Тағы да жазайын деп алдым қалам,
Бір Алла мен ғаріпке болсын панам.
Сағынып балаларды мұнда жүрмін,
Дәм тартып ел жұртыма қашан барам.

Азырақ сағынғаннан өлең жаздым,
Бұл күнде есі шыққан талай адам.
Барады заман өтіп күннен-күнге,
Білмеймін ақырында не боларын.

Әуелі сиынамын бір Құдайға,
Құдірет жарық берген күн мен айға.
Үміткер күннен-күнге адам пенде,
Басылмай келеді соғыс бірталайға.

Сәлем де артта қалған кемпір-шалға,
Бала мен ие болар қалған малға.
Болғанда түстік өмір, кештік ғұмыр,
Жан сақтау керек болар оларға да.

Бір шал мен қалып еді жалғыз кемпір,
Бар сендей талай адам жылап отыр.
Бір Алла көз жасыңды қабыл алып,
Ниетін тілеуімен дұрыс келтір.

Сағындым қайран елім, қайран жұртым,
Көрмеген талай жерді көріп келем.
Ажалға сабыр берсін, бір Құдайым,
Аман-сау балаларды көрер ме екем.

Сәлем де Зәйнәп саған алған жарым,
Бұл күнде көкірек қайғы, көңілім жарым.
Бұл жолдан аман-есен қайтқанымша,
Бірігіп жан сақтаңдар қалғандарың.

Енді Әлменбет ақсақалға кезек берейік:

— Менің әкем Құлыпбай Мұса болыспен көрші болады да, оған

әбден жағып, тілін тапқандықтан, елубасы қызметіне тағайындалады. Кейініректе әкемнің бір ұлы Аманжар Әлмәдидің қарындасына үйленіп, оқу оқып, сауатты адам болғандықтан, Мұсаның саудасын жүргізумен айналысады.

Оның қаладан (Өскемен) атпен алдыратыны: екі тонна тұз, бір меске шай, бір «тупак», кейде бір «дюжин» дейді, бір буда (он дана) иленген былғары, тағы басқа ұсақ-түйектер. Бұларды осындағы елге таратып, біреулерге шөп шаптырса, енді біреулерге егін салдырады.

Жоғарыда аталған қымбат деген заттарын бұзауға айырбастап, 3-ке, 4-ке келгенше малшыларға бақтырады да, жазға салым қалаға апарып сатады. Шөп шабатын уақытта Өскеменнен жалдап әкелген екі ноғайды шөп машинаға отырғызады.

Мен 1915 жылы Тайынтыда ыңғайлы жұмыс жоқ болғандықтан сандалып жүрдім де, Самардағы бір туысқандарымызға тартып кеттім. Онда біраз уақыт жұмыссыз сандалып жүрдім. Самар прискасында көп адамдар алтын жуатын екі жерде жұмыс істейді екен. Ақыры сол прискада барып кел, алып кел дейтін жеңіл жұмыстар істей бастадым.

Сонда жүріп бір күні Щербаков деген милиционермен танысып қалдым. Оның жанында тағы екі милиционері бар екен. Олардың қолында бірнеше күш көліктері мен сегіз бришка, т.б. ат-арбалары болды. Негізінен олар қосымша приска жұмыстарын істеп қалаға металл апарса, ол жақтан жұмысшыларға азық-түлік тасумен айналысатын.

Бір-екі айдан кейін Щербаковтың ұйғаруымен ат күтуші болып жұмысқа орналастым. Өздерінің сөздеріне қарағанда Александровка, Березовка, Кондратьевка, Гуссиний, Кокқой елді мекендері мен Большенарым, Бұқтарма кеңселерін байланыстырып, күнделікті хабар-ошар жеткізетін, пошта жұмыстарына жегілетін кезекші аттар болады екен.

Пошта тарату үшін мемлекет ат-шананы байлардан жалдап, 100 шақырым жүрсе 25 сом ақша төлейтін. Күш көліктерін күтуді,

жем-шөбін әзірлеуді байлар өз міндетіне алған. Пошта тарататын адамдарды ол кезде «проводник», «почтальон» деп атайды. Олар өте жақсы былғарыдан жасалған қапшықты пайдаланды. Бұл қаптардың аузы шынжырланып, мөр басылатынын көзім көрді.

Сонымен Щербаковтың құзырындағы жүк көліктерінің күтушісі ретінде айлық еңбекақымды өз уақытында алып тұрып жаттым. Сол кездері Шұбарқайың (қазіргі Понтолеймоновка), т.б. жерлерді мекендеген өтемістер жер ыңғайына қарай Самар ауданының құзырына қарап қалған болатын.

Ол уақытта ел тонап, ұрлық-зорлықпен айналысатындар Өскемен крепосына отырғызылатын. Бұл крепоста әртүрлі қылмыс жасаған бір топ адам жазасын өтеп жатқан еді. Олардың ішінде біздің Күршім ауданының өтейлері де бар болатын. Крепоста отырғандар бір күні Жароков деген қылмыскердің ұйымдастыруымен крепостың осал жерін тесіп, бір топ адам қашып шығады. Біраз адамдар Күршім бойындағы кейбір ұрылар мен байланысы болған Алтынсары болыстың айналасын паналайды.

Бұлардың ізін шалған қуғыншылар Самардағы Щербаковты, тағы басқа бір-екі офицерлерді қосып алып, Күршімге жетіп, түн бетінде Алтынсарының үйін қоршауға алады. Есік алдында байлауда тұрған ит шәбеленіп үре берген соң, Алтынсарының бір ағасы жүгіріп шыққанда ажал оғына ұшырайды. Оның артынан мылтық атып жүргендерді білейін деп сыртқа шыққан Алтынсарының әкесі де оққа ұшады. Бұл жағдайларды байқап қалған Алтынсары үюлі тұрған маяның ішіне кіріп аман қалады.

Қарулы отрядқа қарсы тұруға шамасы жоқ Жароков бастаған екі-үш адам сол жерде ұсталады. Үюлі тұрған маяға тығылған Алтынсары да ұсталып, үш жыл крепоста отырып шығады. Міне, осы жұмысты ойдағыдай атқарғаны үшін Щербаков бағалы сыйлықпен марапатталып, капитан шеніне жоғарылатылды. Ал 1916 жылдың ортасында Щербаковты майор шеніне дейін көтеріп, Бұқтырма станциясының атаманы, яғни басшысы қояды. Ал Самар станциясының

бастығы болып майор Решетников, Зырянға майор Арапов деген тағайындалады.

Менің естуімше, 1916 жылы қазақ жастарын қара жұмысқа (окоп) алу жөніндегі нұсқауға байланысты болыс, билерді үгіттеп, көндіру үшін Тайынтыда Щербаков та болып, оның аяғы «Орайшап» оқиғасымен аяқталыпты.

Сол жылдары аздап қазақ тілін үйренген Щербаков өзінің қызмет бабын пайдаланып, жергілікті қазақтарға жақын жүріп, өтірік дос-жаран болып, кейбіреулерін старшын, елубасы, би қоямын деп алдап, пара алудың жолына түсті. Мысалы, сені елубасы қоямын деп, Шұжықпайдың тор атын алып алды. Көкеде отыратын кәдірқұл руының адамы Нұқыштың бір баласын болыс қоямын деп әдемі көк жорға атын алып, кейін бермей қойды. Сол сияқты сол ауылда тұратын орысша сауатты Шоқанның Ысқағымен дос болып, оны бірнеше рет алдап, пайдасын көрген. Кейін қызылдар шыққанда Ысқақ соларды жақтап кетеді. Бұл кезде ақтардың күші сарқылып, әбден әлсіреген болатын. 1919 жылы бір күні жаны әбден қысылған Щербаков Қытайға асайын деп едім, үйіңе қондыр деп Ысқақтың үйіне келеді. Сол сәтті пайдаланған Ысқақ қызылдарға шұғыл хабар беріп, Щербаков тұтқындалады.

АТУ ЖАЗАСЫН АЛҒАН АҚЫН

Мамандығым тарихшы болғандықтан ел өміріндегі өткен-кеткен тарихи оқиғаларға енжар қарамайтын әдетім бар. Президентіміз биылғы жылды Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялаған соң көптен бері жинап жүрген жазбаларымның арасынан Қайыржан Маймақовқа қатысты деректерді қолыма алған едім.

Бұл кісінің аты-жөні бүгінге дейін мерзімдік баспасөз беттерінде көрінген емес. Мен ол кісі туралы там-тұм деректерді ертеректе, оны көзі көрген Өтеміс елінің көнекөз қарттарынан жазып алған едім.

Сонымен Қайыржан Маймақов кім? Ол — Ұлан ауданының бұрынғы

Тайынты болысының тумасы. Өтемістің Жанқара атасынан тарайды. 1882 жылы орта дәулеті бар шаруаның отбасында дүниеге келген. Өзінен үлкен үш ағасы оны шаруа соңына салмай, кішкене күнінен молдадан дәріс алдырған. Алдымен ауыл молдасынан хат таныған ол кейін атақты Нұролла хазіретінен дәріс алады.

Қайыржан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқан азаматтардың бірі. Ел аузында «Орайшап» деген атпен тарихта қалған Тайынты болысындағы көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. Көтеріліс аяусыз басып-жаншылған соң түрмеге жабылған сегіз адамның бірі осы Қайыржан Маймақов болатын. Өскемен түрмесінде сегіз ай азап шегіп жатқан оны ақпан революциясы құтқарды.

Аман-сау елге оралған ол бала оқытумен шұғылданады. «Қайыржан діни сауатты еді, орысша да көзі ашық болатын. Кеңес өкіметі орнағанда біраз жыл волисполкомның хатшысы болды. Ал төрағасы бертінде қайтыс болған Сәйіндіқұмар Смағұлов-тын. Бала күнімде Қайрекеңнен дәріс алған едім». — деп кезінде маған Жеттікбаев Әлімхан ақсақал маған сыр шеріткен болатын. Әлекеңнің айтысына қарағанда Қайыржан күллі Өтеміс елінің имамы болған көрінеді.

1928 жылдары байларды тәркілеу, жер аудару кезінде Қайыржанға енді Кеңес өкіметінің құрығы түседі. Ол 1929—1932 жылдарды тағы да Өскемен түрмесінде өткізеді. 1932 жылдың аяғында түрмеден босап шығып, ашаршылықтан қашып, отбасымен Самардағы жәркелер арасына көшіп барады. 1934 жылы туған жеріне қайта оралып, колхозға кіріп, күзетші болып істейді.

Алайда, Кеңес өкіметі колхоздың қарапайым күзетшісіне де тыныштық бермейді. Қайыржан үшінші рет түрмеге тоғытылды. 1936 жылдың 17 желтоқсанында ол халық жауы ретінде ұсталды. Әу баста Бұқтырма, содан кейін Өскемен түрмесінде жатып, ақыры Семейге әкелінеді. Асыл азаматқа Семей түрмесінен бостандыққа шығу жазбаған екен. 1937 жылдың 15 сәуірінде үштіктің шешімімен халық жауы ретінде атылған.

Қайыржан ұрпақсыз емес. Үлкен ұлы Базан осыдан екі-үш жыл бұрын дүние салды. 1936 жылы дүниеге келген кіші ұлы Қабылқайыр (Қапаш)

Бозанбай ауылында тұрады. Ұзақ жыл ұстаздық етті, Ұлан аудандық оқу бөлімін басқарды, қазір аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде қоғамдық өмірге белсене араласуда.

Қайыржан Маймақов Шығыс Қазақстан облыстық соты президиумының 1957 жылғы 31 шілдедегі шешімімен толық ақталды.

Көнекөз қариялардың айтуларына қарағанда Қайыржан ғұлама молда ғана емес, ақындықты да, әншілікті де бойына дарытқан өнерлі азамат болыпты. Қолөнерден де құралақан емес екен, ел ішінде етікші деген атағы шыққан көрінеді. Өтеміс елі ішінде Қайыржан айтты деген өлең, күлдіргі сөз бірен-саран болса да сақталып қалған. Солардың бірі «Қара қасқыр хикаясы» деп аталады, немесе оны ел қасқыр мен молданың айтысы деп те білген.

Мұса болыс Тұрғынбай ақынды итжеккенге айдатқан ғой. Екі жыл Сібірде айдауда болып, туған жеріне оралған ақынды Қайыржан бастаған ел азаматтары қуанышпен қарсы алады. Тұрғынбайды өнердегі ұстазы санаған Қайыржан сол қуаныштың үстінде осы хикаяны суырып салып айтқан екен. Айтыста аты аталатын Сары Иван қазақшаға судай Қайыржанның ішкі жақтағы тамыр орысы екен, әлгі жиынның топ ортасында сол отырса керек.

Бұл ұзақ айтылатын хикая. Мен Қайыржанның ақындық шалымын көрсету үшін сол «Қара қасқыр хикаясынан» үзінді ғана келтіруді жөн көрдім. Ол бұл жерде молда болып өзін көрсетіп отыр.

Өлеңге іштен шыққан мен бір ақын,
Жемейді жақсы кісі жетім хақын.
Төсекте жатыр едім ұйқылы-ояу,
Оятты бір қасқыр кеп таңға жақын.

Аянып не бар дедім ұйқымды ашып,
Малды жеп қара қасқыр алған машық.
Жұмысың іздеп келген қандай ед деп,
Отырдым қасқырменен жауаптасып,—

дегенде қасқырға тіл бітіп менімен айтыса кетті:

Қасқыр:

Мінгені егіншінің бір-бір керік,
Құдайым тұсаулы атқа қылған жерік.
Таңертең кім де болса қайғырар деп,
Келіп ем кетейін деп хабар беріп.

Молда:

Таң атса мал аңдисың бір-бір басып,
Кетеді қарның ашса көңілің тасып.
Жүрмісің әкең өліп хабарына,
Жүзқара неғып жүрсің асып-сасып.

Қасқыр:

Молдаке-ау, мен де өлеңді сайлап келдім,
Қолға алып отыз пышақ қайрап келдім.
Әкемнің бағыштатып аруағына,
Жоғарыдан бір шідерлі ат жайлап келдім.

Молда:

Әй, қасқыр, бері таман келемісің,
Алладан ажал жетсе өлемісің?
Тас қатқыр тамағыңа, қара қасқыр,
Жеген аттың өң-түсін білемісің

Қасқыр:

Кетейін деп келіп ем барып қана,
Өлтірдім алқымынан алып қана.
Аяғында қара қылдан шідері бар,
Жегенім қара дөнен арық қана.

Молда:

Келіпсің Таловкадан, қара қасқыр,
Тоқиды шебер қатын үйге басқұр.
Ұқсап тұр погонайы біздің атқа,
Тайымды неге жедің, қара қасқыр?

Қасқыр:

Адамның Алла білер сиынғанын,
Ләпсінің жек көремін тиылғанын.
Қазақтан сенде аларсың қайыр-зекет,
Құдайдың жемеймін бе бұйыртқанын.

Молда:

Қасқырдан қайыр сұрап барғаным жоқ,
Жүзқара бұл сөзімнің жалғаны жоқ.
Қазақтың өзі берген садақасын
Мен оның қалтасынан алғаным жоқ.

Ант ұрған, ұлықсатсыз атым жедің,
Нәрсенің қолдан алған арманы жоқ.
Тасқақыр тамағыңа ішің кепсін,
Пәтуа сөздеріңде дұрыстық жоқ.

Қасқыр:

Молдеке-ау, отырмапсың қағаз жазбай,
Мен кездім Ертіс бойын ала жаздай.
Қазақтан жеген малым жалғыз осы,
Орысты қан қақсаттым ала жаздай.

Молда:

Айтқан сөзім миыңа қонбады ма?
Қаладан іші-қарның толмады ма?
Ертістен тура қашып неге келдің?
Қыстасаң тағы сонда болмады ма?

Қасқыр:

Орыстың бәрі мені біліп қойды,
Қорыққаннан көп ойладым әрбір ойды.
Мылтық ап Сары Иван мен жиырма орыс
Атуға бәрі мені көңіл қойды.

Ертістен өте қаштым бері таман,
Орыстың бәрі мерген түрі жаман.
Сасқанымнан Ертістен өте қашып,
Сақтады бір құдайым жанымды аман.

Бет алып өрлей қаштым Қарақолға,
Атыңды шідерлепсің орта жолға.
Ашығып келе жатып атың жедім,
Айыпқа бұйырмаңыз, тақсыр молда.

Молда:

Тасқапқыр сенің өзің келдің қайдан?
Ит-құстан аман едік бірталайдан.
Мерт қылып мен де сені құртқызармын,
Нем кетер сен жегенмен жалғыз тайдан.

Келе сала дөненімді жарып салып,
Тұнжырап албастыдай келдің қайдан?
Таловка жаздай жүрдің мұжығында,
Молланың айтар сөзі қызығында.

Қасқыр:

Аржақтың дәмін татып келейін бе?
Пәтуа бұл сөзіңе берейін бе?
Сұрап барсам бермейсің көкжақтанып
Атыңды жемей ашығып, өлейін бе?

Молда:

У салған мергеншінің қақпан құрып,
Бірінен Құдай қосса жетер жазаң.
Қақпанға сылдырлатып түсіп тұрып,
Жалынып сонда менен тартсаң жазаң.

Қасқыр:

Қазақта қалды ма екен ой жеңбейтін,
Аңшы жоқ ауылыңда мен білмейтін.
Қасқыр түгіл суырды ата алмайды,
Көргем жоқ қыран мерген мен білмейтін.

Молда:

Адамзат не болады сызықпенен,
Дүниені өткізбейік қызықпенен.
Қалбада қоян, шылдан түк қоймаған,
Бар еді бір мергенім Сыдық деген.

Қасқыр:

Молдеке-ау, қорықпаймын ақырғанмен,
Әйелден қасқыр қашпас бақырғанмен.
Көрімбала қапасынан бір шықпайды,
Сыдығың биыл келмес шақырғанмен.

Молда:

Азамат не болса Құдай деген,
Молланың малын сен де талай жедің.
Нәзірден сатып алған мылтығы бар,
Тіпті сені қоймайды Жұбай деген.

Қасқыр:

Саудагер пұлды алып сатушы еді,
Байлыққа белшесінен батушы еді.
Жұбайдың мен білмейтін сыры бар ма?
Сескеніп нысананы атушы еді.

Молда:

Қазаққа қылдың қасқыр өкімдікті,
Тірі болсам алармын сенен кекті.
Қасқыр түгіл сілеусін атып алған,
Бөктерден алдырамын Көкілдікті.

Қасқыр:

Қысылғанда бұтаға ұмтыламын,
Қақпан менен мергенге тұтыламын.
Атпай тұрып айғайлап жіберуші ед,
Өзім-ақ Көкілдіктен құтыламын.

Молда:

Қазақтың қасқыр білмес мұндай ісін,
Адамзат қайтып бұзар Құдай ісін.
Жайлауда қасқыр, борсық түк қоймаған,
Алдыртам Тілеукенің Райысын!

Қасқыр:

Япырай, әлдекімге жолықтым ғой,
Қаладан мал жей алмай торықтым ғой.
Көп еді ақсақ қасқыр зар жылаған,
Көрмей-ақ атын естіп қорықтым ғой.

Молда:

Қорықсаң атын естіп өзін көрмей,
Аржақта жүрсең еді мұнда келмей.
Бар болсаң бұл Қалбадан сені қоймас,
Өз жаның олжа емес пе кетсең өлмей.

Қасқыр:

Аржаққа мен кетейін құйрық қысып,
Кетеді мал жемесем тісім қышып.
Келе сала жолықтым бір пәлеге,
Бұл жаққа келдім бе, ойбай, сорым түсіп.

Молда:

Тауға шықсам атымды шідерлеймін,
Қадырын кімнің қасқыр білер деймін.
Тамам мерген бәріне сәлем айтып,
Ешқайда тіпті сені жібермеймін.

Қасқыр:

Қазақтан сен де аласың бір-бір теңге,
Ескек қайық жүрмейді қатқан сеңге.
Тамам қасқыр бәріне сәлем айтып,
Тимесем өз малыңа нең бар менде.

Молда:

Көңілің көпір сенің болған бұзық,
Елдің бәрі жайлауда қазар құдық.
Көкек шейт болғанда мас болушы ең,
Малды көрсең кетесің көзің тұнып.

Қасқыр:

Малды көрсем көзімді тұндырмайын,
Атажан мен Нағымбайды оңдырмайын.
Сиыр, жылқы даладан бірін қоймай,
Қорасынан жылжытып алдырайын.

Молда:

Көкек тұрғай жолама туса мамыр,
Малын аңдып қылмайды жолдас зәбір.
Райысқа жайыңды тартқызармын,
Атажан мен Нағымбайға қылма зәбір.

Қасқыр:

Қайтадан мен кетейін Алтай жаққа,
Жан сақтау қиын болды осы жақта.
Сыдық пен Көкілдекті пысқырмас ем,
Құдай-ау, Райыстан тіпті сақта.

Молда:

Қалбада сүйегіңді қалдырайын,
Тамам мерген шақырыпты алдырайын.
Неғылсамда алдыртам Райысты,
Сен тыныштық бермейсің жыл-жыл сайын.

Қасқыр:

Алдыңда мен өзімше шарт қылайын,
Қасқырлардың бәріне сәлем айтып.
Өз малыңа жоламасқа ант қылайын,
Рұхсат берсең, Молдеке, мен кетейін.

Айтжан мен Нағымбайды меңдетейін,
Сиыр, жылқы даладан бірін қоймай,
Төсек орын атына теңдетейін,
Бар ма еді ауылыңда Айтжан деген.

Жұмысты көңілдегі айтсам ба екен.
Көекте сіздің жаққа қайта соғып,
Талқан қып, күрең атын қайтсам ба екен.

Молда:

Айтжанның келіп жеме күрең атын,
Әй, қасқыр, білмейсің ғой сөздің затын.
Егер сен жеп кеткенде күрең атын
Жүрмей ме ел көшкенде жаяу қатын.

Қасқыр:

Молдеке-ау, сөзіңіздің кестесі бар,
Болса да қазақ қала көшпесі бар.
Қатынының төркінінен алып келген,
Мінетін екі бірдей мөшкесі бар.

Молда:

Әй, қасқыр, отыз тісің тисін тасқа,
Қалбада қасқыр жоқ па, сенен басқа?
Қолқа сала бересің Айтжаныңа,
Тамырың тағы бар ма мұнан басқа?

Қасқыр:

Өлеңім барған сайын ағындайды,
Қасқырға біздің қазақ бағынбайды.
Айтжанның күрең атын жегеннен соң,
Қайтеді зар жылатсам Нағымбайды.

Молда:

Ант ұрған сөзің жаман күйінесің,
Сен дағы түк білмедің сөз жүйесін.
Қайтіп күнін көреді жаяу жүріп,
Жеп қойған соң Нақанның боз биесін.

Қасқыр:

Аттысынан Нақаңның жаяулысы,
Құдайға ұнамаған кейбір ісі.
Адымының арасы саржан жарым,
Бүлк етпес, жаяу жүрсе оның іші.

Молда:

Желкеңнен шықсын кәпір, берейін жалыбной,
Айтқан сөзің өзіңше славной.
Дорба сақал Иванға заявление беріп,
Үстіңнен сот жүргізем главной.

КӨТЕРІЛІСТІҢ БАСШЫСЫ САҒЫНБАЙ АҚЫН

Қазіргі көне көз ауыл ақсақалдарының арасында көп уақыт өтсе де ұмытылмай айтылып жүрген тарихи бір әңгіме бар. Ол Жетпісұлы Сағынбай деген адамның 1916 жылғы халық көтерілісіне басшылық жасағаны, көтерілістің қозғаушы басшыларының бірі болғандығы туралы. Әңгіменің өзегі тарихқа таңба салған 1916 жылғы оқиға. Тарғын, Тайынты, Ақтау, Асубұлақ, Жантас, бұрынғы Бұқтырма ауданына

қараған қазіргі Сажаевка селосының тұрғындарына дейін Сағынбай Жетпісұлының өмірін аңыз-әңгіме ретінде жырдай қылып әңгімелеп отырғанын көріп, таңданбай кете алмайсыз. Оқиғаның өткеніне сексен жыл өткенмен, халық үшін күрескен азамат есімі ұмытылмай келеді. Сонымен, арада 70-80 жыл өтсе де ел есінен есінен шықпай жүрген Сағынбай кім? Ол туралы деректер Омскі мен Қазақстанның архивтерінде кездеседі. Сонымен қатар, 1966 жылы филология ғылымдарының докторы Қайрат Сапарғалиевтің Алматыда шыққан «Картофельная политика царизма в Казахстане 1905-1907 г.г.» деген кітабының 259-260 беттерінде мынадай деректер берілген: *«Восемь человек было привлечено к суду. 17 ноября временный военный суд в г.Усть-Каменогорске признал Сагинбая Жетписова, Аманбая Кештембаева, Оралбая Тлемисова, Кайржана Маймакова, Кусмана Олджабаева, Аманбека Дулатова, Канапью Баймбетова и Дюсембая виновными в совершении преступления, предусмотренного статьей 13 и 3-ей частью статьи 266 Уложения о наказаниях и приговорил каждого к четырем месяцам тюрьмы»*. Бұл тарихи шындықты қазіргі көзі тірі, Сағынбайды көрген ақсақалдар қуаттай түседі. 1965—1972 жылдар арасында Сағынбаймен бірге болған адамдармен сөйлесіп, бірталай материал жинадым. Оны бала кезінен өмірінің ақырғы сағаттарына дейін білетін үзеңгілес достары мына адамдар: Жарылғасынұлы Байсағат (1882 жылы туылған) Асубұлақ ауылынан, Болғанбайұлы Уәлбек (1887 жылы туылған) Жоғарғы Тайынты ауылынан, Жеттікбайұлы Әлімған (1897 жылы туылған) Жоғарғы Тайынты ауылынан, Сағынбайдың әйелі Бекей апамыз (1896 жылы туылған) Асубұлақ ауылынан.

Сағынбайдың үлкен ұлы Қаби ағамыз көп жылдар Ұлан ауданында қаржы бөлімдерінде қызмет атқарса, кіші ұлы Нәби 1940 жылы Алматыдағы офицерлік училищені бітіріп, Отан соғысына аттанып, 1943 жылы ерлікпен қаза тапқан.

Сағынбай Ұлан ауданының Тайынты ауылында 1894 жылы дүниеге келген. Өтеміс ішінде шоңай деген рудан. Әкесі Жетпіс бойына дарыған зергерлік (ұсталық) өнерімен ел құрметіне бөленген. Ол

ауыл адамдарының сұрауы бойынша әртүрлі бұйымдар: білезік, сырға, пышақтар жасап беріп отырған. Жетпіс қол өнерінің арқасында ел құрметіне бөленіп, сол уақыттағы бақуаттылар қатарына ілінеді. 1905—1915 жылдар арасында Тайынты болысындағы бір топ байлар өз балаларын орысша оқыту үшін Өскемен қаласынан қазақ тілін білетін мұғалім жалдайды. 1911—1913 жылдары 10—15 бала жинап, бір үйді босатып, мектеп ашады. Бұл Тайынты болысында болған алғашқы жаңалық еді. Жас Сағынбайды әкесі сол жылдарда оқуға береді. Қыр балаларын оқыту үшін Пяньков Иван деген қазақша білетін орыс мұғалімі келеді. Пяньковты ауыл балаларын оқытуға итермелеген асқынған өкпе ауруы еді. Ол қырдағы қымыз бен таза ауаны дертіне дәру деп санаса керек.

Алайда, ол 1913 жылы сол науқасынан қайтыс болды. Дегенмен де Тайынты болысындағы балалар азды-көпті орысша үйреніп алып қалған еді. Солардың арасында үздік оқушы ретінде Сағынбай көзге түседі. Баланың алғырлығын байқаған туыстарының бірі Ж.Болғанбаев оны Көкпектідегі орыс мектебіне орналастырып, сонда екі жыл оқытады. Сағынбай сол жылдары 3—4 класс деңгейінде орысша білім алады. Кейін Ж.Болғанбаевтың Көкпектіден басқа жаққа кетуіне байланысты Сағынбай 1916 жылдың басында Тайынтыға қайта оралады. Ауыл ішінде жүрген Сағынбай өз құрбыларының арасында сөзге шешен, қайратты, ер мінезді, бірбеткей, беделді жас ретінде көзге түседі. Осынау қасиеттерін арқаланған ол ел ішінде партия құру, болыстық мәнсапқа таласу жұмыстарына белсене араласып кетеді. Партия-партия болып бөлініп, болыстыққа таласу, дау-жанжал ағайын арасында өршіген үстіне өршіп, арты 1916 жылғы халық көтерілісіне ұласады.

Сағынбай 1916 жылы Тайынты болысының Қарабалапан деген жайлауында болған көтеріліске басшылық жасағаны үшін Өскемен түрмесіне жабылып, кейін бостандыққа шығып, ауылына келеді. 1920 жылы Тайынты селосында Кеңес ұйымы құрылған кезде оның төрағасы болып Жарылғасынов Байсағат, хатшысы болып Сағынбай сайланады. 1920 жылы Байсағат денсаулығына байланысты қызметінен босатылады. Сауатты Сағынбай төрт-бес жыл милиция қызметінде істеп,

1926—1927 жылдары салық жинау жұмыстарында қызмет атқарады. 1928—1929 жылдары Кеңес өкіметінің бай-кулактарды тап ретінде жою науқаны тұсында ауыл ағайындарының домалақ арызы салдарынан Сағынбай тұтқындалып, 1928 жылдың аяғында жер аударылды. Оның басты себебі, әкесі Жетпісте сол жылдарда екі үйір жылқы бар екен. Сондықтан Сағынбай бай-кулактың баласы болып шыға келеді.

Екі жылға кесілген Сағынбай Жетпісұлы бір жылдан аса уақыт түрмеде отырып, 1929 жылдары денсаулығынан айырылып, еліне келеді. Көп ұзамай 1930 жылы қайтыс болады. Бірақ аяулы ер азамат дүние салғанымен, туған елі мен үзеңгілес достары, ұрпақтары оның ерлік істерін ұмытқан жоқ. Ел үшін ерлік көрсеткендер ешуақытта ұмытылмайды.

Сағынбай топ бастаған қайраткер болумен қатар айтулы ақындардың бірі еді. Оқырман назарына аяулы азаматтың өлең мұрасын ұсынып отырмыз.

Түрмеден хат

Дүние қудым сені әлде қандай,
Күн туып, тұлпар арып болдырғандай.
Сайраңдап Тайынтының жағасында,
Жүретін қайран күнім оқ жыландай.

Сайран жоқ Тайынтының жағасында,
Мен келдім Өскеменнің қаласына.
Сайраған сандуғаштай қайран күнім,
Артыңа мені тастап барасың ба?

Сөйлерге біраз кеңес келді міне,
Қайғы-шер көкірекке толды міне.

Опасыз фәни жалған деген бар ғой,
Сұм көңіл ақырында сезді міне.

Сағынбай түрмеге айдалғанда артында әкесі, шешесі, үш баласы қалған еді. Соларға арнап ол біраз өлең жазып, хатқа салады.

Зарлы мұң

Жылама ғайып жарандар,
Мен ғарыпқа көзің сал.
Бұл жерде жылап жатырмын,
Сендерден маған жоқ хабар.

Ағасынан айырылып
Шулап бір қалды балалар.
Екі көзден айырылды-ау,
Жылауменен кемпір-шал.

Осыларға жәрдем бер,
Жаратқан жафар зұлзалал.
Тайынтының жағасы-ай
Құтсыз болар жер ме едің?

Шөлтекенің баласы-ай,
Іргең құтсыз ел ме едің?
Сандықтас, Бөкен, Көкжайдақ
Жүретұғын мал айдап
Құлазып қалар жер ме едің?

Сал, сауықпен сайраңдау,

Қымыз бенен айранды-ау.
Үйректей жүзген Сағынбай
Жоқтаусыз қалар ер ме едің?
Отызыншы жасымда-ай,
Ақ түрменің тасындай.
Туысқан-туған аға жоқ,
Бір тиындай баға жоқ.

Әке — кәрі, бала — жас,
Қимылдауға шама жоқ.
Он беске жасым жеткен соң,
Балалық бойдан кеткен соң.

Жақсылармен сырласып,
Құрбылармен таласып.
Өзім теңдес құрбыма
Қолымнан намыс бермедім.

Көк тарлан біткен жылқыны,
Жалғыз аттай көрмедім.
Көргенде сені Қабый-ау,
Мінгендей едім бір атқа.

Көк бастаудан су ішіп,
Оттағандай қыратқа

Молда аға деген дауысың,
Әлі де менде құлақта.
Бізден де өткен қу өмір
Балаларға тұрақта.

Үйіліп қалған жетімдер,
Босағасын құлатпа.
Қапаным саған айтайын,
Балалықпен лақпа.

Атаңа бізден сәлем де,
Алды-артына қарасын.
Ерте күннен айтып ем,
«Азайтсаңшы малды», — деп.
«Қайырсыз берген бұл дәулет
Соғады бір күні жарға», — деп.

Ертеден қақсап айтсам да
Әкем де бұған көнген жоқ.

Айтып айтпай не керек,
Ақтай күйіп барамын,
Енді менде арман жоқ.
Айтылмай сөзім қалған жоқ.

Қағазға жаздым зарымды,
Шиыр кылдым Нарынды.
Қолдағыны тауыстым,
Бидайға сатып барымды.

Құтылған сайын міндеттен,
Көтере салды салымды.
Ағасының сотына
Жақын інім Зарыпты
Кеңсе би болып барыпты.
Қарыстан сүйем жуық деп,
Халелді ақтап алыпты.
Туыспаған Сағынбай
Екі жылға кесіліп
Темір торда қалыпты.

Сағынбай түрмеде отырғанда ел-жұрты, жер-суы, тау мен тасы
есіне түседі де, соларды өлеңге қосып, еліне хат жазады.

Қосеттің немересі атам Бидай,
Ат қойды Биеке деп халқы силай.
Әуелде абыройлы болған екен
Жүріпті Шөлтеке де тізгін жимай.

Сағынбай өзім атым, әкем — Жетпіс
Қияңға түсіп кеткен құлан да өтпес.
Бір келген біздің басқа тосу шығар
Ақырын Алла оңдасын, ештеңе етпес.

Сәлем де Тайынтының бұтасы мен
Күнгеі, теріскейі, жотасымен,
Үлкен Жамантауменен, Сарыаттышқан,
Аман бол мен келгенше тұтасымен.

Сәлем де Тайынтыға суыменен,
Мұнары жерге түскен буыменен.
Топ ағаш, Кіндік, Шұңғыл, Қасқа, Жалтан,
Қияқты, Шыбындының нуыменен.

Сәлем де Тайынтыға өзенімен,
Әркімді алсын Құдай өз елімен.
Естісе бұл сөзімді өкпелетпей,
Нұралда үлестірсін кезегімен.

Аман бол Терісайрық, қайран Шұбар,
Қызығың еске түсіп болдым ғой зар.
Бітіріп ел пішенін болған кезде
Қонушы еді бұлағыңа ұмар-жұмар.

Аман бол Адамбармас Манат басы,
Биігі Қошқарбайдың тау арасы.
Ақшоқы Сарыайғырмен сен де аман бол,
Оң жақта Сарышоқы үңгір тасы.

Аман бол Француз¹ бен Табақпайым,
Жер судың атын біліп ардақтайын.
Ақшатыр, Барыл тоғай сен де аман бол,
Моншасай, Тіккезең мен Шұбарқайың.

Қара інген сені айтпаймын өкпелеме,
Ұрыны көп жасырған әрбір сайың.
Бәрің де мен туралы тілектес бол,
Мынандай болып кетті менің жайым.

Аман бол Теректі мен Желдіқара,
Ар жағы Бөкенсудың қалсын дара.
Бесбастау, Шолақбұлақ сен де аман бол,
Қалмасын екі ортада Сылдырама.

Қайыңды қалып қалды қарағайлы,
Даласы Шұбарқайың малға жайлы.
Құройнақ мен қалдым деп өкпелеме
Айтқаным Самар жерін жарамайды.

Айтпаған енді ойда қалды Манат
Сайраған ақ түрмеде мен жарқанат.
Атақты әр төбені тастамаймын
Азғана ер жігітке болсын санат.

Жаза алмадым көбірек жайды ойлап,
Бәкімбай, өшіктің ғой бек қабағат.
Жүрсем де ойда, қырда, тұтқында да,
Дұшпансыз жүре алмадым жалғыз сағат.
Мұңайып жабырқау жоқ мен құлыңда
Бір Алла жалғыз өзі болсын жағат.

¹ XIX-ғасырдың алғашқы жартысында француздар жұмыс істеп, содан қазақтар «француз» деп кеткен жер аты.

Аман бол Қарала мен Манат, Көке,
Әрине, Ұйқышарға тидің жеке.
Ағайын партия боп бас қоса алмай,
Қалдық қой обалыңа біз Шалтеке.

Аман бол Төтекезең, Жалқарағай,
Артыңа кеткенің бе бір қарамай.
Қарғалы, Төсқайыңмен сен де аман бол,
Жатушы ең қайран дала жап-жадағай.

Болтай мен Баршабұлақ, Беспол қонған,
Шықпаймын барлығыңды тазаламай.
Қартабай, Бесжалменен Есіл, Молда
Тілеке, Тоқалбұлақ қалдың солда.

Паромға Көкойдағы бара қалсаң,
Қалады ауылы «Обухово» орта жолда.
Қайқысары, Қаратсойған сен де аман бол,
Қалмасын аржағында Қарақолда.

Ар жағы Қарақолдың биік Қараш,
Қыстаған Қарақолды бір топ танаш.
Атына Тайынтының сайласақ та,
Не керек Сөнқұмар болдың алаш.

Қыстауым Жалтаспенен Талдыбұлақ,
Бір күнде мыңды айдаған малды бұлақ.
Қайран ел мен келгенше қош аман бол,
Болған соң жазу солай, кеттім жырақ.

Үйгентас, Айыркезең қайран жерім,
Заманым бұрынғыдай қайда менің.

Алақар Көкжайдақ пен Бөкенбайды,
Ақтасты Керей тиген жайлап едім.

Көшіп кеп Алақардың жазығына,
Құлынды көкорайға байлап едім.
Қосеттің боз баласы жиылғанда,
Бал тәтті бағлан етін шайнап едім.

Бұрынғы бостаншылық заманым-ай,
Немене, айтып-айтпай сайрағаным.
Сәлем де Нәби менен Райысқа,
Кез болды мына оқиға біздің тұсқа.

Еске алмай, ескерусіз тұрсамдағы,
Жолықтым құрған торға қапылыста.
Сәлем де Нәбидолла Қапаныма,
Тапсырдым бір Алланың панасына.

Бұлаңдап асау кердей жүрген ағаң,
Түрменің жатыр бүгін панасында.
Батырлық, палуандық кетті бізден,
Бір қайла өзің ойлап табасың ба.

Көңілім қапаланған басылар еді,
Жүдетпей қызмет етсең анасына.
Жайлауым Көкжайдақ пен Алақарға,
Жарысқан жазығыңда балалар да.

Қыстаудан жаздыкүні ел көшкенде
Артушы ем қатар-қатар қара нарға.
Тайпалған күрең жирен қаракөкті,
Мінуші ем бұлаңдатып қалағанды.

Ет қатты, қымыз ащы деген басым,
Жаттым ғой қытырлатып қара нанды.
Кез болып тар заманның уысына,
Бұл күнде сұм жүрегім жараланды.

Жастығыңды Қабай сенің есіме алып,
Тұтқында ғарып ағаң назаланды.
Қарағым, сен білмейсің балалықпен,
Мұндайлар бұрынғының бәрі болған.

Жетіліп ақырында тілегіне
Көңілі солғандардың бәрі толған.
Құдайдан ертелі-кеш сұранамын,
Жылаймын құтқаршы деп осы тордан.

Тілегі молла ағаңның қабыл болса,
Шығарсың қос ат алып орта жолдан.
Білмеймін алтын жағам қисайды ма
Бұл түгіл құтылушы ем бұдан зордан.
Бетіңнен жалғыз сүйіп қайтар едім,
Қайтейін, жібермей тұр құрған тордан.

Жамал қызына, үш алауы, қарындастарына айтқан сәлемі

Тағы да көп-көп сәлем Жамалыма,
Жолықтым дүненің қамалына.
Тұғырдан самғап ұшқан алып ағаң,
Қараушы еді мезгілінде қабағыңа.
Жүргенде өзі жүдеп ағасына,
Тәтесі зекіrmесін қарағыма.

Бұрынғы ағасының заманы жоқ,
Жүретін Тайынтының жағасында

Бір сағат аял-пұял қыла алмадым,
Тағдырдың шақырып тұр табасына.
Алланың не де болса жазуында,
Жетеді кімнің көзі алдағыға.
Байлаулы қол-аяғым жұмарланып,
Ішінде ақ түрменің қалғаным ба.
Зағипа Жақыппенен қарындасым,
Аттарын хатқа жаздым сағынған соң.
Ағаңның мән-жәйі болды осылай,

Законный құқығына бағынған соң.
Ақылым бірде толық, бірде солық,
Денемнен қаным солып арылған соң.
Аман ба бала-шағаң, Бақты апам,
Ішіме сіздерді ойлап түсті қапам.
Сіздер де мені ойлап, қапаланба,
Мен мұнда ойын ойнап жатқаным жоқ,
Алланың жазуына дәмін татам.
Жаратса адамзатты қатесіз деп
Жұмақтан неге шықты Адам атам.
Бәріне сәлем жаздым бауырлардың,
Бола ма ақыл түгел дауы бардың.
Құтылып туысқанның қақысынан,
Біреуің мынандай да табылмадың.
Аға-іні, апа-жезде, туысқаны,
Туғаны келіп жатыр халі бардың.
Солардың іштерінде мен де қалдым,
Мен қалдым іштерінде халі бардың.
Манабай, Қалиасқар олар да жас,

Нашарлық қайда барсам арылмадың.
Солардың бастан аяқ бәрін ойлап
Келді ғой міне осыдан тарылмағым.
Тар қапас жатқан орным, астым тақтай
Мезгілі күндей болды бір сағаттың.

Аз күнгі михнаттың жайын айтып
Сөйледім жайын айтып желмей-шаппай.
Ақылды сөз таппасам, өзіңнен көр
Берейін безілдетіп тіл мен жақты-ай.
Жал кетсе арық атта сән бола ма,
Бір күнде желседағы арғымақтай.
Ата-анам дәулетінің арқасында,

Өсіп ем маңдайымнан адам қақпай.
Жай күнде сахарада сауық салдым,
Қайтейін жамбасыма батты тақтай.
Кеш тұрып,ерте жатқан қайран күнім,
Ойқастап жүретұғын арғымақтай.
Құдайым бұл дүниеге кез келтірді,
Құдайым ашылмас деп ондай қақпай.
Ақылды әке тілін алмайтұғын,
Мықтымын, дүниеде күштімін деп,
Түрмеде мың солдатқа бармайтұғын.
Пысық ем адал дәулет аз көрінген,
Момынды қағып-соғып айдайтұғын.
Қайратты сендей-сендей талайлармен,
Ақ түрме босағасын қандайтұғын.

Есіртіп өз еркіне қоя беріп,
Қу дүние талайларды жалмайтұғын.
Не болса тасың ұшып тұрған кезде

Қисайса алтын жағаң болмайтұғын.
Айырып қара ала екі арасын
Сот та жоқ екі арасын жалғайтұғын.
Ақ жүрек адал ниет жолдастар жоқ,
Ішінен үзілгенді жалғайтұғын.
Қырдағы көп достардың біреуі жоқ,
Дірілдеп шыбын жанын қармайтұғын.
Суға кеткен тал қармайды деген сөз бар,
Тал да жоқ қол жетерлік қармайтұғын.
Бала жас, әке кәрі, шеше зарлы,
Ізденіп, дүние жүзін шарлайтұғын.
Мәйекті қалың қыспақ жолдастар жоқ,
Қосылып адвокатың зарлайтұғын.
Осының бірде-бірі болмаған соң
Қызыл тіл жөнің келді зарлайтұғын.

Тайынтыны мекендеген бес ауылға

Нәсілім Қосет ерден жаралады,
Аруағың талай жерді аралады.
Қоңырша, Мәмбет, Шоңай, Байқазанмен,
Бұлар да Қосет болып таралады.
Мына жақта Шабай, Арық, Мырзабек бар,
Олар да Қосет болып саналады.
Құр емес кісілікті бәрі дағы
Бәрі де бір-бір ерге пара-парлы.
Ат жалын өзім тартып мінісімен,
Мен жүрдім жаңылдырып жалаларды.
Аялдап, ал келейін Қоңыршаға
Ағайлар құлағың сал тамашаға.
Өтіп ем талай тасқын дариядан

Сүріндім құдіретпен томаршаға.
Қамшыбай аман ба екен есіл кәрі,
Құрметтеп басшы қылды елдің бәрі.
Жетпістің бесеуіне келсең дағы,
Ақылдан таңбадың ғой әлде дағы.
Сырыңа көз жіберсем ішіңдегі
Ойладың өз көңіліңдей елдің бәрін,
Ішіңнен әлде қалай қалдырмадың.
Былтырғы кетпейді ғой істің зері,
Қалай деп сұрасаңыз біздің жайды.
Сауытын іліп тұр ғой өткір қайрап,
Өзіңдей елде жүрген ағайлардың.
Дидарын көрем бе екен қайтып барып,
Сүйекке бұл қорлықтың өтті зәрі.
Сәлем де Ыбырай мен Мұрынбайға,
Келер жыл босануға бізге қайда.
Тізгінін пендесінің Алла ұстаса,
Бастаса әрбір іске ұрынбай ма.
Қамшыбай қолыңдағы бір-екі інің,
Қарай ма әлде қалай біздің жаққа.
Нашарға теңдік туған уақыт болды
Біз болдық су құрыған сұмырайға.

Баянбай ауылына

Көршілес аман ба екен Баянбайым,
Келді ғой жазар кезім аянбайын,
Сіздерге ұғындырар жұмыс емес
Бәріңе айтпасам да менің жайым.
Туғандай бір отадан болып едік,
Айырды құдірет кәрім не қылайын.

Сәлем де ақсақалым Байсағатқа
Кез келсе тоқталмаушы еді жазған хатқа.

Салмақты аузы шабан жігіт еді,
Көп аты шықпаушы еді жаманатқа.
Екі елдің егер болған таласында,
Жолдасты жібермеуші еді бөтен жаққа.

Бұл сезім аз болса да мағыналы
Бағалар алып қара іл сипатқа.
Шәкірттей аман ба екен арыстаным
Ат пенен тай болса да жарысқаным.

Жеті жыл жолдас болдым сеніменен
Айтысып ішкі сырды танысқаным.
Тобықты Құнанбайдай болмасаң да
Тар жерде ақыл берер данышпаным.

Тұсында әрбір ханның бір сұрқылтай
Аңдыған сені де бар көп дұшпаның.
Қападан жүрек шіркін толғанады,
Алысты жуықпенен қарыштадым.

Шығарда жаның бірге болсадағы
Қайтейін осы кезде алыстадың.
Жолдастық хабар білсең біздің жайдан
Көсіліп біз жатырмыз он екі айдан.

Бүгін неге көзіме көрінбейді
Елден ішкен қымыз бен тойған айран.
Өзіммен өзім әуре болып жатсам да,
Тілеймін амандықты бір Құдайдан.

Ойланар әрбір ойды естігендер,
Басқалар біздің сырды білсін қайдан.
Тар жерде әкеліп берген бір қалашың,
Ляззәті артық болды жеген майдан.

Сүйегін тастау жерден ағартыңдар
Тар жерде сол әперген жабы қайдан,
Төгілген меруерттің құһымындай
Бір сабаз туған екен Сабанбайдан.

Еске алдым Тұрған менен Кәсімді енді,
Жарай ма тастағаным асылды енді.
Әлімхан Болатханмен жазар болсам,
Көзіме мөлт-мөлт етіп жасым келеді.

Нұролла Ықыласпен сөз айтамын,
Сендерден басқа сөзді кімге айтамын.
Екеуің қатындарыңды алып осында кел,
Орныма сендерді тастап мен қайтамын.

Сендер өкпелеме мұны айтты деп,
Көп тағы сөге көрмес неге айтты деп.
Сәлем де Бейсекемнің барлығына,
Бауырдың құлағын сал зарлығына.
Бәріңнің атыңды атап жаза алмадым
Кез болып тұтқын үйдің тарлығына.

Өз ауылы Шоңайға

Аяңдап ал келейін өз еліме,
Кез болдым тар заманның кезеңіне.

Құдайым бұл қапастан азат болып,
Барар күнім бола ма өз еліме.

Сәлем де Өте ақсақал Қасенменен,
Сендер де асқар белдей әкемменен,
Ішінде абақтының құсаланып
Барады күнім өтіп бәсеңменен.

Сәлем де Үмбетей мен Жиенбекке
Босқа өкпе өкпелеуші ең бекер текке.
Еруде араз-құраз болып жүрсек те
Қимаушы ек бетпе-бетке кез келгенде.

Қағаз бен бір жапырақ сәлемің жоқ,
Осыны сынаттырсам барша көпке.
Ақырын тынып барам өшкен шамдай,
Өрлеген қайран көңіл аспан, көкке.

Есенбай, Торғай, Шегір ағаларым,
Жоққа есеп осы күнде менің барым.
Өкпелеп сәлем жазбай қоя алмадым
Қояды әркім текке қолда барын.

Жеті құрт, жарты бәтер жіберуге,
Қорынып келмеді ғой шамаларың.
Аман ба Мұстафа мен Рахымбек те,
Болған соң жазу солай кеттік шетке.
Бір көріп артындағы бар еді ғой
Ағайлар біз ініңе дұға дауа ет.

Жампейіс, Ақатай мен бауырларым,
Мына бір көлденді ауырладым.

Бар сенген ішімдегі екі бала
Біреуің мынандай да табылмадың.

Отыз жыл әкең Қаспай інімізге,
Қайырлы көп не жазам енді сізге.
Сіздерді аман-есен көрер ме екем
Қалды ғой ғарып ағаң келер күзге.

Кеңесбай, Мәжитпенен, Көпжасарға,
Болмады абақтының құлпы ашарға,
Алдымда он екі айды ойлап кетсем,
Буыным жарамайды бір басарға.

Отырды аталарың бас табаққа,
Қараушы еді өткен-кеткен қас қабаққа.
Билеуші ауысты ғой тегенеден
Сары қымыз сапырылды аш қабаққа.

Басына Өте ақсақал іс айланып,
Ақатай жүрген шығар сасқалақтап.
Омарбек аман ба екен Бұқытпенен,
Түспей ме қыран торға уақытпенен.
Осыменен бір жағдайда тұрала ма,
Бірде оңда, бірде солда уақытпенен.

Сәлем де Апсаламдай Алыбыма
Бұрыңғы түсер ме екен қалыбыма.
Өрлеген тас қияқтай қайран көңіл,
Салды ғой абақтының тарлығына.

Ертісбай, Әділхан мен Әділбегім
Бір Алла берер ме екен ер тілегін.

Алдымда он екі айды ойлап кетсем
Айныйды май ішкендей сұм жүрегім.

Сәлем де Серікқазы мен Шойынбекке,
Түрмеде ақыл айтқан мені сөкпе.
Аман ба Тұрғынбайдай кәрі ағамыз,
Бұл күнде қорғасындай бір баламыз.
Тегінде Кәдір ақын болмаған соң
Біз қайдан Тұрғынбайдай сөз табамыз.

Байқазан ауылына

Аяңдап енді келдім Байқазаным,
Тартты ғой абақтыңа тар қазаным.
Уақиға әрбір түрлі еске түсіп,
Білуге хабарларын хат жазамын.

Аман ба Серікбай мен кәрі Көшер,
Ойласам өткен кеткен еске түсер.
Жұмыс жоқ мұнан басқа істеп жатқан,
Осылай хат жазумен күнім кешер.

Аман ба Омар, Шәкер, Саржанменен
Болар қымбат бірдей арзанменен.
Екі інің Сағынбай мен Сейілқұмар,
Тұтқында күн кешуде арманменен.

Сәлем де Қайса, Отаршы, Дәулетбайға,
Адамға таза жүрсе бейнет қайда.

Дұшпанның қапаланып қармағында
Жаттым ғой ақтан күйіп мына жайда.

Керей ауылындағы құрдастарына

Ақбұзау, Жақыпбай мен Өтеп кәрі,
Бола ма өздеріңдей жанның бәрі.
Екі інің — Сағынбай мен Сейілқұмар,
Тұтқында отырғанда жазған зары.

Аман ба Ыдырыш пен Оралбайым,
Қар жауса Омарбайға сонар дайын.
Мойныңа қара мылтық асынып ап,
Құтының санап жүрсің қарағайын.

Ақтайды ептеп-септеп асырай бер,
Қалдырып шаруаңнан не қылайын.
Есеке ақсақалға дұғай сәлем,
Ақсақал осы күнде көңілі алаң.

Уақиға әрбір түрлі еске түсті,
Білуге хабарларын хатқа жазам.
Сәлем де Солтеке мен Байсолтанға,
Болмады абақтының құлпы ашарға.

Алдымда он екі айды ойлап кетсем,
Буыным жарамайды бір басарға.
Аман ба бала-шағаң Кемпірбайым,
Мен дағы көріп келем тұтқын жайын.

Мендей боп аңғал шапқан азамат еді,
Тартты ма аттың басын Шалғынбайым.

Мырзабек ауылына

Аяңдап енді келдім Мырзабекке,
Кетейін неге тастап бар керекті.
Ақсақал Ысқақ сабаз Әбдақаймен,
Сөйлейін Сақасын да бір зеректі
Қаймыққан талай дұшпан дыбысынан,
Аяғын ілгеріге бастырмай тұр,
Аздық пен көп дұшпанның табысынан.
Алып қол, ашық мінез жарқылдаған,
Жиында айтар сөзден тартынбаған.
Сақадан басқа жасы Мырзабектің
Кигіздей шала басқан, тартылмаған.
Сыртынан пәлен-түген десек дағы,
Өзінен сан құрбысы артылмған.
Қосеттің бас көтерер баласында,
Не қалды қанатынан шарпылмаған.
Сақада ұнамайтын бір мінез бар,
Түскенде ит мінезі барқылдаған.

Сағынбайдың түрмеден үйіне жазған хаттары сақталмаған. Бірақ Тайынты ауылының Әжібек деген азаматы оның өлеңдерін түгел жаттап алған екен. Сол кісінің аузынан мен магнитофон таспасына солардың бәрін 1972 жылы жазып алған едім.

Тұрғынбай ақынның көтерілісшілерді үгіттеуі

Құлақ сал жалпы кедей айтамыз наз,
Өмірге біреу кейіс, біреулер мәз.
Жылында мың тоғыз жүз он алтыншы
Қазаққа ауыр келді биылғы жаз.
Отыз бір он тоғыздың екі арасы,
Солдатқа алынсын деп шықты приказ.
Приказға болыс, тілмаш шаттанысты,
Параны қиналған ел бермес деп аз.
Моллаң оқып жатыр нәфіл намаз,
Іркіліп бай баласы кейін қалып.
Кедейден тізімделді талай сабаз,
Бірлесіп ұйымдассаң жалпы кедей,
Сіздерге бөгет болмас батпақ пен саз.
Сендерді құрбан қылмақ бай ұлына,
Өз отының басынан өз көрің қаз
Тағдырды қойыпты ғой бөлек атап.
Жалшыны елудегі отызда деп,
Түгендеп тізім жатыр байлап-матап
Он жеті он тоғыз жасқа жазып.
Көбейтіп болыс алмақ абырой-атақ
Артыңда қатын-бала зарлап қалса
Аш-жалаңаш болғаны кімге батады.
Жау алған жаралы қалады деп,
Болады бірікпесең арты шатақ.
Бай үшін бар кедейді тізіп айдар
Түбінде осы айтқанды артына бақ.
Бойына Шыбындының правлен,
Болысың сонда жатыр тілмәшімен.
Ахмади ары-бері шапқылап жүр,

Жеткізіп өсек-аян етіп білген.
Алты би, алты старшын, бір болысы,
Барады жасырынып екі-екіден
Апарып тізімдерін келіседі.
Жігітті солдатқа ұстап берем деген,
Қамалға қарсы шабар арыстандар.
Қорғалап отырсыңдар енді неден,
Кезінде қамалды бұз бас құралып,
Болады арты өкініш кешеулесең.

АҚЫННЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Атағы өлкемізде кең тараған Тұрғынбай ақынның өміріне қысқаша тоқталатын болсақ, ол өтеміс елінің шоқай руынан. 1849 жылы дүние есігін ашқан екен. Тұрғынбайдың әке-шешесі қолындағы азды-көпті малымен жан баққан кедей таптың өкілі.

Бұл туралы мәліметтер Тұрғынбайдың ерте кезде айтқан өлең шумақтарынан кездеседі. Тұрғынбай бала кезінде молданың алдын көрмеген сауатсыз адам болған. Өз бойына біткен күш-жігерімен өмір кешкен. Әкесі — Байтоқа Молдаұлы. Молдадан — Үркімбай, Тұрғынбай, Бұлғанбай.

Тұрғынбай бала кезінен сіңірі шыққан кедейліктің тапқазасын тартқан адам. Әкесі ерте қайтыс болғандықтан кедейлік күйге ұшырайды. Қырық жасқа келгенше қалыңдық түсіріп, отбасын құра алмаған кезде, інісі Бұлғынбай қайтыс болып (ол үйленген адам екен), екі-үш баламен қалған әйелі Тұрғынбайдың қолына қарап қалады. Шойынбек, Нұрсәлима деген Бұлғынбайдың балалары ақынның тәрбиесінде болды. Соның бірі мен мәлімет алған Нұрсәлима апамыз 1912 жылы туылған. Тұрғынбай әкемді 81 жасқа келгенде 1930 жылы Тайынты болысындағы зиратқа жерледім дейді.

Қазақ даласының қай түкпірінде болмасын атағы шығып, ауызға ілінген ақындар мен жыраулар кездеседі. Солардың ішінен халық өзінің жүрегіне жол тартқандарын ғана еске сақтап, есімін ұмытпаған.

Солардың бірі Ұлан ауданының бұрынғы Обухов совхозының жерінде туып-өскен Тұрғынбай ақын дейміз. Оның есімі осынау өңірге етене таныс. Жерлестері ақынның ойнақы сықақ өлеңдерін осы уақытқа дейін ұмытпай айтып келеді. Негізінен ақынның өлеңдері халық аузынан жинап алынған. Оның өлеңдері Қазақ ССР Ғылым академиясында болуы әбден мүмкін.

Көзі көрген көнекөз қариялардың баяндауына қарағанда Тұрғынбай ақын орта бойлы, жүріс-тұрысы жылдам да ширақ болған, келбетті, көзі көк, сары адам болыпты. Тумысынан кедей болса да бай есігіне жалтақтамай өз характерімен күн көріпті. Өзіне біткен жалғыз атымен, қолындағы біраз ұсақ малдарымен отбасын асырап, жаз айларында ауыл адамдарымен ішкері жақтағы, Ертістің арғы жағындағы, орыс байларына жалданып, керекті заттарын әкеліп отырады.

Тұрғынбай ақынның алғашқы өлеңдері өз отбасын, ауыл тұрғындарын өлеңге қосудан басталады. Ақынға кедейлік атадан қалған мұрасындай жабысып, соңынан қалмаған деп әңгімелейді кейбір қариялар. Бар байлығы бір ат, бір сиыры болған. Үй ішін асырап отырған жалғыз сиыры өліп, бұзауы мөңіреп тұрғанда ақын:

Жалғыз сиыр бар еді, жардан ұшты,
Шойынбек ай жарымдай айран ішті.
Жетім бұзау қалып ед құтырып тұр,
Балам сиыр жаюдан құтылып тұр,—

деп ауыл адамдарын күлдіріпті.

Тағы бір жылы жайылып жүрген жалғыз атын әкеліп мінейін деп, өріске барса, қасқырлар жарып тастап, тауға өрлеп барады екен. Сонда атының жемтігін көрген ақын ренжіп налудың орнына, қасқырларға қарап:

Әй, қасқыр, жеп қойғаның біздің шабдар,
Әкеңді өлтірдім бе менде нең бар.
Патшаның ел тонаған әкіміндей,
Құдайдан әкеп пе едің сен де хабар.

Баруға батпадың ба бай дегенге,
Қайтеді құлын мен тай жегенде.
Тартқаның бозқырауда кәрі шандыр,
Жүрегің ауыра ма май жегенде, —

деп өзімен бірге малға барған жерлестерін күлдіріпті.

Дегенмен де үйіне кіре бергенде, жалғыз атын қасқыр тартып кеткеніне ренжіген ол, «Қарағым, атыңды әкелдің бе?» — деп сұраған шешесіне:

Әкем өлді, сен қалдың шешем Тұрдан,
Маған қайдан мал бітсін сенен туған.
Байлардың жүзі де аман, мыңы да аман,
Жалғызды қасқыр жепті оқшау тұрған.

Сол жерде: «Ойбай-ау, не деп тұрсың?!» — деп баж еткен әйеліне:

Қатыны едің жесір қалған Бұлғанбайдың,
Сені аяған күні бар ма бұл Құдайдың.
Жалғызды қасқыр жепті байдан қалған,
Етін де бұйыртпастан жалғыз тайдың, —

депті.

Тұрғынбай ақын ислам дініне бас иеген, намаз оқып, ораза ұстамаған адам екен. Бір күні ауылда айт-намаз өтіп, үлкен қарияларды айт-намазға шақырса, ақын жақын тұрған бір үйге барып тығылады. Мұны өзі өлеңге баулып жүрген, бойында ақындықтың оты бар жасөспірім Сақатай көріп қалып, сол үйге кіріп барғанда Тұрғынбай бір ағашты жонған болып шұқшия кетеді.

Сонда Сақатай:

Тұрғынбай, ағаш көрсең жонам дейсің,
Кіруге айт-намазға тоңам дейсің.
Ғұмырыңда сәждеге бас имейсің,
Сен қайтіп ақыретте оңам дейсің, —

десе, Тұрғынбай:

Молдаң зарлап жатыр ғой, беремін деп,
Алдап алып пітірді берері жоқ.
Тірі күнде байлығым жалғыз шолақ,
Әлектенген байлықтың керегі жоқ, —

деп іле-шала жауап қайтарыпты.

Ауылда болып жататын кейбір оқиғаларды ақын үнемі сынға алып жүретін. Бір күні күйеуін қайын жұртыңа барып кел деп жұмсап, қатты аязда бес бақайын үсітіп, үйінде отырған Қажыбектің келіншегіне кездесіп қалып:

Ойсыл-тойсыл болып жүр Торытайым,
Өлеңменен көзіңді жоғалтайын.
Келін боп келмей жатып, барып кел деп,
Үсіттің Қажыбектің бес бақайын, —

десе, Торытай:

Қайнаға Бискийге айдалғансың,
Кісендеп қол-аяғың байланғансың.
Мәстегін Таловканың ұрлаймын деп,
Өзің де бес бақайдан айрылғансың, —

депті.

Тұрғынбай айтыскер ақын емес, тек екі-үш ауыз суырып салмалығы бар көрінеді. Осындайда өзіне қарсы уәж айтқан адамдардың сөзін қатты бағалайтын ақын екен. Сондықтан да әлгі келіншектің бір ауыз өлеңіне риза болыпты.

Бір күні малын іздеп таба алмаған соң, сол маңда жақын тұрған Жексенбай қажының үйіне кіріп сәлем берсе, сәлемдесудің орнына Жексенбай:

Шоңайдан шығып жүрген сен бір дүрсің,
Кім жеңіп, кім жеңілер құдай білсін.
Сұр шекпеннің ішінде сұмдай болып,
Шоңайлардың ішінен неғып жүрсің, —

дегенде, Тұрғынбай:

Жексеке, ұйқыашардың азы болдың,
Басыңа жүн шықпаған тазы болдың.
Ұйқыашарың кісілікке қоспаған соң,
Ахметке ердің де, қажы болдың, —

деп, күйеу баласы Ахметке еріп қажы атанғанын айтқанда Жексенбай сөзден жеңілгенін бірден мойындапты.

ҚАРСЫ ҚҰДАЛЫҚ

Мен өз өлкемізде өмір сүрген әрісі Байқадам, берісі Тұрғынбай, Шушубай, Мұхамеджан (Әбенев) деген ақындардың шығармашылығын зерттей жүріп, Тұрғынбай ақынның қызы Нұрсәлима апамен 1972 жылы кездескен едім. Нұрсәлима апамыз ширақ, орта бойлы, домалақ адам екен. Ал енді, осы Нұрсәлима апамыздың күйеуі қаршыға руының ақыны, Шушубайдың жақын інісі Шәкер ақсақал болып шықты.



Тұрғынбай қызы Нұрсәлимә апа қызымен

Нұрсәлима апамыз бен Шөкер ақсақалды қатыгез тағдырдың өзі әкеліп қосқан сияқты. Бірде жылап, бірде күліп отырып өз басынан кешкен өмір ауыртпалығын Нұрсәлима шешей былай деп баяндап беріп еді:

— Байтоқа деген адамның екі баласы болады. Үлкені Молда, кішісі Қожа. Сол Молдадан Үркімбай, Тұрғынбай, Бұлғынбай дейтін үш баласы болған. Үлкені Үркімбайдың Байболды деген баласынан мен туамын. Бірақ менің ес біле бастаған кезімде әкем қайтыс болып, бір апайыммен мен Тұрғынбайдың бауырында өстім. Бір-екі жылдан кейін оның інісі Бұлғынбай қайтыс болып, оның жесір әйелі мен Шойынбек деген ұлын да Тұрғынбай қолына алды. Тұрғынбайдың өзі сіңірі шыққан кедей, сондықтан сонша жасқа келгенше қалыңмал беретін шамасы

болмай, әйел ала алмай жүрсе керек. Мен 1912 жылы қараша айында туыппын. Жетімге өз кіндігінен қан жаласып бірге туғаны болмаған соң кім қарап, қайырылысады. Жоқшылық, қиыншылықтың әсерінен, келер 1919 жылы күз айында өзіммен бірге туысқан апайымды бір күні түнде күйеуге аттандырып жіберді. Содан жоқшылықтың зардабы арқамызға аяздай батып, бауырымыз екеуміз сол ақсақалдың қол астында итшілеп өмір сүрдік. Тақыр жалаңаш кедей адам, бар күнкөрісіміз сиырдың сүті, оның өзі сол үйдегі бес адамға бөлінеді. Бәріміз бір сиырға қараған соң қайдан оңамыз, менің көрмегенім жоқ, айта берсем таусылмас бір дастан. Айналамыздағы ауқатты көршілердің қозысын бақтық, бұзауын жайдық, отымен кіріп, суымен шығып, тамақ асырап өмір сүрдік. 1923 жылы қаршыға руының Сегізек деген ауылында әке-шешесі бірдей өліп, біз сияқты төрт бала тірідей жетім қалыпты... Соның үлкені мына отырған менің ақсақалым Шәкер, олар екі ұл, екі қыз екен. Бұлар Шушубай ақынның ағаларының баласы екен. Міне, осындай уақытқа кез келген жетім біздерді өмірдің ағысы әкеліп бір-бірімізге қосты. Бұл ақсақалым да менің көргенімді көріп, әкесінің туысы Шушубайдың тәрбиесінде қалады, одан екінші бір ағайындарына кетеді, үлкен қарындасын біреуге ұзатып жібереді де, өз інісі мен қарындасы үшеуі бір үйде қалады.

Сонымен менің әкемді білетін Шушубай ақын бір күні өтеміс елі — Тайынтыда отырған Тұрғынбайға келіп, ақылдаса отырып, «қарсы құда» деген келісімге келеді.

Қарсы құдалыққа тіршілік жағдайы итермелеген. Өйткені менің әкем Тұрғынбайдың баласына құда түсіп қыз айттырайын десе шамасы келмейді. Ал, мына менің шалым Шәкерге әйел әперейін десе Шушубайда мал жоқ, тақыр кедей, қызыл шақа жетімдер. Сонымен екі жақ қарсы құдалық жүргізеді. Тұрғынбайдың баласы Шойынбекке Шәкердің қарындасын бермек те, мені Шәкерге күйеуге ұзатпақ. Екі жақ ешқандай қалың төлемей өз тойларын өзі жасап, өз келіндерін шамасына қарай өздері киіндіріп алуға келіседі. Бұл жағдай қазақтың ескі дәстүрінде «қарсы құдалық» аталады екен. Бұл Кеңес заманының алғаш қарқын алып, дүрілдеп келе жатқан уақыты, байлардың малы

айдалып, екі қатын алғандардың қатындарына теңдік беріліп, барлық бай-құлақтардың мойнына су кетіп жатқан заман еді. Сонымен қорыта келгенде, екі жақ қалыңдықты әрқайсысы өздері киіндіріп, ақы-пұлсыз, жасаусыз бірінен-бірі қыз алып, қыз бермек болып келіседі.

Мені алдымен аттандырып, мен Сегізек ауылына келін боп түсе сала, менің ақсақалымның қарындасын немере ағам Шойынбекке аттандырып, екі тойды бір-ақ жасамақ болды. Бұл артынан тап осылай болып шықты. Бір-екі күннен кейін жанына бір шалды ертіп, мына менің шалым келді. Үйдегілердің бірі күйеуге барасың десе, енді бірі нағашыңа барасың дейді, қайда барып, қайда кетерімді анық өзім де білмеймін, он бір жастағы уақытым, «мұнысы не нәрсе» деген ғана ойдамын. Еркін еш нәрсені аңғара алмаймын. Кеш батып, түн болған соң мына ақсақалымның жанына еріп келген шалдың атына мені мінгізіп, жанымызға ағам Шойынбекті ертіп аттандырып жіберді. Ондағы құлықтары ауылдың бірі көріп қойса кішкене баланы күйеуге берді деп көрсетіп, жазаға тартады деген ойы екен. Кешке жүріп кетіп, таң ата Құйымшақ еліндегі күйеуімнің нағашысының үйіне түстік. Үйге кіре нағашысының кемпірі қарағым-шырағым деп, жылы шыраймен бетімнен сүйіп, алды-артымды орап, дегбірсізденіп жүр. Жігітіме қарап: «Мынамен қайтіп адам боласың? Тым болмаса жол көрсетіп тәрбиелейтін шешең де жоқ!» — деп жылап-сықтап бір шай беріп, үйінен аттандырды.

Қазақ салты бойынша жаңа түсетін келіншекті бүкіл ауыл болып ауылға 1-2 шақырым жеткізбей жаяу қарсы алатын әдетпен Сегізек ауылы менің алдымнан шықты. Менімен келе жатқан күйеу далақтап шауып, келіншек әкеле жатырмын деген дақпыртпен сүйіншіге кетті. Жанымдағы ағатайым: «Ал, енді қарағым, ана жастар келгенше аттан түсіп, күте тұрайық», — деген соң, аттан түсіп тосып тұрдық.

Біраз уақыттан кейін қалың топ бізді қоршап алды. Басымдағы шәлімді біреуі жұлып алды. Және біреуі атымды алып қалды да, өзімді сүйрелей- мүйрелей ауылға алып келіп, бір үйге енгізді. Отау үйі болса керек. Келе сырт киімімді шешті де басымдағы орамалымды алып жіберіп, жүнін қырқып алған ешкінің қарнындай тоқырайған басымды

көріп: «Ойбай-ау, келіншектің мұрыны пұшық екен!» — деп сылқ-сылқ күлкіге көшті...

Сонымен сол күні көптің ортасында отырып уақыт өткіздім, қайдан келіп, қайдан тұрғанымды білмеймін, бала күнім ғой...

Күйеу жігіт болса абыр-сабыр, малын сойып, өзінің және қарындасының тойын өткізуде. Сол күні түні бойы менің әкем мен Шүшубай: «Бұрын жолдас едік, міне, енді құда болдық!» — деп өлең айтты.

Уақыт өтіп, той тарқады. Күйеуім қарындасын менің ағама апарысып, кері оралған. Үйде отағасы екеуміз ғана. Ене жоқ, күйеуімнің менен үлкен інісі құйымшақ елінде Дүзбай деген кісіде жалда жүреді екен, кетіп қалды. Қолымызда үш бұзаулы сиыр бар. Тамақ істеуді білмеймін, басқа шаруаға да еш ыңғайым жоқ. Әйтеуір су әкеліп, ертелі-кеш шай қойған боламын. Ақыры болмаған соң, өтеміске күйеуіммен еріп барып, маған ат мінгізіп жіберген шал менің күйеуімнің әкесінің ағасы екен, сол кісінің бәйбішесі мені қарамағанына алып, отау үйді жанына тіктірді. Сауынды, тамақты бірге істеп, екі жылдай сол кісінің тәрбиесінде болдым. Бірақ бәйбіше мені өте қатал ұстады. Барлық жұмысты жалшыдай істедім: бұзау айдап кел дейді, айдап келемін, сиыр айдап кел десе, оны да бұлжытпай орындаймын, бес-алты бас қойдың төлін де таң атпай жайып келем. Алайда аяғымнан тік тұрып, күні бойы арлы-берлі дамылсыз шапқылап жүрсем де, енеме бір жақпадым. Бәлкім, өзімнен де бар шығар, кейде ойнап кетемін де, бұзау еміп қояды. Және осы сияқты бір нәрселерді үнемі бүлдіріп жүремін...

Бір таңғаларлығы, енем кейде ұрып-соқса, кейде бауырына тартып, елжірей қысып-қысып алады. Осылайша бірде олай, бірде бұлай дегендей, жөндеп әйел санатына қосыла алмай, табандатқан бес жыл өткіздім. Бес жылдан кейін қазақтың «сөйлей-сөйлей шешен, көре-көре көсем боласың» дегеніндей, ананы-мынаны көріп, өз-өзіме келе бастадым. Анау-мынау жұмыстарымды өзім істеп, сөз айтқанына қарсы сөз айтатын дәрежеге жеттім.

Сөйтіп, уақыт жылжып өте берді. 1930 жылы маусым айының бесі

күні тұңғыш нәрестем дүниеге келді. Абысын-ажын, көрші-қолаңның тамақты ұрлап әкетуі, күлкі, саймазақ етуі, қарсы келіп, азу көрсетуі, бәрі, бәрі дерлік сап тиылған. Бір үйді тыпыр еткізбей, өз шаруамды өзім дөңгелеткен пысық келіншек болдым да шықтым.

Қазір Құдайға шүкір, балаларымның барлығы ер жетіп, отбасылы болды. Үлкен қызым Қазия бес баланың анасы, елге белгілі тракторшы болып, еңбегінің арқасында съездерге делегат болып, Москваға барып қайтты. Біз ақсақалымыз екеуміз де колхоз, совхоздың малын көп жылдар бағып, қазір зейнеткерлікке шыққанбыз.

САҚАТАЙ МЕН ТҰРҒЫНБАЙДЫҢ СОҢҒЫ КЕЗДЕСУІ

Мөлшері 1889—1914 жылдардың арасында өтеміс еліндегі Тұрғынбай шыққан шоңай деген рудан Сақатай деген өлеңнен хабары бар талапты бозбала болған екен. Бала жас болғанмен дарынды, өткір тілді, тапқыр болып өсіп келе жатады. Келешекте жақсы ақын боларын байқаған Тұрғынбай оны бір-екі ауыз өлеңмен сынап, байқап жүретін көрінеді.

Сол 1913—1914 жылдары Мұса болыс бір орыс мұғалімін балаларды оқыту үшін жалдайды. Әлгі орыс мұғалімі денсаулығы нашар, жарымжан адам болса керек, ақыры көп ұзамай қайтыс болады. Бұл кезде Тұрғынбайдың алпысты алқымдаған кезі болса керек. Жақын ағайындарының баласы, мұғалімі қайтыс болып, не істерін білмей жүрген Сақатайға Тұрғынбай:

Келді ме сені мұнда Құдай айдап,
Сақатай ашулансаң жейсің таяқ.
Қолыңда мұғалімді өлтіріп ап,
Жалаңбас неғып жүрсің, жалаң аяқ? —

дейді. Сонда жауаптан іркілмеген Сақатай:

Тұрғынбай мені көрсе өлеңдеткен,
Мұғалімнің қазасы құдіреттен.
Ешкі менен сиырды қырып салып,
Болдың ба одан тәуір аузы кепкен,—

деп бар малын қыстан қырып алып қатықсыз, соғымсыз қалған ақынды
күлкі қылады.

Тұрғынбай:

Далаға қақпан құрып, мал тапқанмын,
Үлкенге өлең айтып мен жаққанмын.
Сақатай, ерте тұрып қи күремей,
Өкпелеп қу тарыға сен жатқансың, —

десе, Сақатай:

Байеке-ау, қақпан салып мал тапқансың,
Үлкенге өлең айтып сен жаққансың.
Орыстың қу мәстегін ұрлаймын деп,
Сотталып Бискийге сен шапқансың, —

деп Тұрғынбайды іліп түседі. Сонда өлеңін әрмен қарай жалғастырған
Тұрғынбай:

Сақатай, ерте тұрып қи күредің,
Сол қиды азғана емес, көп күредің.
Сақатай, ерте тұрып күремесең,
Қайыржан, Есенбаймен текпілеген, —

деп Сақатайға ағаларының істеген қылықтарын бетіне басады.

Сақатай:

Ағаеке-ау, он жасымнан қи күредім,
Сол қиды аз ғана емес, көп күредім.
Қай қиын мен қазақтың күреп жүрмін,
Сонда да өз малым ғой деп күредім.

Сол сәтте ақын риза болып:

— Айналайын Сақашым, бері келші, бетіңнен сүйейін! — деп
құшағын жайып, өзіне шақырады. Сонда қашқақтаған Сақатай арқан
бойы алыста тұрып, ақынға бір ауыз өлең арнайды:

Ойласам мына жалған алмағайып,
Жүрдің ғой жазда алты ай ешкі жайып.
Өлгеніңше кебіс, мәсі бір кимедің,
Өкшесі шарқайыңның мыжырайып, —

деп бұрылып кетіп қалыпты.

Тағы бір жылы Сақатайдың шешесі босанып, баласы қырқынан
шыққан соң ауыл-үйді шақырып, той жасайды. Тойға ауыл адамдары
жиылып, әңгімелесіп отырады. Атын іздеп, таба алмаған Тұрғынбай тойға
жиналған көп адамдардың бірі болмаса бірі көрген болар деген оймен, той
жасап жатқан үйге кіріп келіп, қалың топқа бар даусымен былай дейді:

Сауысқан ала қанат бөрі алдында,
Отырсың ақсақалдар төр алдында.
Жоғалттым екі жирен, бір қаракер,
Байқастырып біреу-міреуің көре алдың ба?

Әңгімемен отырған жұрт бір ауыз жауап сөз айта алмай бәрі
Сақатайға қарайды. Сонда Сақатай отырған орнынан ұшып тұрып, бы-
лай деп жауап береді:

Тұрғынбай өлең дос, сен де бір дүр,
Бері қарап, маған таман мойныңды бұр.
Арқасында төрт жерден жауыры бар,
Жаман арық қаракер ар жақта тұр, —

дейді.

Бұл өзі баулып жүрген жас ақынның соңғы айтысы еді. Көп ұзамай талантты жас ақын ауырып, қайтыс болады.

БОЛЫС ПЕН ӘКЕСІ

Тұрғынбай ақын жолдастарының арасында бірде мынадай жайтты сөз еткен екен:

— Менің уыздай жас кезім еді. Топағаш деген жерде Томатайдың Исасы киіз үйді бірінен кейін бірін тігіп жатыр екен, сол жерге жетіп барып, қызыға қарап тұрғанмын. Астында көк жорға аты, үстінде орман шапаны, басында орман бөркі бар Мұсаның әкесі Түгелбай топты қақ жара келіп маған:

— Әй, сен Тұрғынбайсың ба?! Антұрған, неғып тұрсың?! — дегені. Сасқанымнан аузыма жөнді сөз түспей:

— Байеке, не істеуші едім, мына кісілерге қарап, селтиіп тұрмын ғой... — дедім.

Сонда Түгелбай:

— Антұрған, сенің өлеңің қайда?! — деп зекіп жібергені.

Сол-ақ екен мен де өлеңді қоя бердім ғой:

Партияның басы еді Жауыр байым,
Тіпті нейбет қалдық қой ауырлаймын.
Қай бетіммен, Дөле, мен өлең айтам,
Сақалын ұстап қалды Наурызбайым, —

деп Наурызбай партиясының жеңілгенін көлденең тарта қойдым.

Ал Түгелбай болса:

— Наурызбай жағында жүрген Мамақтың балалары туралы, антұрған, ана шалдың балаларын неге айтпайсың! — деді. Олардың аттары Әбит, Сәбит, Хамит дегендер еді.

Жолдас болып шығып ем Әбитпенен,
Болмай қойды қыржыңдап Сәбит деген.
Соларменен ұласып жүре бардым,
Алам ба деп бір шенді көп итпенен.
Жетпек түгіл, үзілді желкем жаман,
Болдым бірдей күшікпен сүтке тиген, —

деп едім, Түгелбай:

— Жүр бері, антұрған! — деп, томпаңдатып айдап кетті де, қымыз құйып тұрған Томатайдың Исасының алдына алып келді. Сосын:

— Мына Тұрғынбайға тойғанынша қымыз құйып бер! — деді.

Иса бір шара қымызды құйып, қолыма ұстата бергені сол еді, баласы Мұса қасыма жетіп келіп, мені сабамақшы болды.

Сонда әкесі Түгелбай ат үстінде тұрып:

— Әй, Мұса, Тұрғынбайдың маңына жақындама, күнде келіп мезі етіп жүрген жоқ қой! Түгелбайдың байлығы жетеді!, — деп еді, бір кесе қымызды қағып салған Мұса үн-түнсіз тайып тұрды...

КОЛХОЗ БАСТЫҒЫ

1929—1930 жылдары ауылдарда ұйымдастырылға коллективизацияның бас кезінде колхоз бірде тарап, бірде қайта құрылып жатты. Өйткені бай адамдар колхоздастыруға қарсы шығып, іштен іріткі жасайтын.

Нақ осындай бір науқанда ел арасындағы жағдайды өз көзімен көріп-біліп жүретін Тұрғынбай ақын, бірде колхозға сауатты жаңа

бастық Мұқабай Шоқатаев келді дегенді естіп, кеңсеге келеді. Сөйтсе Әлімхан деген байлар тұқымынан қалған бір қу жаңа бастықты айландырып, қызмет сұрап отыр екен.

Бұл құдың арғы аталарының бәрі бай-шонжар болатын. Содан жаңа өкімет келгенде олар Қытайға, т.б. жерлерге қашып кетсе керек. Ал Әлімхан болса молдалық құрып, ешқайда кете алмапты.

Ақын сол жерде іштегілермен амандасып, төрге өтеді. Жаңа бастық оны жылы қарсы алып, жанынан орын береді.

Сонда ақын бастыққа қарап:

Ассалаумағалейкум, қара таяқ,
Коммунаға қызмет қыл аянбай-ақ.
Қан ішкен, қара жүрек жауыздардан,
Ұрпақ қалып жүрмесін некен-саяқ.

Жайнай бер, жасара бер, колхоз елім,
Өмірде сарқылмасын шалқар көлім.
Оқыңдар, аш көзіңді, көрдің бе өне,
Төбеден мол құйылған күннің көзін. —

дегенде, жаңадан келген колхоз бастығы риза болып, ақынға үстіндегі көйлегін шешіп беріпті.

Кеңседен кетерінде Шоқатаевқа:

Сексенің арқандаулы от секілді,
Көкірегім жазып қойған хат секілді.
Қайтейін, кәрілік келді, күнім өтті,
Еш адам байқамаған зат секілді, —

деп, бастықпен қоштасыпты да:

— Қарағым, аман бол! Еңбегіңнің жемісін ел көрсін! Тек әйтеуір мына Әлімхан сияқтылардан аулақ жүргейсің! — деп аттанып кетіпті.

БОҚЫШ ҚАЖЫ

Құйымшақ аталатын елдің Боқыш деген бай адамы Меккеге барып қайтқан соң елді жиып, той-томалақ өткізіп жатқанын естіген Тұрғынбай ақын оған сәлем бере барады.

Ассалаумағалейкум, бердім сәлем,
Алыс жолдан келдің бе есен-аман.
Жер жүзін бақ-дәулетің алып жатыр,
Не сұрап барып едің Мединадан.

Меккеге барып, Құдайдың үйін көрдің,
Үйі тұрғай, Құдайдың өзін көрдің.
Кедейді де сол Құдай жаратып па?
Осы жағынан не сұрап, нені білдің? —

дегенде, Боқыш қажы аузын аша алмай қалыпты.

АҚЫННЫҢ ЖАСТАР СҰРАҒЫНА ЖАУАБЫ

Бір күні Тұрғынбай ақын жаңадан құрылған колхоздың кеңсесінің алдына жиналып жатқан жастарды көріп, бұл не жиын екен білейін деп қастарына барыпты. Тұрғынбайды білетін кәрі-жасы қаумалап, оны ортаға алады. Сонда көпшіліктің ішінен бірнеше жас жігіт тұрып:

— Ата, үлкен кісілер ана заман, мына заман дейді ғой, мұнысы қалай? — деп сауал қояды.

Сол кезде Тұрғынбай:

Бірталай қилы-қилы заман болған,
Бірі бай, біреулері жарлы болған.
Хан, төре, би, болыстар елді билеп,
Біреулері қожа, қажы, молла болған.

Жүз басы, елу басы, шабарманы,
Шабарман сол байлардың жандаралы.
Заңменен хат білуде істері жоқ,
Қаруы қолындағы шоқпарлары.

Өткен заман қараңғы түн боп өтті,
Еркегі құл, әйелі күң боп өтті.
Тұншығып, дем ала алмай тұрғанымда,
Арқалап бақ-дәулетті партия жетті.

Кедейдің таңы атты, күні шықты,
Кіжінген жүрегінен кірі шықты.
Бірігіп колхоз болып ұйымдасып,
Байларды жоғалтуға тілек қосты.

Жасасын партиямыз көзді ашқан,
Жайнатып, жарқыратып, нұрын шашқан.
Шыққанда айдай болып, Ленин ата,
Есі кетіп, капиталдың түсі қашқан! —

депті.

БОЛЫС, БИ, СТАРШЫНДАР

Сауатсыз кедей ақын Тұрғынбай алғашқы кезде өзіне жақын тартып жүрген бай адамдардың сөзін сөйлеп, партиясын қолдайды. Солардың бірі туыс-ағайын болып келетін Қорамсақтың баласы би

Наурызбай болатын. Ақын оның айтқанын орындап, кейде бір-екі ауыз өлеңін арнап қоятын. Мысалы:

Наурызбай Қорамсақтың би баласы,
Асып тұр шарасынан мал мен басы.
Халық алдында билікті жүргізгенде,
Әділ шешіміне адамның жоқ таласы, —

деп көтермелейді.

Бірде би-болыстардың жиынында кездесіп қалған ақынға Мұса партиясының бас биі Оразай:

— Әй, Тұрғынбай, сен өлеңді мына Наурызбайға, Мұсаға арнайсың да, мен дегенде аузыңды бір ашпайсың! Қане, мені де бір мақтап жіберсеңші! — деп, қолқа салған көрінеді.

Сөйтсе, Тұрғынбай ақын:

Би Оразай, мен сөйлейін сен сөйле десең,
Сен Наурызбайды жеңерсің екеулесең.
Арт жағыңды Мұсаға тыға бермей,
Мықты болсақ күніңді жеке көрсең! —

деп «сойып» салған екен.

Сосын Мұсаға қарап:

Әй, Мұса, Наурызбай саған берді екі шарын,
Тек отыр деп тоқтатты Құрсайларын.
Ақыл қоса жүргенде нең кетеді,
Наурызбай енелескен ағаларын.

Арадағы көп дұшпан не демейді,
Бұдан жаман болсын деп шүйделейді.
Мұса мен Наурызбай қызарысып, жағаласса,
Оразай сияқтылар үндемейді, —

деп бидің аузын жауып тастайды.

Және бірде кілең ығай мен сығай, қасқа мен жайсаңдар жиылып, түскі астарын ішіп отырғанда, орталарына Тұрғынбай ақын кіріп келіпті. Сонда ортада отырған Мұса болыс:

— Әй, қаңғыбас, орныңнан қозғалмай тұрып, бір өлең айт! — деп бұйырады. Мұндайда тартынатын ақын ба:

Ассалаумағалейкум ет жегендер,
Басынан бақ дәулеті кетпегендер! —

дей бергенде, Мұса болыс:

— Жарайды, арғы жағын айтпай-ақ қой, кел тамаққа отыр! — дейді.

Ет желініп, сорпа ішіліп, мұрт майланып, қарын қампиып, көңілдері жайланған жуандар ыңыранып, қысыр әңгімеге кіріскенде Мұса:

— Әй, Тұрғынбай, сен әлгі өлеңіңді аяқтамадың ғой! — дейді.

— Е-е, аяқта десең аяғы дайын ғой! — деп, ақын алдыңғы өлеңін жалғастырып жіберіпті:

Қасқырлардың ортасына кез болсам да,
Мұндайда ет жейді екен ептегендер! —

дегенде болыс Тұрғынбай ақынды үйден қуып шығыпты.

Жалпы, о бастан-ақ Тұрғынбай ақынның болыс, би, байлармен тұзы жараспаған. Олардың жағымсыз іс-әрекеттерін мысқылдап, талай рет жұрт алдында масқаралап кететін. Көбіне оның өлеңдеріне арқау болған қорқау болыс Мұсаның елге жасаған зорлық-зомбылықтары еді. Осыған орай мына бір жайтты айта кетуді жөн көрдік.

Мұса мен оның немере ағасы Наурызбай арасында ертеректе болыстық мансапқа талас жүреді. Әрбірі өзіне дауыс жинап, жақтасты көп табу үшін әрекет жасайды. Тастаған таяқ сорлыға тиеді дегендей, Мікебай деген бір кедей Мұсаның қаһарына ұшырайды. «Сен сайлау кезінде Наурызбайды жақтадың!» —

деп, үйіндегі талшық етіп отырған жарты қап бидайын тартып әкетеді.

Содан ба, әлде басқадан ба, кедей байғұс ұзамай қаза табады. Ел ішінде наразылық басталып, үлкен сөз қозғалады. Осыны құлағы шалған көршілес қаршыға елінің ақыны Шушубай осы оқиғаны Тұрғынбайдың бетіне басып:

Ақылдан екі жанай адасқансың,
Өзді-өзің болыстыққа таласқансың.
Бидайын үйіндегі тартып алып,
Мүкебай өліп қалды қарны ашқан соң! —

деп түйреп өтеді. Бұған қатты намыстанған Тұрғынбай:

Партия Наурызбайға Мәкеттерің,
Салыңқы барлығыңның қабақтарың.
Қасқырша бір-біріңнің етіңді жеп,
Бар болсын бүйтіп тапқан тамақтарың.

Қарашы Құдабайдың Көшеріне,
Еріп ап Қайырбайдың месеріне.
Қасеннің Жансейіті өсек тасып,
Соқтырды кісі өлудің кеселіне, —

деп, болыс-билердің істеген масқара әрекетін ел алдында жайып салады.

Осы тұста елді елеңдеткен тағы бір оқиға болады. Болыстық мансапқа тартыс кезінде айтқұл руынан, мамыр жанайынан Ақыбек, Қайырбек деген адамдар маусым айында Қайыңды деген биік шатқалдағы жартастан бүркіт балапанын аламыз деп аттанып, артынан із-түссіз жоғалып кетеді. Бір жыл бойы іздеу салған туыстарды оларды таба алмай қиналады. Сол күнде қолынан әртүрлі іс келетін Мұсаның

Танабай деген сенімді шабарманы Самар ауданының Құлужүн деген жерінде айлап жатып, алтын жуады екен. Өтеміс еліндегі алабақ жанай руларының адамдары жоғалған екі кісінің өлімін Танабай арқылы Мұсадан келді деп болыстан көреді.

Азаматтарынан айрылып, қысым көрген халық болысқа қарсы күш көрсете бастайды. Тіпті өрістегі болыстың малынан бірнеше қарасын сойып алып, елге үлестіріп те жібереді. Осылайша болыстың ісіне назаланған Тұрғынбай Мұсаға барып былай дейді:

Кетіп едің құс қарап,
Бейқам болып, бос қарап.
Жаныңдағы Қайырбай
Пәлесі бар басында.
Ерме деп едім болмадың,
Көрген күнің осы ма?
Жақсылығың — жамандық,
Орда қалдың сарғайып.
Бозторғайың ұшқанда,
Желкесін қиды бидайың.
Ақылбегім болмаса,
Қайырбайға сол ылайық.
Екі өтеміс баласы,
Қу аяқ Мұсадан болды жаласы!

Осыдан кейін Мұсаның үстінен уез бен губернияға шағым хаттар жолданып, орталықтан келген комиссия болысты уақытша орнынан алып, Рахым деген адамды «должен» болыс сайлайды. Комиссия істің мән-жәйін тексеріп, балапан аламыз деп кеткен жігіттерді қарамай дайындайтын ағаш арасында жүрген Чернов деген орыстың өлтіргенін анықтап, Мұса орнына қайта тағайындалады.

Бірақ 1916 жылғы көтеріліске байланысты Мұсаның бағы тайып, беделі төмендейді. Халықтың наразылығы тынышын кетіреді. Соның

салдарынан болыс күзеуін Тайынты бойында алмай, Қалба тауларында алады. Осы жағдайларды көріп жүрген ақын Мұсаға:

Ей, Мұса, араладың бес дуанды,
Жіңішке қылдай қылдың жұп-жуанды.
Мұса болыс үйінен шықты десе,
Бесікте ұйықтап жатқан бала оянды, —

деп, болыстың қаталдығын бетіне басады.

Кедейді адам-ау деп ойламадың,
Көз жасын көрмедің ғой жылағанның.
Елдің күші оңай деп ойлайсың ба?
Өскемен аталатын дуанды шиыр қылдың, —

деп, халықтың ашу-ызасын болысқа ескертеді.

Ақын ел аузында қалған кейбір өлеңдерінде болыс-билердің орыс пен қазақ арасын жалғаған тілмаштарын да сөз ете отырып, құлдық-зорлықтан құтылу жолын аңсап:

Аузынан жалын атқан Мұса болыс,
Бұларды еркелеткен тілмәш орыс.
Ел тонап, кісі өлтірген қылмыстары,
Заң менен шарифатқа болған дұрыс.

Желдіайрықтың желі тыныш сыз боп,
Шыбындыдан алдың ғой жақсы қоныс.
Кей кезде қаһарланған болыс көрсек,
Өтемістің аңшысы бірақ уыс.
Құл да жоқ, қулық та жоқ, зорлық та жоқ,
Күн туса еркін өсер кедей байғұс! —

деп, келешекке үміт артады.

Тұрғынбай ақын Бекбау мен Түгелбай деген байлардың болыстыққа таласы кезінде, қалың өтеміс елінің бір өңірін билеп отырған Тілепалды би аз атадан шыққан Бекбаудан пара алып, соның партиясын қолдап кеткені туралы былай деп өлең шығарыпты:

Баласы Тәмекенің Тілепалды,
Бекбаудан елу теңге, бір ат алды.
Болыс қып Шоқбатарды қоямын деп,
Бірталай Түгелбайдан ұят алды.

Би болды Ұйқыашарда Тілепалды,
Зарлатты талай нашар момындарды.
Болысымыз зорлықшыл, би парақор,
Әділетті айтатын кімдер қалды?

Ал Наурызбай биге:

Наурызбай Қорамсақтың би баласы,
Асып тұр шарасынан мал мен басы.
Би болып, пара алумен байысын деп,
Құранның жазылыпты қай парасы, —

десе, Томатайдың Исасына:

Исасы Томатайдың сен бір қырсық,
Жинайсың елден алым көрдей қысып.
Үй басы бір жарым сом алым түссе,
Не тайынша, не қой болар өсіп-өсіп.
Құрылып әділеттің таразысы,
Жоғалса қан сорғыштың қарасы өшіп, —

дейді. Ақын тап осылай Қамшыбайға да өлең шығарыпты:

Қамшыбай старшынға сен кандидат,
Мұндайда қан соқты боп ит құтырат.
Әкең Бейбіт жер ошақ аңдушы еді,
Бітті ме содан асып саған қайрат.

ЖҰБАНДЫҚ БОЛҒАНБАЕВМЕН КЕЗДЕСУ

Қазіргі Самар ауданы патша заманында «Бөкен болысы» атаныпты. Сол Бөкен болысының ауылдарының бірінде, кедей отбасында Жуандық Болғанбаев деген бала дүниеге келеді. Біраз жасқа келгенде әке-шешесі дүниеден озады. Әке-шешесінің Тайынты ауылында Жауыр деген адаммен жақыншылық ара қатынасы болғандықтан, Жауырдың қолында да біраз жыл тұрады. Ақыры Бөкендегі ауылына қайтқан кезде, ол жерде болыстар балаларын орысша оқыту керек деген жоғарыдан нұсқау келіп, болыстың баласының орнына жетім бала Жұбандықты Көкпектідегі орыс мектебіне беріп жібереді.

Жұбандық бұл мектепті өте жақсы бітіріп, Семей жақта әрмен қарай оқуын жалғастырып, талантты, ақылды, өткір тілді, орысша-қазақша сауатты, дарынды жігіт қатарында көзге түседі. Әртүрлі қызмет атқара жүріп, Омскі, Орынбор қалаларына барып, білімін жалғастырып, орта дәрежелі заң қызметкері дәрежесін қорғап, сол мамандығы бойынша Семей губерниясында жұмыс істейді.

Қызметін атқара жүріп, большевиктер партиясының жетекшілерімен танысып, 1912—1913 жылдарда Семей, Өскемен уездерінде болып жатқан саяси жағдайлар туралы бүркеншік атпен мақалалар жазып, «Правда» газетінде тілшілік жұмысты қоса жүргізеді.

Жуандық Болғанбаевтың тілшілік қызметі және өмірі туралы қарт журналист Зәбер Баянов архив материалдарына сүйене отырып, 1975 жылы «Правданың тілшісі» деген кітапша шығарды. 1920—1922 жыл-

дары бірде ақ гвардияшылар, бірде қызылдар басым болып тұрған кезде Болғанбаев жоғары жақтың нұсқауы бойынша бір мерзімге Бөке болысына болыс сайланып, Тұрғынбай ақынмен кездесіп қалғанда, оны Мұса болыс сияқты патшаның чиновнигі ретінде таныған ақын оны былай сынайды:

Сен болдың бала күнде жетім тазша,
Таз басың теңеліпті бүтін басқа.
Оқуға бала сұрап, бұрын жетіп,
Садақаға таппады сенен басқа.

Ел біледі бұйрықтың келгенін де,
Болыс сені садақаға бергенін де.
Бай баласын береме шоқынат деп,
Жөн болды әке-шешең өлгені де.

Оқытып интернатта басың жазды,
Ел сеніп, болыс қойды сендей тазды,
Болыс болып еліңді жаудай шаптың,
Ел сенімін ақтайтын арың азад.

Осылайша елдің тынышын кетірген арсыз болыстардың есесін уақытша болыс болып келген Жұбандықтан алады. Бірақ Жұбандық өмірінің ақырына дейін кедей таптың жанашыры болғанын естен шығармағанымыз жөн. Ал Тұрғынбай ақын Болғанбаевтың большевиктермен байланыста екенін білмеген болса керек.

Жалпы, болыс-билер ақыннан қатты сескенетін еді. Содан әбден жүректері шайлыққан олар Тайынты еліндегі болыс Мұса Түгелбаевқа келіп:

— Тұрғынбай кезеп бізге тиісуін еш қояр емес! Әсіресе, Сібір жақтан келгелі тіпті желігіп алды, сондықтан өзіңіз бір ретін келтірмесеңіз... — деп шағым жасайды.

Не істерін білмей амалы таусылған болыс ақыры ақынды шақырып алығ:

— Кедейдің жыртысын жыртып нең бар, олардан саған түсер бір тиын пайда жоқ қой! Сол үшін мұнан былай болыс-билерді, старшындарды ашкерелеуінді қой! Одан да тыныш жүріп, анау балаларың мен бәйбішеңнің жағдайын ойластыр. Егер алда-жалда өлеңімді тастай алмаймын десең, сонау Ақжал кеніне, Риддер жұмысшыларына, Сібірге қаңғып кеткен қазақ жатақтарына бар. Соларға өлең айтып, бойыңа сыймай жүрген өнеріңді көрсет! Өздері жарымаған көкжұлындар сені қалай әлпештер екен көр! — деп көл-көсір ақыл айтқан болады.

Бірақ Мұсаның бұл сөздеріне қатты ызаланған ол:

— Тегі мені өтеміс еліне жолама демексің ғой?! Мені елден қуатындай, сен өзің қайдан шығып едің?! — деп қарсы шығады.

Бұған болыс одан сайын ашуланады.

— Ендеше жоламасаң жолама! Өзім болыс болып тұрғанда сенің аузыңды жабуға шамам жетеді! Егер тілімді алмасаң, менің маңымды басушы болма! — деп тіпті қатты кетеді.

Болысқа өштескен ақын өндірісті жердегі жұмысшылар арасында сіңіп кеткен қазақ жатақтарын аралауға шығады. Есесіне қарапайым жұмысшылар оған болыс-билерден артық сый-құрмет көрсетеді. Жұмысшы жатақтардың жомарт қайырымдылығы оны жігерлендіре түседі. Олар оның өлең-жырларын ерекше пейілмен тыңдап, ақынды өте жоғары бағалайды.

Тұрғынбай ақын өндірістегі жұмысшы қазақтардың арасында біраз болып, кейін Тайынты болысындағы өз ауылына кері оралады.

СІБІРГЕ АЙДАЛУ

Тұрғынбай ақын өмірінің ақырына дейін би-болыс, старшындардың оғаш істерін бетіне басып, халық алдында масқаралаумен өткенін, оның ашына айтқан өлең жолдарынан үнемі кездестіріп отырамыз. Ақынның осындай уытты өлеңдерінен болыс, билер ел алдында қарабет болып, кіруге тесік таба алмаған.

Сондықтан старшын, билер бір күні жиналып, Мұса болысқа келіп, мына Тұрғынбай кезепке қанша ескертіп ақыл айтсақ та бізді халық алдында жамандап, елді іріткенін қояр емес, бір ретін тауып көзін құртпасақ, іс насырға шабатын түрі бар деп шағым жасайды.

Амалы тауысылған Мұса ақынды шақырып алып, кедейдің жыртысын жыртып, сенің не жұмысың бар? Олардың байлармен теңесіп саған берер бір тиын пайдасы жоқ. Бұдан былай би, старшындарды ел алдында әшкерелеуіңді қой! Осы өлеңдеріңмен өзің де көрешегіңді көріп жүрсің. Елдің ішін қаза бергеннен саған пайда бар ма, одан да осыдан былай артыңды қысып, аузыңды жауып жүр деп ақыл айтады. Бірақ ақын оны тыңдамай, қайта, бір-екі ауыз өлеңімен етінен өтіп, сүйегін жететіндей сын айтқандықтан, қатты ашуланған болыс оны үйінен айдап шығады.

Сол жылы күз айларында ақынның ішкері орыс поселкелеріне (Ертіс бойы) барып жалдама жұмыс атқарғанын аңдып, сыбайлас ұрыларын жіберіп, Таловка селосының жылқыларын ұрлатады да, Тұрғынбай ұрлады деген жалған акті жасап, екі жылға Сібірге жер аударады. Іс Өскеменде тексеріліп, қолы кісендеулі Тұрғынбай ақын Барнауылға қарай әкетіледі.

Содан екі-үш күннен кейін қазіргі Шемонаиха ауданына қараған Выдриха (Құндыз) ауылына келеді. Ауылда біраз тоқтағанда бір топ орыстар арасында кетіп бара жатқан қазақ қызын көріп, аң-таң болған Тұрғынбай ақын былай деп сөз бастайды:

Шықтым да мен Соградан Құндыз келдім,
Жол жүріп түніменен, күндіз келдім.
Көшеде жанды білмей тұрғанымда,
Япырай, мұсылманнан бір қыз көрдім.

Сол кезде қыз да іле-шала жауап қайтарады:

Ағатай, неғып жүрген мұсылмансың,
Түсің жүдеу, ретің қысылғансың.

Көшенің ортасында жүдеп тұрған
Бейшара, жөніңді айтшы неткен жансың?

Тұрғынбай:

Мен мұнда жалғыз келдім, найман елден,
Ұрлықтың тек жүрмеген бейнетінен.
Мұжығы Таловканың соттаған соң,
Барамын тергелгелі Бискийден...

Қыз:

Жолама жамандыққа мұны білсең,
Неге істедің ұрлықтан жәбір көрсең.
Екінші әрі ұрлықтан тыныш боласың,
Айдалып қол-аяғың кісенделсең.

Тұрғынбай:

Мен сені ойлап едім, жақсы қыз деп,
Айтасың оның несін маған сөз деп.
Нан үшін көрінгенге арың сатып,
Көшеде сен де жүрсің қалаш іздеп...

Сөзден тосылған қыз ақыннан кешірім сұрай тілге келіп, жөн сұрасып, үйіне қонақ болуды өтінеді. Бірақ айналасындағылардан сексенген ақын қипақтап не істерін білмей тұрғанда, күн батып кетіп, амалсыздан басшылар Тұрғынбай ақынның қасына бір кісіні қосып, қызбен жіберуге келіседі.

Ақын қыздың үйіне келіп, оның әке-шешесімен танысып, шайсудан ішіп, би болыстарды қатты сынағаны үшін Сібірге айдалып бара жатқандығын түсіндіреді. Өлеңге деген қабілеті зор, ой-өрісі жүйрік қыз

балаға қатты риза болған ақын кетерінде батасын беріп, Барнауыл жаққа аттанады.

Біздің Қазақстан жерін мекендеуші қазақтарды ол кезде Сібірдегі бай, өте діншіл киржақтар «киргиз» деп атайтын. Қазаққа өз ыдыстарымен ас бермейтін. Өздерімен бір дастархан басына отырғызбайтын. Қазақтың қолы тиіп кеткен асты «арам болды» деп, я итке, я шошқаға беретін. Сақалдарын алдыру күнә, темекі тарту күнә болып есептеледі екен. Ал моншаға түсу әдеттері тіпті қызық болған, яғни бір семья үлкен-кішісіне қарамай, бәрі бір моншаға жуына береді екен. Мысалы, келіні атасымен, қыздары әкесімен, ағаларымен бірге түсу ұятқа саналмаған. Бірақ, жалдап алған жалшының ақысын толық төлеу, киімін жылы киіндіру, өзіне арналған ыдыстарымен тамағын тойдыру, мейрамдарда демалыс беру, мейрам күні егер жұмыс істесе, оған қосымша ақы төлеп беру, егер ол қыдыратын болса, мейлінше азық-түлік, ішімдікке дейін беру жағы Сібір киржақтарының арасында мейлінше әділ болған.

Бір ғажабы, басқа түссе адам неге көнбеген, өте талантты ақын Сібір жерінде киржақтардың гормонымен тартылатын талай музыкаларын, ән-күйлерін орындап, үйреніп те алыпты. Осындай өнерпаз ақынды Сібір киржақтарының өзі: «Батюшка Турғынбайушка, асқа бізбен бірге отырып, дастархандас болыңыз!» — десіп, қатты құрмет көрсетіпті. «Сырғанақ», «Қызыл жұмыртқа», «Қысты шығарып салу», тағы басқа ірі-ірі мейрамдарына арнайы шақырып, бір үйден екінші үйге ертіп жүріп, өкшесін жерге тигізбей сыйлайды екен. Кейбірі, өз көңіл-күйіне байланысты сыйлықтарын да беріпті.

Ақын әрбір үйдің тамағынан ауыз тие жүріп, татар гормонымен орыстың біраз халық әндерін әсем орындайды. Мейрам күндері шарапқа тойып алған ауқатты киржақтар гормонға қосылып, таң атқанша өлең айтатын. Ақын өзі көңілденген уақыттарында орысша-қазақша өлеңдерінде, би-күйлерінде дүрілдетіп қоя береді екен. Ақынның бұл өнерін өзі жүрген жердің кәрі-жасы қатты ұнатып, қалың көпшілік жапа тармағай шуылдасып, қолдарын шапалақтап, билеп те жібереді. Би билеп, әбден мейірі қанғандар ақынның қолын алып:

— Көп рахмет, Батюшка Тұрғынбай! Сіз болмасаңыз мейрамымыз мұндай көңілді өтпес еді! — деп бетінен шөп-шөп сүйетін.

Осылай Тұрғынбай ақын екі жыл бойы Сібір халқының арасында тұрады. Сібірлік адамдармен танысып, достасып та қалады.

Ол уақытта Сібір — азап өлкесі атанды. Бұл жаққа әртүрлі қылмыс жасағандар аттандырылатын. Оның үстіне ақынның айдалып барған уақыты, Столыпин реформасы бойынша орталық Россиядан қоныс аударушылар кезеңімен тұстас келеді. Екі жылдың ішінде ақын орыс тілін біраз меңгеріп те алады. Азды-көпті саяси оқиғалардан да мағлұмат алып, туған елі Тайынты болысына көзі ашық азамат болып оралады.

Туған елі, туыстары, құрбы-құрдастары ақынды зор қуанышпен қарсы алады. Еліне келгеннен кейін де ақын өзінің тәтті күй, көңілді ән, мазмұнды өлеңдерін кедей тап арасында айтып, жарлылардың көңілін көтереді. Шығыс Қазақстан облысына қараған елдердің барлық болыстарын аралай жүріп, өзінің уытты өлеңдерімен болыс-билерді сынауын еш доғармайды.

ШУШУБАЙ АҚЫН

Шушубай мен Тұрғынбайдың алғашқы кездесуі туралы Досан Татиков ақсақалдың аузынан 26 мамыр 1974 жылы жазылған әңгіме. Бұл өлең жолдары екі ақынның алғаш кездесулерінің бірі болса керек.

Мұса болыстың әкесі кедейліктен бай адам қатарына қосылып, бір жылы жайлауға ертерек қоныстанып, қоныс тойын өткізу үшін алты қанат киіз үй тіктіріп, ыңғай өзіне таныс қасқа мен жайсаңдарды шақырып, қымыз ішуге кіріскен кезде үстеріне Шушубай ақын кіріп барыпты. Сөйтсе сол жерде Өтеміс елінің төкпе ақыны Тұрғынбай да отыр екен. Бұл екі ақын түйедей құрдас, бір жылдың төлі көрінеді. Сонда Тұрғынбай:

Шушубай, сатып жүрсің мелішіңді,
Бір тәуір сөз айтпайсың келісімді.

Жүн-жұрқа, тері-терсек сен жинайсың,
Осы елден жазып па еді ырсыңды,—

дегенде, Шушубай:

Тұрғынбай, мініп жүрсің торшалғын,
Ақымақ байқамайсың сөз қонағын.
Байлықпен үйіңде сен жатырсың ба?
Жиып алып етігіңнің ұлтарағын, —

деп, жыртық етігінен шығып тұрған ұлтарағын бетіне басыпты.
Сөзден жеңілгісі келмеген Тұрғынбай:

Дүниеде жан көрмедім Шушубайдай,
Меліш сат деп жаратты сені Құдай.
Дәулетті төрт өзенді бөгеп жатқан,
Еліңде байың бар ма Түгелбайдай, —

деп, Мұсаның әкесі Түгелбайды көлденең тартады.

Шушубай:

Қар жауар аспан көктен қарадауыл,
Қар жауғанда жатпайды қара бауыр.
Желдібай Жарылғаппен бір тұрғылас,
Желдібайды сұрасаң он екі ауыл.

Тұрғынбай:

Шушубай, сенің өзің мұрын бардың,
Мұрынға барша жаннан бұрын бардың.

Мұрынға¹ барсаң дағы шыдай алмай,
Салақтап қаршығаға қайта салдың.

Шушубай:

Барып ем мұрын шешем аруағына,
Құдайым медет бергей тіл жағыма.
Тұрғынбай мен көрмегендей мақтанасың,
Тентіреп барып келген Мамағың² да.
Келдің бе аман-есен Биіскииден,
Аллаға қылған ісің келіспеген.
Ізғұтты ағаң Мұсаға старшын болғаннан соң,
Шоңайдан бір төрт жігіт өрістеген.

Тұрғынбай:

Қорқады шарифаттан ғариф жаным,
Құдайым қуаттандыр дін исамын.
Шушубай көрмегендей мақтанасың,
Айдалып кеткен жоқ па еді Ботманың.

Шушубай:

Келдің бе Биіскиидің қаласынан,
Айдалдың буырыл тайдың жаласынан.
Ізғұтты ағаң старшын болғаннан соң,
Шоқайдың³ кісі айдалған баласынан.

Алты өтеміс қалбадан асып бардың,
Асып барып қалмақтан жылқыны алдың.
Жылқыны алғанменен алып келмей,
Алтауың да сол жақта өліп қалдың.

¹ Мұрын — өрдегі наймандар ішіндегі ру. Кезінде Шушубай нағашыларына кетіп, кейін қаршығаға қайта оралыпты.

² Мамақ — өтеміс еліндегі бай адамдардың бірі.

³ Шоңай — өтеміс ішіндегі ру аты, Тұрғынбай мен Ізғұтты осы рудан.

Дүниеге жаратылған ақымақ ит,
Қисықтыққа келгенде алдына жан салмайды.

Мендей шал үйінде отыр дінін күтіп,
Келінім ақырады жүндей түтіп.
Келін өктем болған соң амал бар ма,
Ойлаймын бір күні ала ма деп көзім шұқып.

Қатын өлді алмадым малды қиып,
Не қылам деп ойладым нәпсім тиып.
Алмағаным оқыстық болған екен.
Келін бала тастайды түйіп-түйіп.

Жоғарыда Шәкер Тұрғынбайға күйеу бала болса, Нұрсәлима апамыз Шушубайға келін болып түскенін баяндадық.

Мен 1973 жылы Шәкер мен Нұрсәлима апамызбен кездескенімде апамыздың жадында Шушубайдың мына бір шумақтары есінде қалыпты:

Қалаға бір шана отын алып жүрдім,
Соңынан барған елдің мен де бардым.
Отынды 65 тиын ақша қылып,
Жоғалтып қап пен сырмақ үйге келдім.

Жүргенде жол бермейді сағырбұлақ,
Қалды ғой сол бұлақта шанам құлап.
Қолына балтасын ап Өтем келді,
Азырақ басқасынан жақынырақ.

Шанаға Өтем кетті қабын байлап,
Соңынан мен де жүрдім атымды айдап.
Атымды айдап жүргенде далбақ қағып,
Қалыпты қабым түсіп, сорым қайнап.

Артымда Дәркенбай мен Қали да бар,
Жаманның сраман тартқан бәрі де бар.
Қабымды алған кісі бермеді ғой,
Есесін өзі берсін әділ жапар.

Ертістің мен тоқтадым жиегінде,
Күйі бар домбырамның тиегінде.
Өзіме Құдай өлең бергеннен соң,
Өлеңнің киесі бар иегімде.

Жоғалттым Әйбөпенің екі қабын,
Мінгенде ат елейді айыл табын.
Бұрында тымақ жақсы кісі-ақ едім,
Келдім де осы елге кетті бабым.

Тұрғынбайдың күйеу баласы Шәкер ақын 78 жасқа келгенде, қонақ болып отырып: «Әй Шәкер, Шушубай менен артық шешен ақын емес, бірақ мына біздің өтеміс елінің сотқарларының қылығын бетіме басып, тоқтата береді деп сырын шертті», — дейді Шәкер. Расында халықтың бағалауында екі ақын бірімен-бірі тең деп баға береді. Ал Шәкердің есінде Тұрғынбайдың кәрілік туралы айтқан мына біраз шумақтары қалыпты:

Жетпістің сегізіне келді жасым,
Ғаріп болды қартайып қайран басым.
Өзің себеп болмасаң пәрар дикар,
Күнәнің білуші едім арылмасын.

Сегізіне жетпістің жасым келді,
Жылдан жылға кәрілік басым келді.
Бұл жетпісті құлаштап алып едім,
Сексен деген қырқа жоқ асу келді.

Мына сайран сайран боп тұрмас па екен,
Кетерінде мойынды бұрмас па екен.
Бұл жетпісті құлақтап алып едім,
Енді сексен бір оқыс қылмас па екен.

Тісің түсіп аузыңнан сөзіңді алар,
Жас ағызып мына екі көзіңді алар.
Төрт мүшеңнің бәріне белгі салып,
Айналдырып келгенде өзіңді алар.

Екінші тарау

1916 ЖЫЛ: СЕМЕҮ ЖЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Бұрынғы Семей облысының Шар өзені Қалба жоталарын мекендеген қалың найман елінен таралған матай руларының ғасырлар өрнектеген тарихи сырлары толып жатыр. ХІХ ғасырдағы Ресей өкіметінің қазақтарды түбегейлі бағындыру үшін жүргізген реформалары бойынша Шар өзенінің батыс жағы Қарабұжыр болысы аталып, сол өлкеде орналасқан қазақ ауылдары (рулары) Қарабұжыр әкімшілігіне қарады. Ал, Шардың Шығыс жағы Ұлан ауданымен түйісіп, Қалба болысы аталып, ол жердегі ауылдар сол болыстың әкімшілігіне тікелей біріктірілді. Кейін Өскемен оязына (уезіне) 17 болыс қосылды. Найман елінің ішіндегі (1880—1920 ж.) тасы аспанға өрлеген, аса байып, болыстық билік тұтқасын ұстаған қожамқұл, арықматай ішіндегі байыт — барлыбай табы еді. Бұлардың өзі бірнеше ауылдардан құралды.

Оқушы қауымға түсінікті болу үшін біраз тарихи деректер берелік. Байыт табы матай елінің қожамқұл тармағынан таралып, байыт аталған. Сол Байыттың кіндігінен төрт ұлы болған. Әке балаға сыншы деген қағида бар.

Байыт өте сыншыл адам екен. Бір күні бар балаларын отбасымен асқа отырғызып, тамақтанып отырғанда бір баласына қарап: «Әй, сен ет жегенде тесіліп табақтың түбіне қарай бересің, сенің тұқымыңнан билік құратын адам шықпайды», — депті. Екінші біреуіне қарап: «Әй, бір шықса осы сенің тұқымыңда бір қаспақ қалып, бір адам атқа мініп, барлығыңды бір жерге жинар», — деп артында осындай сөз қалдырыпты.

Кейін сол Байыт аталары айтқан сыни көзқарасы тура келіп, төрт ұрпақтың бірінен таралған Тоқтыбайұлы Қайранбай еті тірі, пысық, жігерлі, ақылды, сауатты адам болып, жас күнінен атқа мініп, ел ісіне араласып, жақсылармен жанасып, сауатты адам ретінде ел құрметіне бөленіп, Меккеге барып келіп Қайранбай

қажы атанды. Қайранбайдың жас кезінде 1830—1837 жылдары ауа райы бұзылып, Қалба, Ертіс бойына сәуір айының ортасында қалың қар жауып, жұт басталып, ел ашаршылыққа ұшырайды. Мал қырылып, ашаршылыққа ұшыраған жұрт Үржар жақтағы қаракерей еліне ауады. Бұл қиыншылық Ұлан ауданы болыстарын түгел қамтиды. Сол кезде ауа райы Тарбағатай, Зайсанға шеңгелін салмаған екен. Ұландағы қазақтар сауын сұрап, Тарбағатайдағы ағайындарына барып, олар үш жыл төлін пайдалану үшін 500 бие беріп көмек жасапты.

Матай елінің ауып барған адамдары сол өлкені бірнеше жыл мекендеп, бұрынғы Шар, Қалба бойындағы мекеніне қайта оралса, мұнда қаракерей руларының ауылдары орналасып қойыпты. Қайранбай Семей қаласының әкімшілігіне шағым жасап, бұрынғы жасалған архив карталары бойынша, өз қоныстарын босаттырып, тарыдай бытырап кеткен матайларды қонысына жиып, қайта қондырыпты. Сол кезде Семейде Әміре деген басшылықта отырған адаммен танысып, болыстардың қатарына ілінеді. Ауылында мешіт, медресе салдырып, балалардың сауатын ашу үшін үлкен еңбек жасайды. Міне, Қайранбайдың егде тартып қалған тұсында інісі Ілбісін қайтыс болып, баласы Мұхамед Қайранбайдың тұңғыш ұлы ретінде қолында қалды. Оны еркелетіп, тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай тәрбиелеп, сауатты адам қатарына қосады.

Жасы егде тартып қалса да жанына ертіп, ел билеу ісіне араластырып, өз балаларын Мұхамеджанның айналасына топтастырып, болыстық орынын береді. Өзі өлгенше ел билеу жөніндегі ақыл-нұсқау Қайранбай қажы тарапынан жүргізіледі. Қайранбай және Мұхамеджан Ілбісінов Ресей капиталистерімен тығыз байланыста жүрген екі миллионер (купец) Латиф Мусин және Шерияздан Рафиковтармен тығыз байланыс жасап, алтын

өндіретін бірнеше кен көздерін ашады. Олар: Сынтас, Алайғыр, Балажал, Қазаншұңқыр, Бөке, Бесшоқы, Ақжал, Жантас.

Бұл кен орындарына патша өкіметі тарапынан арнаулы қызметкерлері (урядниктер, стражниктер, полициялар) бақылау жасайтын болады. Капиталистер мен саудагер миллионерлер Қайранбай Тоқтыбайұлына әртүрлі сый-сияпат көрсетіп, қолына қондырып, ел басқару ісімен қатар кәсіпкерлік (бизнес) жолына жетекшілік жасап, баю жолына түсіреді. Қайранбай мен баласы болып кеткен Мұхамеджан уездегі басшыларды да қолына қондырып, олар арқылы бас пайданы іске асырып отырады. Алтын көздері бар жерді мекендеп отырған ауылдарды көшіріп, басқа жерден үй-қора салдырып, керекті заттарын (шай-пұл, қант, ұн, ат-көлік, арба-бричка, шөп және егін оратын машиналар) рудниктер атынан көмек көрсету ретінде беріп отырған. Осыған орай жергілікті әкімшілік ретінде 15—20 жылдар бойы миллионерлер пайдаланатын заң актілеріне, бағалы іс қағаздарына Қайранбай мен оның мұрагері Мұхамеджан Ілбісінов болыс ретінде мөрін басып, миллионерлерді қолдаған. Сөйтіп, олар жоғарыда отырған уезд әкімшіліктері арқылы қалауынша болыстарды өздері сайлап алатын жағдайға жеткен. Семей өңіріндегі осынау алтын өндірісінің өркендеуіне байланысты матай тайпасы ішіндегі қожамқұл рулары, оның ішіндегі байыт табы байып, 10—15 жылдың ішінде үлкен-үлкен ақбоз үйлер тігіп, қыстық үйлерін ағаштан салып, Қалба маңындағы елдің алдыңғы қатарына шыққан. Олар жоғарыда отырған патша чиновниктерімен тығыз байланыста болып, болыс, би, старшын, т.б. қалауы бойынша жақын-жақабайларынан сайлап отырған. Барлық жиыны 3000 шаңырақ 24 старшыннан тұратын елге 24 старшын, 24 шабарман және билерді өздері сайлап, ашса алақандарында, жұмса жұдырығында ұстаған. Оларға жылына 360 сом ақша төлеген.

Шабармандарды белгілі дәрежеде киіндіріп, бір жүйемен ұстап, жазда мінетін бір құр ат, қысқа мінетін екінші ат берілген. Солардың бірнешеуін атап өтейін: Қара Мұса қайнағасы, басқа жақындары — Әміре Тоқбаев, Шаянбай Мәдіұлы және Сайболат деген адамдар. Қалалы жерлерде қызмет бабында жүретін керекті бірнеше тілмаш-тілшілері болған. Старшындар, болыстар облыс көлемінде жылына бір, кейде екі рет орталыққа шақырылып, үлкен жиналыс съездерге қатыстырылады. Ол үшін оларға күн ілгері жататын үй, ас-су, күтушілер дайындалып, қайтарда әртүрлі сыйлықтар берілген. Алдыңғы қатардағы келе бас жуандарға қайтар кезінде Алтайдың күмістеген кесесі, шеберлер тіккен қасқыр ішік, болыстарға қара қылшықты түлкі тымақ, бәйбішеге сәлемдеме ретінде белгілі мөлшерде бұл, қант, шай берілген. Бұл заттар қаладағы байлардың дүкендерінен алынған. Ақшаны, әрине, қалталарынан төлемейді. Алдын ала есептеліп, миллионерлер мен Мұхамеджан Ілбісінов есебінен (счетован) бөлінген. Бұл дүлей шығынның қайнар көзі қайдан?

Жоғарыда аталған өндіріс ошақтарына керекті жанаржағар май, отын, құрылыс материалдары, ет, май, шай, ұн, т.б. Мұхамеджан Ілбісінов атынан дайындалды. Мысалы, Тарғын, Сібе, Тайынты болыстары жерінен бөрене, салма, тақтай, т.б. шахтаға керекті материалдарды мердігерлер арқылы жұмысшылар жалдап, ат-көліктермен рудниктерге жеткізілсе, малдың терісі, жүні, ет өнімдері, ірі қара малды Ақсуат, Тарбағатай, Зайсан жеріндегі болыстардан әкеліп отырған. Бұл іс М.Ілбісіновтің бірнеше сенімді саудагерлері арқылы орындалады. Жиналған заттар өндіріс орындарына М.Ілбісінов атынан тапсырылып, оның есеп-шотын толықтырады. Мысалы, жоғарыда аталған кен орындарына қажетті материалдар мен азық-түлікті жеткізіп отыру үшін сенімді, жұмысты атқару тәжірибесі бар

60 адам тартылған. Олар дайындап тапсырған өнімдердің 25 пайыз ақшасы М.Ілбісінов болыстың банктегі есеп-шотына түсіп отырған. Ал, екінші табыс көзі қарапайым халықтан түскен. Кедей болсын, ауқатты болсын, егер қолында кісі қызығатындай семіз өгіз, семіз жылқы, бие, жүйрік ат болса, ебін тауып, әртүрлі төлемдердің (налог) есебінен сыпырып алып отырған. Бұдан түскен ақша қаладағы әртүрлі шығындарды жабуға, параға жұмсалған. Міне, осындай өндіріс орындарының жедел түрде Семей облысының Қарабұжыр, Қалба, Матай жерінде жандана бастауы нәтижесінде, капитализм элементтері қанат жайып, шаруалармен қоса жұмысшы табы да қалыптаса бастады.

Қайранбай қажыда, қыздарын қоспағанда, жеті ұлы болған. Олар: Жәмел, Хәлел, Шәріп, Мұхаметжүсіп, Дәуіт, Фазыл, Садық. Жәмелден — Ағзам (1906ж.), Фатих (1909ж.), Хәлелден — Ғахиф (қуғынға ұшырап, Қытайда өлген), Қабдышүкір (1915ж. Бозанбай ауылында қайтыс болды), Қабдыләфар (Жәбәш, 1917 ж.) және Кәмәлбек. Шәріптен — Ғани көп жылдар Ұлан ауданында ұстаздық атқарып 1941жылы Ұлы Отан соғысы құрбаны болды. Екіншісі, Әди Шәріпов — атақты партизан, мемлекет қайраткері.

Дәуіт жас кезінде қайтыс болып, Сталиндік қуғынға ұшыраған кезде Жәбәшті Дауытов деп жазып, ол қуғыннан аман қалған. Қызы Сәуле Жабашева Ұлан ауданындағы Айтыков атындағы мектепте ұстаздық етеді.

Қайранбай сол заманда Меккеге екінші рет аттанып, Шәріпті алып барады. Сол жақта оба ауруына ұшырап қаза табады. Басына құлыптас орнатылып, есімдері жазылыпты. Көзі тірісінде Әди арнайы барып, құран бағыштаған.

Қайранбайдың төртінші баласы Мұхаметжүсіптен: Сәлім (1912 ж.), Тауфих (1915 ж.), Офа (1917 ж.), Риза (Ұлы Отан

соғысы құрбаны), Асығат, Зинатбек. Фазыл туралы біле алмадық. Садықтан Ғабас, Әдебиет деген қыз. Ғабас көп жылдар Ұланда мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімі меңгерушісі, аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметінде болды. Менің оқытушым еді.

Біз жоғарыда Қайранбай інісі Ілбісін қайтыс болып, бес жасар баласы Мұхаметжан Қайранбай тәрбиесінде болды дедік. Мұхаметжанның үш әйелі болған. Алғашқысын Қайранбай өзі әперіп, бөлек шығарған. Өте зерек, ақылды адам. Оның Рахымберді, Мұхаметрахым деген ұлдары болған. Екінші әйелі Көкпектідегі ноғайлардың қызы, үшінші әйелінен ұрпақ болмаған. Қайранбай туыстары мен жоғарыдағы ұрпақтары Қазан төңкерісіне дейін 15—20 ауыл болып өскен (құл-құтан, отыншы-сушы жұмысшыларымен).

Ең үлкен ауыл Қайранбайдың басқаруында болған 15—20 отбасынан тұратын Мұхаметжан Ілбісінов болыстың ауылы. Мұхаметжан көп жыл қызметі кезінде әдемі пәуескеге үш ат жеккізіп, үш атқа қоңырау таққызып, күшер (ат айдаушы) ұстаған. Қайранбайдың немересі Қабдышүкір ақсақал, менің әкемнің ауылы мен Мұхаметжан Ілбісінов ауылы жақын тұрды. Біздің ауыл отыншы-сушылармен 12—13 отбасы еді. Барлық ауылдар өте бай еді. Бала күнімде Мұхаметжандікіне барамын, асып-төгіліп жатқан бай. Жылына 5—6 жылқы, 4-5 сиыр, 140—150 қой сояды. Келген қонаққа бір асқан етті, екінші рет жылытып бермейді, жаңалап табақ тартады.

Келген қонақтарға күніне төрт уақыт шай бергенде төрт түрлі кесеге құйылады. Мысалы, жүз адам жиналса өртүрлі қарала, көкала, сарала, қоңыр түсті жүз кеселерге құйылып түрлендіріп беріледі. Ас пісірілетін үйдің бірінде үлкен тайқазан тұрады, оған бір жылқының еті бірақ сияды. Ортада үлкен сары

самауыр тұрады да, оған бес шелек су сияды. Көрпе, жастық, төсек орынды жинағанда бір адам лақтырып тұрады да, екінші, үшіншілері жиып жатады. Үйленетін баласына, ұзататын қызына асыл киімдер (түлкі, қасқыр, қарсақ ішіктер), әртүрлі бұйымдар күні бұрын әзірленіп, дайын тұрады. Бала күнім ғой, осының бәрі мақтаншылық үшін бе, болмаса аса байлық па аңғара алмаппын.

Ат-көлік, адамдардың бәрі сол үйге келіп, топырлап жатады. Бәрі осы Мұхаметжан болыстың құзырына жүгінеді деп, Қабдышүкір ағамыз көзі көрген жәйттерді әңгімелеген еді.

Мұхаметжан Ілбісінов ұзақ жыл (15 жыл) болыс болғанда сайлау дұрыс жүрмей, жоғары ұлықтармен сыбайлас болуының нәтижесінде халық арасында дау-жанжал, толқулар туындап, ақырында кісі өліміне соқтырған. Ол кейінгі кезде халықпен санаспай кеткен еді. Болыс болып тұрған кезінде Бөрібай деген қажыға қыз берем, құда боламыз деп күні бұрын жүз қойын алса, диірменші Шегелектің Ғарифолласынан семіз екі өгізін алып қайтармай қойған. Нақ сол тұста қазан төңкерісі басталып, халық атынан сотқа түскен шағымдар арқылы Мұхаметжан Ілбісінов бастаған жақтастары сотқа тартылып, бар байлығы тәркіленіп, жұмысшылар мен шаруалардың еңбегі қайтарылған. Кейінгі өкіметтің билігі кезінде Қайранбай қажыдан тараған ұрпақтар қуғындалып, біразы Қытайға қашып, біразы Сібірге, т.б. жерлерге жер аударылып, бытырай шашылып кеткен. Дегенмен де «орнында бар оңалар» демекші, бұлардан өрбіген кейінгі ұрпақтар оқып жетілген, әртүрлі қызмет атқарып, еліне елеулі азаматтар болды. Солардың бірі Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы, партизан Әди Шарипов. Сол сияқты Ұлан ауданында көп жылдар қызмет атқарған Ғаббас Садықов, зейнетке шыққанша мектеп директоры болған. Фатих Жәмелов, жоғарыда сөз еткен Қабдышүкір ағамыз да осы Қайранбай ұрпақтары еді.

Осы ретте үлкен мемлекет қайраткері атанған Әди Шәріп туралы бірер сөз айта кетпесек, кітабымыздың бұл тарауы олқы соққан болар еді. Әкесі Қайранбаймен Меккеге аттанған жиырма үш жасар Шәріп, Тәңірдің жазуы шығар, сол сапардан оралмады. Әди жөргегінде жетім қалып, қиыншылықпен ер жетті. Шешесі Сарыжомарт Көтебайдың қарындасы Кәти пысық адам болған, тоқсан жасқа келіп қайтыс болып, Әдиді жеткізіп, дүниеден өтті.

Отызыншы жылдардың нәубетінде Әдекеңнің көрмегені жоқ. Оқудан да, қызметтен де қуылған кездері аз болмаған. «Қасқырдың бөлтірігі» деген жала да жабылған. Осындай қудалаулардан құтылу үшін Түркімен асып кеткен жылдары да болған. Дегенмен, жүрегінің оты бар жігіт осының ешқайсысына мойымай, қайыңның қарсы біткен бұтағындай қатайып өсті.

Қашып-пысып жүрсе де 1936—1938 жылдары КазПИ-дің тіл-әдебиет факультетін бітірді, Ұлы Отан соғысына партизан ретінде қатысты. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ ССР-і Оқу министрі, Сыртқы істер министрі, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы сияқты ірі қызметтерде болды. Сөйтіп, текті атаның ұрпағы тектілігін таныта білді.

Әди Шәріпов — «Партизан қыз», «Тон», «Қапастағы жұлдыздар», «Алыс жағалаулар», «Сахара қызы» сияқты бірнеше көркем әдеби шығармаларының авторы. Филология ғылымының докторы деген атағы тағы бар.

Осындай ауыр да қызықты өмір жолынан өткен асыл ағамыз 1993 жылы 81 жасында бұл фәниден өтті. Өзі өлгенмен, артында қалған мол әдеби мұрасы өлмек емес. Биыл Республика көлемінде Әдекеңнің 90 жылдығы аталып өтті.

Семей өңірінің Қарабұжыр-Қалба атырабында тарихтан қалған осындай із бар. Бүгінде Қайранбай қажының ұрпақтары өсіп-өнген, өркен жайған. Бір кезде байдың, қажының ұрпақтары

деп қуғын-сүргіннің небір атасын бастарынан кешкен аға буын өкілдерінің бір мысалы осы еді.

Сергелдең

Ғажап қой табиғаттың құбылысы,
Жерге ренк, ажар беру күннің ісі.
Бір түрлі жер сипаты болып тұрды,
Шектескен көкжиекпен көрінісі.

Сардала қабыз ыстық шаңытып тұр,
Беймаза күңгірт, күдік көңілің құр.
Ер-әйел, егде тартқан ауылдағы,
Шырайсыз күнделікті ісінде жүр.

Күн көзі буалдырланып кетті күндіз,
Түн болса, бір құйрықты туып жұлдыз.
Молдалар мұны былай деп көрсетті,
Асқынған біздің күнә-сұмдығымыз.

Сондықтан тасаттық бер — деді өзенге,
Тәңірімнің берері көп тілегенге.
Оқыңдар екі рекет напіл намаз,
Алладан рақым тілеп ғаси пенде.

Жіберген бұл тәңірдің ғаламаты,
Солай, — дейді Пайғамбардың шарифаты.
Қорқынышты жұлдыз ғой құйрықтанған,
Тимесе бір Алланың шапағаты.

Ақырзаман боларда Тажал шықпақ,
Көрінгенді шайнамай, жалмап-жұтпақ.
Таң намазы, азанды шақырғанда,
Тек қана періштелер бөгеп тұтпақ.

Молданың мұндай сөзі үрейді алды,
Құдайдан келген кәр, — деп құлақтанды.
Әулие (әнбиеге) арнап сойып,
Тасаттық — деп шығарды әркім малды.

Сол жиынға алыстан бір салт атты,
Шапқылап, тізгін тартпай келе жатты.
Ортаға келе сала ат үстінен,
Жат хабар айтып жұртты таңырқатты.

Болысқа өте тығыз хабар кепті,
Жастарды бірін қоймай жисын, — депті.
Германменен соғыста окоп қазады, — деп,
Кешікпей жиын-терін болсын, — депті.

Бұйрық та ақ патшадан келген жарлық,
Қазақ, қырғыз халқына жалпы барлық.
Германның әскеріне қарсы күшпен,
Шегініп келтіруге, қысым-тарлық.

Степной генералдан бұйрық келді,
Күйзелтіп, сілкіндірді көшпенді елді.
Он тоғыз бен отыз бір арасында,
Окопқа жіберсін, — деп жігіттерді.

Суық сөз үрейді алды, дүркін-дүркін,
Жамылтып кәрі-жасқа қайғы бұлтын.
Ақ патшаның бар деуші еді уәдесі,
Солдатқа алмаймыз, — деп қазақ жұртын.

Сонымен шуылдасып жұрт тарасты,
Көңілді көтертпестей бір зіл басты.
Арттағы ел қалғанменен не боламыз,
Солдатқа тізіп беріп барлық жасты.

Халықтың мұны естіген көңлі күпті,
Қала кеткен болыстан хабар күтті.
Көшпенді бытыраған қараңғы елміз,
Күй бар ма көтерерлік мұндай істі.

Болыс-тілмаш қаладан қайтты сасып,
Жасты тізіп бермек боп, мөрді басып.
Күндіз күлкі, түнде ұйқы болмады елде,
Кәрі-жас, атқа мініп шақпыласты.

Бай-шонжар, би мен болыс атқа мінер,
Кім тізімге ілінбек солар білер.
Ұрпағы әлді атаның би мен болыс,
Құтылып төлеуіне кедей кірер.

Жалшы, кедей, нашардың тізді бәрін,
Мөр иесі әкімдер төгіп зарын.
Сондықтан басқарушы би, болыстың,
Пиғылы жұртқа айқын болды мәлім.

Жастарды проверкелеп, дәрігер қарап,
Сақауы Өтеулінің ол да жарап.

Сорлы еді туғаннан-ақ, сақау-мылқау,
Қалдыр, — деп берді өкесі жүз сом санап.

Қалдырды мол сомалы болған соң бай,
Ат-көлік, киім-бұйым, төрт түлік сай.
Оны да айдап, қаңғыртып жіберер еді,
Малсыз кедей, болса егер, шаруа жай.

Соқыр шал, ақсақ кемпір малсыз таза,
Қолында сүйеніші жалғыз бала.
Апты ұлын Абдан байдың алып қалып,
Жіберді бір ауылдан соны ғана.

Айрылды жалғызынан кемпір мен шал,
Жазығы қолында жоқ берерлік мал.
Зарланды, күңіренді, қапаланды,
Қалмады онан өзге, істер амал.

Бұхара күңіренді, мұны көріп,
Би мен болыс, шонжардан көңлі жеріп.
Азамат ұрандасып атқа мінді,
Серт айтып, уәделесіп, сөзін беріп.

Қарсы тұрар шаруада жоқ қой дәрмен,
Әкімдер де сұрапыл әмір-пәрмен.
Мөр басып қылмысты деп, — айдап кетеді,
Тіресуге болмайды күшті жанмен.

Майданға окоп қазып дайындауға,
Тасалап оқ атуға қарсы жауға.

Романов ақ патшаның тағын қорғап,
Бұйрығын бір мүлтіксіз орындауға.

Бұл жарлыққа күйзеліп, күңіренді жұрт,
Алысқа ұзап, жол шығып, жүрмеген сырт.
Жас біткен сайдақталып атқа мінді,
Жөн-жоба танымаған өңкей албырт.

Болыстың кеңсесіне барды қаптап,
Қолға тисе тізімді отқа жақпақ.
Тілмаш естіп, бұл жайды тығылып қап,
Мал мен жанның тізімін қалған сақтап.

Қарабұжұр, Қалба, Шар, Сұлусары,
Төрт болыс ел жиналса соның бәрі.
Жүк артып ат атанға, жасақ жинап,
Қытай асып, қалың қол кетпекші ары.

Жіберген ат шабарым біліп келді,
Үш-төрт күн тыңшы болып жүріп келді.
Ақ патша әміріне қарсы шығып,
Көмекке шақырыпты біздің елді.

Айыртау, Ұланменен, Тарғын, Сібе,
Одан да хабар алдым құлақ түре.
Ереуіл білінбей ұрандасқан,
Кейіннен бүлінбесе көре-жүре.

Сондықтан тыйым салу — ең қажет іс,
Басуға ереуілді, сіздерде күш.

Заң шарасын қолданып көшірмеуге,
Бөгет сап, жазалау кез, дәп осы тұс.

Жазалаушы отряд шықты қырға,
Албырт жас, асау жүрек түсті торға.
Баласы Түгелбайдың Мұса болыс,
Жасақ солдат әкеліп, тартты шырға.

Билеуші әкімдердің беті жүрді,
Бас қорғаудың айлалап жолын құрды.
Ереуілші жастарды тізімге алып,
Айып-жазаң, — деп алды кесек пұлды

Болыстан қараңғы жұрт кетті ығып,
Сөз айтар жан болмады қарсы шығып.
Күдікті қауіп келер дегендерін,
Қаматып арыс үйге қойды тығып.

Қалба елінде

Хиянат әкімшілік бастан асты,
Би-болыс бұқараға жарлық шашты.
Лау, сойыс, қара шығын тұңлікке сап,
Жоқ-жітік төлемесе қамшы басты.

Шаруа жәбір көрген қалды зарлап,
Қайғырып, қамыққаннан жасы парлап.
Қара лашық, ылпа жоқ, жер үй суық,
Күйзелген жұрт қысты күн қайда бармақ.

Урядник волостной Хайдин деген,
Талай кедей жазықсыз қамшы жеген.

Дүйсектің белдеуінен әкетті атын,
Әйелін атып тастап зорлықпенен.

Сотталмай ұлық сүйеп кетті заңға,
Сөз бермей әкімдікпен ешбір жанға.
Беті қайтқан бұқара қайда бармақ,
Тексеріп тергеуші жоқ бүгін таңда.

Бар еді Босқынбектің көп баласы,
Малға кедей жарлы еді жоқ шамасы.
Жалғыз үй, ел көшкенде жұртта қалып,
Өлген еді қызылшадан төрт баласы.

Ұлының үлкені еді Қисан атты,
Жігіт еді еті тірі инабатты.
Бірі, — деп ереуілге шыққандардың,
Айыпқа алып қойды жалғыз атты.
Босқынбек жәбір көрген қалды зарлап,
Қайғырып, қамыққаннан жасы парлап.
Қара лашық лыпа жоқ жер үй суық,
Қалбаның аязында қайда бармақ.

Мәуленнің окоп кеткен, бір ақ бөрте,
Бар еді келіншегі, аты Нүрке.
Болыс, биді жағалап, алып қойды,
Дейтұғын зымырауық тақыр Бірке.

Енесі Елік кемпір, жылап қалды,
Келін кетіп, жалғыз-ақ қызы барды.
Төсек орын, сиырын, қолда барын,
Тақыр Бірке, қолымен тартып алды.

Қарсы тұрар шаруада жоқ қой дәрмен,
Әкімдерде сұрапыл-әмір дәрмен.

Протокол деп, мөр басып, айдап кетеді,
Тіресуге болмайды, күшті жанмен.

Қаным суы бойында төрт болыс ел,
Бас қосты жиын құрып, — деп тәуекел.
Знак, мөрді тастаңдар, — деді осында,
Би, старшын бәріңде бекітіп бел.

Тастаңдар, знак мөрді шашпай үйіп,
Жоғалтпай, бір орыннан алсын жиып.
Басты бердік, шыдаймыз біз-кәрілер,
Кілең жастар, кетпесін отқа күйіп.

Деп бастады, Әубәкір көпке сөзін,
Төрт болыстай құралсаң елсің өзің.
Бура-Матай жөн көрсең кел ауалық,
Бодансыз елге қарай, көшер кезің.

Сымбалдап, ат-атанға жүк арталық,
Бодансыз елге қарай жол тарталық.
Бура-Матай, тілеуің рас болса,
Қам жасап, өзге жайды қысқарталық.

Ауалық, — деп сөз байласты Бура-Матай,
Бауырына жетпек болып Тарбағатай.
Алды-артын босқан елдің жиып алып,
Шекара асуына қонбақ тақай.

Кей ауыл түнделетіп үйді жықты,
Артық жүкті жер қазып, көміп тықты.
Біреуді-біреу көріп, сасқалақтап,
Бір тайпа ел үдіре көшіп, жонға шықты.

Төгілді жер ошаққа қатық, іркіт,

Абыр-сабыр әйелдер сасып, үркіп.
Адам басы қолға алысты, сойыл-шоқпар,
Қару етіп орнына қылыш, мылтық.

Әубәкір, Қожамберді ел ағасы,
Байжұма, Боқай шығып келе басы.
Жаулықты әйел, жас бала артта қалған,
Қалмасын бізде деді көздің жасы.

Деді олар атқа мінген азаматтар,
Мойныңнан борыш өтеп, міндет атқар.
Атамыз алғаш бодан болған кезде,
Бізден солдат алмауға берген хат бар.
Тайынты, Тарғын, Сібе болыстары,
Көршілес, жақын ел ғой, қоныстары.
Жастарын оққа байлап, жібермеуге,
Емес пе олардың да борыштары.

Сол елде не боп жатыр хабар алсақ,
Біздің жайды білдіріп кісі салсақ.
Тас түйін боп, бірлесіп, жасақ құрып,
Тарбағатай асуға дайындалсақ.

Үдіре көшсек, аз күнде жетпейміз бе,
Алды-артты жиып алып өтпейміз бе?
Көш жолына, көп жасақ күзет қойып,
Жастарды ары асырып кетпейміз бе?

Телеграм тастасақ сымын қиып,
Ағаштарын құлатып, өртеп, үйіп.
Келгенді тіл жібермей, көрге тықсақ,
Қаруын тартып алып, жауша тиіп.

Төрт ұлы Төлегетай ол да жолда,
Кеткен жоқ, ойға түсіп әлі жонда.

Шекара асуына жақын отыр,
Қосылар олар да кеп біздің қолға.

Тұралық күндіз-түні хабарласып,
Ол да жасақ жинасын қатарласып.
Ар жағында қандайлық жағдайлар бар,
Шекарамен тұрған ел араласып.

Қалбаны билеп тұрған Мұхамеджан,
Мол байлық, мұнда ерекше салтанат-сән.
Уезд-ұлық, жандарал, бас чиновник,
Қолдаушысы, тірегі, қолында заң.

Ұлыққа астыртындап берді хабар,
Күндіз-түні пошта тасып көп атшабар.
Басшы боп ереуілге шыққандарды,
Қарсы деп ақ патшаға қамауға алар.

Он бес жыл тұтасынан болыс болған,
Масадай бұқараның қанын сорған.
Ерекше өз атына счет ашып,
Кісілік 30 жаста төте қонған.

Сондықтан ұлықтарға сөзі құнды,
Аямай төгіп беріп, сома пұлды.
Ел билеп, 15 жылдай бір сүрінбей,
Бір уезд елге үстем боп, беті жүрді.

Болыс, тілмаш қалаға хабар берді,
Уездің бас ұлығы өзі келді.
Қасында атаман мен пристоп бар,
Үйілген знак-мөрді көзі көрді.

Уездный начальник жауыз, залым,
Болыс, би, шонжарлардың жиды бәрін.

Сухомлинов генералдың жарлығында,
Қазақтың даласына төкті көрін.

Ақырып, қаһар шашып, жер тепкілеп,
Түтігіп, долданғаннан түсі өзгерді.
Түрмеге жіберем деп, тұтқын қылып,
Көлденең заңға қарсы келгендерді.
Урядник, атаман мен пристоп бар,
Қайырымсыз, дінсіз, қатал, өңкей сотқар.
Алтыатар, жарқылдаған белде қылыш,
Арам пиғыл, қаны бұзық, ары жоқтар.

Қазаққа қаны қайнап, кіжініп тұр,
Қылышын жарқылдатып, күбініп тұр.
Шен таққан, сап-сары ала үлкен ұлық,
Қалшылдап қарт бурадай көрсетіп қыр.

Переводчик жеткізеді сөздің бәрін,
Екі тілде толықтап ұғымдарын.
Басын сілкіп, бас ұлық гүрілдейді,
Гүж-гүж етіп, сыртына төгіп зәрін.

Отыншин Мухамеджан жүйрік тілмаш,
Ұғымды дұрыс беріп, сөз қалдырмас.
Ұлыққа халық сөзін жеткізгенде,
Қорғанып, не жасқанып кемдік қылмас.

Майталман екі тілге бірдей жеттік,
Тұрғанда сөзді беріп аударма етіп.
Айызын тыңдаушының қандырып тұр,
Қапысыз ойдағының бөрі жетіп.

Қаһарлы ұлық сөйлейді күшке басып,
Көтеріліп, тебініп, қаны тасып.

Төрт болыстан жиналған қара қауым,
Көнбейміз дегенді айтып, шуылдасып.

Бас ұлық былайша, — деп бұйрық берді,
Келтір, —деп көз алдыма айыпкерді.
Келебасы әр елдің ақсақалын,
Бірыңғай алға жіктеп бөлектелді.

Екі Әубәкір, Сүлеймен Көдей шалды,
Тізімменен шақырып, айғай салды.
Байжұма, Боқай және Байтөрені,
Қолма-қол бунтовщик деп, қамауға алды.

Қожамберді, Уәлихан, Рақметханды,
Бұзақы, бүлікшіл, — деп айыптады.
Знак-мөрді тастатқан жазаң сол деп,
Қарсыға отырғызып, қатты ұстады.

Босқан ел, өз орнына келсін, — деді,
Патшаның жарлығына көнсін, — деді.
Тізімделген жастарды жалтарусыз,
Окопқа — жер қазуға берсін, — деді.

Босқан елге хабарлап бөгет салды,
Қайта орнына келуге шабар барды.
Ақ патшаның кең қолтық жерінде өскен,
Қытайға өтпесін, — деп мал мен жанды.

Көнбеске лаж-шара жоқ, әмір күшті,
Көрмеген жұрт мұндайлық бұрын істі.
Босқан елдің тарылып тыныстары,
Жоннан көшіп қайтадан ойға түсті.

Малы аз ауыл қайта кеп, қыстақ қонды,
Кейбір жас елден безіп, қашқын болды.

Тау жағалап, жасырын жүргендерге,
Мекендеу қиын тиді иен жонды.
Егін-шөп жиналусыз биылғы жыл,
Түскен жұрт сергелдеңге, әуреді жүр.
Түрмеде жатқандарға азық тасып,
Қалаға жұма сайын шапқылап құр.

Адвокат қорғамайды оңай пұлға,
Бар заңға болғандай-ақ өзі тұлға.
Жей беру қыр қазағын алдап-арбап,
Алғанын ақтау қайда ондай сұмға.

Бай баласы парамен тылда қалды,
Пұл таппаған көп кедей кете барды.
Біреу завод, фабрика, біреу шахта,
Жағдай тауып, пысықтар орын алды.

Құсайын деген ағай окоп кетті,
Жеріне тыянақты барып жетті.
Бір жақсылық халыққа болады, — деп,
Хат арқылы жұмбақтап, хабар етті.

Қыс аяқтап жайлауға байлар шықты,
Көк майсаға, ақ күмбез үйді тікті.
Сейілдің окоп кеткен семьясы,
Сол байдың қойын сауып, малын күтті.

Окопқа мырза Ғұлам бармай қалған,
Орнына өз малшысы Сейілді алған.
Шешесі Селеу кемпір, әйелі Еркеш,
Үш бала зар жылаған, мұнда қалған.

Түрмеден қайтты босап жабылғандар,
Мойнына қылмыс, айып тағылғандар.
Бой кеңіп, бостандық боп, есін жиды,

Тынысы тас қамауда тарылғандар.
Үміттен бастады енді халық,
Болар деп бір жақсылық көпке анық.
Жіберді ел, шапқыншы қып, бір ат шабар,
Қаладан әкелуге хабар алып.

Қаладан қайтқан шабар айтты көпке,
Кеткен жоқ шақпылаған терім текке.
Николай тақтан құлап мойны үзіліп,
Келмеске кетті, — деседі ақыретке.

Большевик, Ленин деген екі батыр,
Жауларын жерге жығып келе жатыр.
Тастапты Николайды тақтан жұлып,
Ерекше ерлер дейді күші батыл.

Балшайбек, Меншайбектің ағасы екен,
Келісе алмай жүрген кез шамасы екен.
Кедейді бірі қолдап, бірі қорлап,
Бай опасыз деген талас екен.

Жұмысшы көмек еткен Балшайбекке,
Ленин дейді бастаған осы бетке.
Бай-ақсүйек бас тартып, бөлініпті,
Ереміз деп соңынан Меншайбекке.

Естігенін солай деп баян етті,
Бұл хабар жалпақ елге тарап кетті.
Николайды түсірген Ленин екен,
Деген сөз малын баққан елге жетті.

Октябрь төңкерісі деген атақ,
Паш болды қараңғы елге, осы лақап.
Жұмыскер шаруамен одақтасып,
Күлі көкке ұшыпты бақ пенен тақ.

Үшінші тарау

ЕРЛЕР ЕСІМІ ЕСТЕН КЕТПЕҮДІ

**1916 жылғы
көтерілісте
шейіт болғандар:**

Дайырбаев Толықбай
Толықбаев Тұрбала
Томышкенов Қылжыбай
Қадыров Кәлен
Бейімбетов Қасен
Жылқыайдаров Нағымбай
Қамшыбаев Кембай
Темірбаев Мылтықбай
Малғараев Аңғарбай
Тілемісов Оңғарбай
Бектасов Ахметжан
Наурыззов Хамит
Тәпеков Қайырбек

Ауыр жараланғандар:

Тәукенов Таен
Алтыбаев Фатқолда
Ыбраимов Қасымбек
Қосаев Тұрсағат
Келдібеков Ахметжан
Әділбаев Темірхан
Жамантаев Құдайберген

Көтерілісті бастаушылар ретінде абақтыға қамалғандар:

Жетпісов Сағынбай
Түгелбаев Рүстем
Дулатов Аманбек
Бәкеев Оралбай
Олжабаев Құсман
Кештібаев Аманбай
Жолымбетов Есетбай
Қосаев Тұрсағат
Ыбраимов Ыдырыш
Маймақов Қайыржан
Бәйімбетов Қанапия
Қалиев Дүйсенбай
Әкімжанов Сапарғали
Асауов Көшкін
Шалғымбаев Қали

Төртінші тарау

**ОЛ БІР ҰМЫТЫЛМАС
КҮНДЕР БОҰ...**

ТАУЫНТЫДАҒЫ «ОРАЙШАН» ОҚУҒАСЫ

1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс патшалық Ресейдің экономикалық жағынан да, техникалық жағынан да әлсіздігін айқындап берді. 1915—1916 жылдары Батыстағы біраз жерлерінен айырылған Ресей армиясына адам күштері ауадай қажет болды. Бірақ бұратана халыққа сенімсіздік білдірген Ресей қазақты солдаттыққа емес, майдандағы окоп қазу жұмыстарына ғана лайық деп тапты. Неге? Өйткені олардың пайымдауынша, Қазақтан солдат алу әлі ерте еді...

Жалпы, қазақтан солдат алу мәселесін алғаш рет 1883 жылы III Александр патшаның тәж киген тойына барған қазақ өкілдерінің өздері көтеріп, өтініш жасаған екен. Алайда, ол жолы: «Қазақтан солдат алу әлі ерте!» — деген жауап алыныпты. Кейінірек тағы көтерілген бұл мәселені соғыс министрі Сухомлинов ұнатпаған екен. Мұсылман депутаттар Сухомлиновтың мұнысын қазақ халқын, һәм өздерін кемсіту деп өкпелескен көрінеді. 1914 жылғы шілдеде, нақ соғыс басталар алдында өткізілген министрлер кеңесінде де қазақтан солдат алмау керек деген тоқтам жасалыпты. Өйткені, «...еркін өскен қазақ қазарма тұрмысына шыдамайды; бірауыз орысша білмейтін қазақты соғыс ғылымына үйрету оңай жұмыс емес; қазақтың метіркесі болмауы себепті оның жасын анықтау үшін толып жатқан қосымша жұмыс атқарылуы тиіс; оның үстіне әскер жасындағы қазақтар саны тым аз, барлығы жиырма мыңнан аспайды — бұл көп әскер емес, еткен еңбекке тұрмайды». Сөйтіп, осындай тұжырымға келген шенділер: «Қазақтан алынған әскердің берекесі аз, бейнеті көп!» — деген шешім жасапты («Қазақ» газеті, 29 ақпан 1916 жыл).

Тек кейін II Николай патша ғана 1916 жылдың 25 маусымында «Соғыс жүріп жатқан аудандарда бекіністер салуға, сондай-ақ мемлекет қорғанысына қажетті басқа да кез келген жұмыстарды атқару үшін

империяның бұратана халықтарының 19 — 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмыстарына шақыру туралы» жарлығын шығарады.

Алайда, шұрайлы жерлерінің барлығынан айырылып, оның үстіне соғыс қажетіне деп малын, еті мен майын, киіз үйлеріне дейін беріп, ондаған есе салығын төлеп, қаналып, күйзеліп отырған қазақ халқына бұл жарлық ашық күнгі найзағайдай жарқ етіп, онсыз да жарылардай сыздап тұрған бітеу жараның аузын ашып жібереді. Шаруа бағып отырған еркек кіндіктінің барлығын қотарып, бір мезгілде алып кету дегеніңіз — алдағы қыста елді жаппай жұтқа ұрындырып, халықты аштан қыру еді. Сондықтан да бұл жарлық қазақтар мен Орта Азия халықтарының Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының басталуына біден-бір түрткі болды.

Тыл жұмыстарына шақыруға қарсылық жер-жердегі қазақтар арасында болыс кеңселерін шабуылдап, ең алдымен отбасылық тізімдерді құртуға бағытталды. Өйткені ол кезде метіркелік куәліктері жоқ қазақтардың жасын анықтайтын жалғыз ресми құжат осы отбасылық тізім болатын.

Оның үстіне, сол аласапыран кезінде шығарылған Дала генерал-губернаторы Н.Сухомлиновтың «Ақ сүйек тобына жататын, әрі бұл туралы қолында куәлігі бар ақ сүйек қазақтар тыл жұмыстарына алынбайды» деген бұйрығы да халықтың ашу-ызасын тудырды. Тізімге иелік ететін болыстар мен хатшылар, ауыл старшындары оны қалай өзгертсе де өздері білді. Пара берген малдылар мен әлділердің жиырмадағы балалары он алтыда, отызға келгендері елуде делініп, тыл жұмыстарынан алып қалынып жатса, қолында түгі жоқ кедей-кепшіктің елудегі шалы қырықта, он бестегі баласы жиырмада делініп окоп жұмысына кете барды...Сондықтан да бұқара халық пәленің ең үлкені болыс пен тізімде деп есептеді.

Жетісу, Торғай өңірлеріндегі алғаш бұрқ еткен қозғалыстар қарулы көтеріліске ұласты. Көлік айдаушы жәмшіктер, көптеген өндіріс орындарындағы қазақ жұмысшылары да жұмыс орындарын тастап, ел ішіне аттанып, көтерілісшілер қатарына қосылды. Артынан патшаның

қарулы жазалаушы отрядтарының қысымына төтеп бере алмаған қазақтың қаншама боздағы қыр асып, батыс Қытайға ауып кетті.

«Окоп» жұмысына байланысты бұрқ ете түскен көтеріліске қазақ оқығандарының көзқарастары да түрліше болды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде (11 тамыз 1916 жыл) «Алаштың азаматына» ашық хат жариялады. «..Бұл соғыстың ылаңын ешкім тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді, — деп жазды олар. — Бірақ елден алабөтен аман қаламыз деуге бола ма? Отандастарымыз орыс халқы, діндес-қандастарымыз ноғай халқы, һәм сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда, жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді. Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық... Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап, үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар. Ол күшті законға сүйеніп істер... Военное положение енгізілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады».

Алайда, халықтың толқуы ел арасында өрттей жайылып, көп жерлерде қарулы көтерілістерге ұласып жатты. Сондай қақтығыстың бірі 1916 жылы жазда Өскемен уезіне қарасты, негізінен алты старшын Өтеміс руы мекен еткен Тайынты болысында орын алды. Ол жергілікті халықтың жадында «Орайшап» оқиғасы деген атаумен сақталып қалды. Бұл оқиға туралы әр кездері жазушы Қасым Қайсенов («Лениншіл жас», 1967 жыл.), тарихшы Зейнолла Қайсенов («Дидар», 1996 жыл.), педагог Қапаш Қайыржанұлы («Дидар», 1996 жыл.), Жүсіпбек Уәлитов («Мәдениет және тұрмыс», 1968 жыл.), журналист Зәбер Баянов ерте-ректе «Коммунизм туында» мақалалар жариялаған болатын. Біз ресми мұрағаттық деректерге көбірек көңіл бөле отырып, көтерілістің бір ғасырлық айтулы датасына орай, оқырман назарын өңіріміздегі «Орайшап» оқиғасына тағы бір аударуды жөн көрдік.

Көтерілістің жетекшісі кім?

Тайынты көтерілісінің жетекшісі болған Сағымбай Жетпісұлы 1911—1912 жылдары ауылға Түгелбаев Мұса болыс жалдап әкелген орыс мұғалімінен екі жыл орысша оқыған, содан соң Көкпекті жақтағы нағашылары Ж.Болғанбаев алып кетіп, тағы да екі жыл орысша оқыған көзі ашық, көкірегі ояу азамат болған. Ол 1916 жылы Тайынтыға қайтып келеді. Оның патша өкіметіне деген көзқарасына, жалпы көтеріліске сол кезде «Правда» газетінің тілшісі болып жүрген нағашысы Жұбандық Болғанбаевтың біраз әсері тиген сияқты. Жүсіпбек Уәлитовтің жазуы бойынша, бұл көтеріліске дем бергендердің тағы бірі — он жасында жетім қалып, шешектен екі көзінен бірдей айырылған, Тұрғысын жақтағы революциялық пиғылдағы қашқын орыстармен тығыз байланыста болған жергілікті ақын Еламан Баулықұлы болған. «Орайшап» көтерілісінің алдында тайынтылық жігіттер Еламанмен ақылдасып келуге алабақ руынан Дулаттың Аманбегі мен босмойын руынан Бәйімбеттің Қанапиясын түнделетіп жібереді. Көңіл көзі ашық, соқыр ақын оларға: «Бұл соғыс Ресейге ырыс әкелетін соғыс емес. Ағылшын мен француз капиталистеріне ырыс болар соғыс. Осыны түсінген орыс солдаттары майданнан қашып, үйлеріне кетіп жатыр. Енді бұрын солдат алмаған ұлттардан азаматтарды жинап, оқ астына апарып салғалы отыр. Патшаны тақтан тайдырмай бұл соғыс басылмайды. Шындық, міне, осы! Көтеріл, я бағын деп мен кесіп кеңес бермеймін. Жеңіліп, қырғынға ұшырасаңдар, обалдарыңды маған артасыңдар. Ал енді қарсы шайқаспай, қан төгіспей, ол істің тынбайтынын мен де білем, сендер де білесіңдер. Менің бар айтарым осы!» — дейді. Сол жерде: «Майданда өліп, денемізді ит пен құсқа азық еткенше, осы туған жерден ақ топырақ бұйырсын!» — деп белдерін бекем бұған екі жігіт Еламан ақынға алғыстарын айтып, шұғыл жүріп кетеді...

Тарихи оқиға ойдан шығаруға немесе бұрмалауға келмейді. Сондықтан өңір тарихын зерттеу ісіне көп еңбек сіңірген, көптеген мақала, бірнеше кітаптар жазған тарихшы Зейнолла Қайсеновтің «Орайшап» көтерілісіне қатысқан тайынтылық Отыншы Ерінбесов ақсақалдың аузынан 1972 жылы жазып алған мақаласынан үзінді келтіруді жөн көрдік.

«... Маусым айының соңында Тайынты болысын мекендеген қалың ел Қарабалапан, Үйгентас жайлауына көшіп, қондық. Көпшілік ығы-жығы киіз үй тігіп, мал сойып, қоныс майлар ретінде бірін-бірі қонаққа шақырысып, мәре-сәре болып жатты...

Тыл жұмыстарына шақырудың дақпырты ел ішінде дүрбелең туғызып, ауылдың бір топ жастары шөп шай дайындаймыз деп, қарағай арасында жиі-жиі жиналыс өткізетін болды. Ал Мұса болыс өзінің старшындарымен өткізген жиналыста жігерлі қарсылыққа тап болып, халықтың қаһарынан қорқып: «Ел окопқа кісі бермейміз деп жатыр!» — деп Бұқтырмаға, жандаралға кісі шаптырады. Осындай шиеленістің барлығын естіп, көріп отырған бір топ жігіт аттанып барып, Мұса болыстың Шыбынды өзені бойындағы алты бөлмелі кеңсесінің терезесін қиратып, ішіндегі шкафтың аузын бұзып, сақтаулы тұрған құжаттардың жыртықанын жыртып, жыртылмағанын далаға шаштық. Кеңсенің ішіне кірген жасақ басшылары болысты ұстап алып, терезеден сыртқа лақтырды. Дайын тұрған жігіттер болысты көкпарға тартқан лақтай қағып алып, Қарабалапан жақтағы қалың қарағай ішіне алып кеткен болатын...

Болыстан хабар жетісімен, 31 шілде күні Қарабалапанға әскер де жетеді. Қарулы солдаттардың көпшілігін киіз үйге жасырып қойып, түске таман елді жинап, Өскемен уезі бастығының көмекшісі Брюханов деген офицер жиын өткізеді. Сол жерде жер тепсініп: «Мұса болысты тез тауып әкеліп, сол жасаған тізім бойынша алынатын адамдарды тезірек аттандырыңдар!» — деп сес көрсетеді. Жиналғандардың ішінен Аманбай атып тұрып: «Біз окопқа кісі бермейміз, солдатқа тағы бармаймыз! Не көрсек те осы жерде көреміз! Істеріңді істей бер! Осында отырған баршамыздың сөзіміз біреу-ақ!» — деп топтан шығып, бөркін шешіп, қалың қарағай жаққа бұлғап, орнына қайта келіп отырды. Сол-ақ екен, қарағай ішінде тосып тұрған салт атты, қолдарында сойылдары бар жігіттер құйылып бергені... Зулай ағып келе жатқандардың ішінен біреулердің: «Орай шап! Ора-а!.. Ора-а!..» — деген айқайлары естілді. Онысы — солдаттарды қоршап алып, қолға түсіріңдер дегендері

еді. Бұл айқай орыс солдаттарына «Ура-а! Ура-а!» деп естілсе керек. Көтерісшілердің екпінінен зәре-құты қашқан офицер жандәрмен айқай салғанда жанымыздағы киіз үйден дайын тұрған қарулы солдаттар атып-атып шықты да, командирлерінің бұйрығынан соң, жақындап қалған аттыларға оқ жаудырды. Жиналған халық быт-шыт безіп, жылап-сықтап, берекесі қашты. Азғана уақытта оннан аса жігіт, қырық-елу ат оққа ұшты. Жақындап келген көтерілісшілер қолдарындағы сойылмен бірнеше солдатты жаралады да, жауған оққа қалай төтеп берсін, қарағай ішіне қайта қашуға мәжбүр болды...»

Ал, енді осы қақтығыс туралы ресми деректер не дейді, соларды қарап көрелік. Жазалаушы отряд командирі С.Воробьевтің Сібір казак әскерлері атаманының көмекшісі П. Ягодкинге жолдаған рапортында былай деп жазады: «31 шілде күні жиналған Тайынты болысының қырғыздары тыл жұмыстарына мобилизациялау жөніндегі хабарды тыңдаған соң, бірден көтерілді. Жиыны екі-үш мың адам аттарына мініп, айғайлап, көптігімен таптап кетпек болып, біздің елулікке (полусотня) лап қойды. Жағдайдың ушыққанын көрген елуліктің командирі уезд бастығының көмекшісінен рұқсат алып, бір взвод казактарды жағалата тұрғызып, қырғыздар жақындағанда атуға бұйрық берді. Шабуылшылардың бетпе-бет келгендері тез сиреп, кейінгілері екі бөліне шауып, солдаттарды қоршап алмақ болды. Прапорщик Балакиннің қол астындағы келесі бір атты взвод қоршамақ болған қырғыздардың алдын орай оқ жаудырды. Шығынға батқан қырғыздардың беті тез қайтып, тау жаққа безіп кетті.

Қырғыздар сойылмен және өткір темірден ұш орнатқан ұзын таяқтармен қаруланған. Қақтығыс жарты сағаттан асқан жоқ. Көтерілісшілердің өз сөздеріне қарағанда, қырғыздар жағынан өлгені мен жараланғандары бар алпыстай адам мен соншама ат шығын болды (*«Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане», Москва, 1960 г.*).

Қарабалапанды сол күні қанға бөктірген қанішерлердің өздері де қоналқыға қалудан қорқып, суыт аттанып, отыз шақырым жердегі Пантелеймоновка деревнясына кетеді. Ол жерден қазақтар арасындағы бас

көтерулерді жою үшін арнайы құрылған капитан Гуриннің 712-ротасын көмекке алып, ертеңінде Тайынты болысына қайта оралады. Бұл жолы көтерілісшілердің барлығын қырып салудан тайынбай, қанына қарайып келген Брюханов Қарабалапаннан екі-үш қариядан басқа адам таппайды. Барлығы тіпті, әйелдер мен балаларға дейін қарағай ішіне, одан арғы Тарғын болысына босып кеткен еді. Олар жандәрмен болыстың бірер өкілін тауып, оларға елді жинау жөнінде қатаң бұйрық береді.

Сөйтіп ертеңіне, 2 тамыз күні босып, жан-жаққа шашылған халық біртіндеп жинала бастайды. Мұздай қаруланып, тіпті пулеметтеріне дейін сүйреп әкелген Брюханов: «Енді болыстарыңды әкеліп бермесеңдер, барлығыңды қырып саламыз!» — деп тіпті күшейеді. Ақыры, қарусыз көтерілісшілер қарағай ішіндегі қол-аяғы байлаулы Мұса болыс Түгелбаевты алып келіп, Брюхановтың қолына тапсырады. Енді болыс қаһарына мініп, туған інісі Рүстемді қоса, он сегіз адамды Бұқтырмаға жаяу айдатып, әрмен қарай пароходпен әкетіп, Өскеменнің түрмесіне жаптырады. Бұл жөнінде белгілі ғалым-тарихшы Г.Сапарғалиев өзінің «Карательная политика царизма» деген кітабында былай жазады: «... Сегіз адам сотқа тартылады. 17 қарашада Өскеменнің уақытша әскери соты Сағынбай Жетпісовті, Аманбай Кештібаевты, Оралбай Тілемісовті, Қайыржан Маймақовты, Құсыман Олжабаевты, Аманбек Дулатовты, Қанапия Бәйімбетовті және Дүйсембай Қалиевты Жазалау Ережелерінің 13-бабы және 266-бабының 3-тармағына (мемлекет Жарлығына қарсылық көрсету) сәйкес қылмыскер деп тауып, әрқайсысын төрт ай мерзімге түрмеге қамау жөнінде үкім шығарады» (Омбы мем. мұрағаты, қ-190, 1; іс-358).

Қазақ жерінде патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы кеңінен қанат жайған қарулы көтерілістің — он алты болыс қарайтын Өскемен уезінің Тайынты болысындағы бұрқ ете қалған бір ұшқыны осылай болған екен. Қарабалапандағы қанды қақтығыста орыстың оғынан шейіт болған он үш боздақтың басына келіп, құран бағыштаған Еламан ақын оларға арнап өлең шығарыпты:

Мен разы еліме,
Сендерді ер ғып өсірген.
Көмсе риза ем мені де,
Шайқас деп тілі шешілген!

Шаһит болған ерлерім,
Болсын жайлы бесігің
Төгілген қан мен терлерің,
Жоғалтпас мәңгі есімің!

Қайғы шегіп қан жұтқан,
Үйлеріңе барармын.
Ата, ана, жарың қамыққан,
Көңілін аулап бағармын!

Бостандық пен еркіндік,
Құрбансыз келмек емес қой.
Бүркітше жастар желпініп,
Бұлт бергіш жауға бермес бой!..

Қазір де сонау 1916 жылдың 31шілдесіндегі қанды оқиғаның құрбандары, әділдік пен азаттық жолында қыршынынан қиылған он үш ба-тыр бабаларымыздың зираттары — мәңгілік мекендері сол Қарабалапанда. Олар: Дайырбаев Толықбай, Толықбаев Тұрбала, Томышкенов Қылжыбай, Қадыров Кәлен, Бәйімбетов Қасен, Жылқайдаров Нағымбет, Қамшыбаев Кембай, Темірбаев Мылтықбай, Тілемісов Оралбай, Малбағаров Оңғарбай, Бектасов Ахметжан, Наурызов Хамит, Тәпенов Қайырбек.

Диірменнің тасындай шыр айналған дүние-тарих содан бері де бір ғасырды артқа тастапты. Алайда, сол бір қанды қырғынның сұрапылы неғұрлым алыстаған сайын Мәңгіліктің бекетінде қалған сол арыстардың бейнесі, олардың киелі рухы солғұрлым зорайып, өзінің халқына, артындағы ұрпағына жақындай түсетіндей.

Мұндай елеулі тарихи дата республика көлемінде атаусыз қалмайтын болар деген сенімдеміз. 1916 жылғы мұндай толқулар, көтерілістер Шығыс Қазақстанның Зайсан, Бөкен болыстарында да, Семей өңірінде де болған. Сондықтан осы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында өткізілетін шаралар тізіміне енгізіліп, облысымызда да, Ұлан ауданында да лайықты түрде атап өтіліп, сол оқиғаға арналып бір еңселі ескерткіш орнатылса, ұлттың азаттығы жолында қаза болған бабаларымызға да, сол маңызды тарихи кезеңге де көрсетілген құрмет пен сауабы мол үлкен бір шара болған болар еді.

Айтмұхамбет Қасымов,
Қазақстанның Құрметті журналисі

ЗАЙСАН ЕЛІНІҢ КӨТЕРІЛІСІ

Бұрынғы Зайсан еліндегі (уезінде К.З.) халықтың басым көпшілігі кедей мен орта шаруа болатын. Олар өздерінің бірлі-екілі қарасын байлардың малына қосып тауға жіберетін де, өздері Шитөбе, Шорға, Көкжыра, Қалжыр деген жерлерде өз шаруаларымен қатар байлардың шөбін шауып, егінін орып, күнге борсып жататын.

Судың тұнығы, жердің шұрайлысы Сарокин, Ерзин, Орымбай сияқты көпестер мен помещиктердің Зейнулла, Бөгіс, Төгіс, Ахметжан қажы, Шұршітов, Күшіков сияқты феодалдардың қолында болатын. Сондықтан жерсіз кедейлердің көбі жалшылықпен күнелтетін.

Июнь жарлығы шыққанда, бұл суық хабар елдің жүрегіне

садақтың оғындай қадалды. Сол тұста елдегі би, болыстар, ақсақалдар Зайсан уезіндегі Н.М. Кубицкий мен пристоп Головкиннің алдынан кетпеді.

Олар туралы ел арасында Ахметжан қажы мен Маңырақтың болысы Мәмбет әскерге жігіттер беруге қол қойыпты, ал Өкпетінің болысы Мүрсәлім қол қоймапты деген сөз тарап жатты. Тығырыққа тірелген жұрт мең-зең. Көптің наласынан дала күңіреніп, адамдардың жүрегін ыза кернеді. Бойларын ашуқысып, тістерін қайрағандар күндіз-түні патшаға лағнет айтумен болды. Асау теңіздей буырқанған халық ақыры көтеріліс жасауға бел буды.

Сонда Ағыжан деген әйел былай деп өлең шығарыпты:

Қош енді туып-өскен кең өткелім,
Сені мен басқа жерге теңеп пе едім.
Кендірлік, Кеңсай, Қалша, Қара-Бұлақ,
Қайтсем де айырылмаспын демеп пе едім.

Аман бол Ши-Төбенің далалары,
Сауыр мен Маңырақтың салалары.
Жалықпа, алысып көр, қайтпа беттен,
Ақболат Дұзақшының балалары.

Бұл ісі ақ патшаның естен кетпес,
Еді ғой әділ болса тентіретпес.
Аққан жас, зарлаған үн, мұңлы дауыс,
Бір тосар, кәріне алар, текке кетпес.

Ел болып тәуекел деп түстік жолға,
Деседі бұл сапардың артын оңда.

Сатылған би мен болыс, ақсақалдар,
Түрі бар түсіретін бізді қолға.

Ел азаматтары Сауыр мен Тарбағатай жонына шығып, істің артын бақты. Айналасындағы ауылдарға ауық-ауық жасырын кісілер жіберіп, хабар алып тұрды. Сол шолғыншылардың айтуынша, Өкпеті, Нарын, Хабарасу елінен Қытайға көшкен 300 қазақ арттарынан қуып жеткен орыс отрядымен айқасып, екі жақтан да үлкен шығын болыпты. Ал Мүрсәлім болыс еліне ие бола алмай өзі бас сауғалап Қытайға қашқан көрінеді. Бірақ есесіне, әкесінің орнына баласы Заманбек тұтқынға алыныпты. Сары-Сүмбеге (Қытай қаласы) бет алған сарыжомарттың батыры Күркебай өздерін қуып жеткен 70—80 солдаттың алдынан жылқы айдап шығып, бәрін қырып тастапты. Қалжыр елінің ашынған жігіттері Бұтабай болыстың ішін жарып өлтіріпті...

Елден жеткен осындай әңгімелер гу-гу жалғасып жатты.

Үйдене өзені мен Маңырақтың жотасында жиналған Маңырақ болысының Интин, Хасен, Нұрғали, Жайдары деген жігіттері: «Егер бізді ұстауға солдат шығарса, ең алдымен Ахметжан қажы мен Мәмбеттің өз ауылын шауып, келген солдаттарға қарсы тұрамыз!» — деп сөз байласты.

Мәселенің тым ушығып бара жатқанын байқаған болыстар дереу Зайсан қаласына жиналады. Олар ақылдаса келе: «Елге ие болатын төреміз жоқ, ел жайлаудан түсіп, қыстауына жиналғанша жігіт алуды тоқтата тұру керек» деген тоқтамға келіп, осы ұсыныспен уезге шығады.

Болыстардың бұл тілегін қанағаттандыруды уезд басшысы губернатордан сұрайды. Нәтижесінде әскерге жігіт алу қыркүйектің 15-не дейін кері жылжытылады.

Жігіт алу мерзімінің кейінге қалдырылғанын пайдаланған

болыстар енді елдің арасына іріткі салуға кіріседі. Қорабай, Айжан, Екембет, Қаратай, Көкті би дегендер ел арасына келіп:

— Сүйінші беріңіздер, басшыларымыздың сұрауымен патша ағзам жеңілдік беріп, жігіт алынбайтын болды! — деп хабар таратты. Қаладан Әкімжан Байсалов, Арғынғазы Өтешев (бұл екеуі де кейінгі кездері Алаш-Орданың әкімі болған) дегендер Айқын дейтін байдың үйіне келіп, елді жинап алды да: «Азбаңдар, тозбаңдар мекендеріңе қайтыңдар, сендер үшін барлық беделімізді салып, патша ағзамынан жеңілдік алдық», — деп ұйымдасқан жігіттерді таратып, елді жайлаудан қыстауға түсірді.

Ел жайлаудан жиналған соң, сентябрьдің бас кезінде жігіт алу жарлығы қайта шықты. Оның үстіне Қаратал, Көкжыра, Боран, Алексеевқадағы орыстың жесір әйелдерінің егінін оруға кісі жинады. Осы кезде араны ашылған саудагерлер нәрсенің бағасын өте қымбаттатып жіберді.

Ел керегін таба алмады. Қайтадан қобалжу басталды. Ел енді ат семіртіп, азық-түлік жинап, тағы да көшуге бет алды.

Алаш ордашылардың алдауына түскен елдер ыза кернегенін Әрімжан ақынның мына өлеңдерінен көруге болады:

Елге қарсы жауыздық тор құрдыңдар
Байқаусызда алдаумен ұрдыңдар
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей
Жау қолына бір мүгедек қылдыңдар.
Тоқтау салып кейін қарай тарттыңыздар
Ант, уәде айтқан қайттыңыздар
Қанды тумен халық алдына қаптатып
Шімірікпей ар-иманды саттыңыздар
Мұны ұмытпас мұз жүрегі халықтың

Күн туса егер шетін көрер жарлықтың,
Ел жарлығы ұйымдасып бірігу
Дұшпанға қарсы айбарлы күш алыптың.

Ел қатуланды. Жайдары деген жігіт:

— Әке-шеше, бала-шағаларды шулатып солдатқа барғанша, бізді торға түсіріп отырған би, болыстардың ауылын шабу керек! — деді. Қабила Қатпаев: «Әнеугүні Ақаң (Ахмет Шегіров) жағаласпай жан қалмайды, ұйымдасу керек демеп пе еді? Несіне болса да шыдап, солдат бермей қарсы тұруымыз керек!» — дейді. Сол кезде Тұғыл поселкесіндегі балықшы кедейлер Федеров, Проин деген байлардың ларектерін талап алады. Федеров: «Лавканы талауға қатысқан», — деп өзінің малайы Интин Хасенді үш күн суық сарайға қамап, артынан малайлықтан шығарып жіберді. Осыдан кейін байлардың лавкаларын, магазиндерін талау көбейді. 1916 жылдың октябрь айында Қаратал, Көкжыра, Қарабұлақ поселкелеріндегі күйеулері солдатқа кеткен жесір әйелдер (орыс әйелдері) жұмыс істеп жүрген қазақ жігіттерімен бірігіп Зайсандағы Дәулеткелдиев және Семенов деген купецтердің магазиндерін талады.

Жергілікті гарнизонның отрядтары келіп, көтерісшілерге оқ атты. Сонда Қара-Ертіс елі екінші ауылындағы Шөпе деген жесір әйелдің 19-20 жасқа келген Қасен деген баласы және бір шал өлді. Ноябрь айында жесір әйелдер тағы да ұйымдасып, Зайсанға келді. Ерзин, Бабаев, Бопкин, Бекчентаев деген купецтердің магазиндерін талады. Бұларға қарсы жіберілген солдаттар оқ атпады, қайта соларға болысып, базардағы саудагерлерді қуып шықты.

Декабрь айында магазиндер тағы да талауға түсіп, базардағы ларектар өртелді.

Осы кезде Зайсан уезіне қарайтын үш ауданның съезі болды. Мұны Селезнев деген миссионер мен Кагенчин поп басқарды.

«Қара жұмысқа жігіттер тез жіберілуі керек, өйткені, экономикалық қаржыны байлар беріп отыр», — деп Нұрғали Шөкішев, Ыбрай Екзеков сияқты кедейлерді зорлықпен жіберді.

**Сапарғали Сырымбетов,
Жүсіпқан Сәрсеков**

«Социалистік Қазақстан» газеті. №215. 1936 жыл.

ТҰРҒЫНБАҰ МЕН ШУШУБАҰ

Қазақта бір ауыз өлең шығармайтын адамдар кемде-кем. Бірақ солардың ішінде халық нағыз ақын деп біреудің мінін бет-бедеріне қарамай бетіне айтатын, табанда ұтымды ұйқас тауып, өлеңнен өрнек жасайтын суырып салма ақындарды айтқан. Халық оларды қашанда құрмет тұтып, тапқырлықпен айтқан аталы өлеңдерін қағып алып, жұрт бас қосқан жиында «мынау пәленшенің өлеңі еді» деп әңгімелеріне арқау еткен. Мәжіліске көрік беріп, жұртты бір серпілтіп тастайтын осындай суырып салма ақындар ретінде Шушубай мен Тұрғынбай есімдері ел аузында ұзақ сақталуда. Шушубай Садырбайұлы Шығыс Қазақстан облысында туып-өсіп, жасы жетпіске таяғанда қайтыс болған. Сүйегі көкжарлы, оның ішінде қаршыға руынан шыққан. Оның аталары да, өзі де кедей болған.

Ат жалын тартып мінгеннен кейін Өскемендегі Ахтам деген байдан қолхатпен кездеме алып, ел аралап сауда жасайды екен. Бірақ одан баю орнына кейде зиян шегетін көрінеді. Ақкөңіл, ақжарқын жан кездемеге үстеме қосып сату орнына арзанға беріп, ақырында сауда жасай алмайтындарды «Шушубайдың саудагерлігі сияқты» деген мәтелге айналдыру осыдан қалған. Бертінде қайтыс болған Шушубайды осы жолдардың авторы да өз көзімен көрді.

Өскемен уезінің Тайынты болысында Мұса Түгелбайұлы деген дәулетті адам ұзақ жылдар болыс болады. «Қолыңнан келсе, қонышынан бас» деген емес пе, Мұсаның жас әйел алуға көңілі кетеді. Сөйтіп, таңдап жүріп, әрі сұлу, әрі ақылды Оқажан деген қызды тоқалдыққа алады. Ол қыз Байтақбалының Оспаны дегеннің айттырып қойған жесірі екен.

Бірде Мұсаныкіне Шушубай бара қалады. Сәлемдескеннен кейін-ақ Мұса:

— Шушеке, мына тоқалдың қандайлығы жөнінде бір ауыз өлең айтып берші! — деп қолқа салады.

Шушубай бөгелместен:

Ей, Мұса қыз алмадың жесір алдың,
Қызығып, мұның сірә несін алдың?
Түгелбай Жарылғаптан бай боп еді,
Қызығын көре алмадың есіл малдың, —

деп оның озбырлығын бетіне басыпты.

Сөзге жығылған Мұса:

— Шушеке, мына өлеңді басқалардың алдында айта көрме!
— деп, ақынға бір тай сыйлапты.

Шушубайдың өз елі Тарғын болысында Малбағар Оразайұлы

деген указной молда болыпты. Ол Семей губернаторының жарлығы бойынша бекітілгендіктен осындай атқа ие болған. Малбағар асқан шаруақор екен. Ел жайлауға шыққанда, ол қыстауында қалып, шабындығын, егінін суарған. Өскемен қаласынан келе жатқан Шушубай қонаға Малбағар молданың үйіне түседі. Малбағар:

— Шушеке, жайлаудағы елдің халі қалай екен? — деп сұрайды.

Ол табанда:

Бұл күнде жайлаудағы ел айт пен тойда,
Молдеке, шаруа деп жаттың ойда.
Жаныңда не тыныштық, не рахат жоқ,
Қарашы, құраныңда осылай ма? —

деп суырып салыпты.

Бұған Малбағар ешнәрсе демейді. Шушубай сол жазда Өскеменнен тағы бірде келе жатып жол-жөнекей ойда отырған Малбағар молдаға соғады. Бұл кезде басқалардың егіні тырбайып өспей жатқанда, Малбағардың уақытында суарылған егіні жайқалып тұр екен.

— Шушеке, мынаған енді не айтасың? — дейді, Малбағар егінін көрсетіп.

Шушубай да іркілместен мынадай жауап қайтарыпты:

Астықты ойда жатып суарасың,
Бидайың дән тартқанға қуанасың.
Бөрібір бұл қанағат болмайды ғой,
Күз болса, ғұшыр сұрар диуанасың, —

депті.

Кездеме толы дүкеннің дәл аузында сатушылардың жұмысын бақылап Ахтам тұрады екен. Шушубай келе жатқанда

денесін баяу бұрып, бетіне шатынай қарайды да сәлемін алған соң одан әрі тілдеспей:

— Бар Әбдіразаққа, жауыз! — дейді.

Сонда Шушекең тұра қалып мына шумақтарды айтыпты:

Егер де атан болсаң бақырауық,
Әр жерде қалар едің жүгің ауып.
Басқа ұрып, сабап-сабап, жүгіңді алып,
Алар ем, бүгін тастап, ертең тауып.

Теке болсаң әр қойда жүрер едің,
Кез келген саулықтарды сүзер едің.
Үрпегің май айында құрттап кетіп,
Оралып күйегіңе өлер едің.

Сонда Ахтамның ұлы Әбдіразақ:

— Шушеке, қартпен ерегісіп қайтесің. Бері кел, кездемені өзім берейін, — депті.

Шушубай Әбдіразақтың қасына барған соң:

Ахтам байдың баласы Әбдіразақ,
Мен саған жіксіз жерден салдым азап.
Алғашқы борышыңнан құтыла алмай,
Тағы да кездеме алар неткен қазақ? —

деген жолдарды суырып салыпты.

— Жоқ, Шушеке, мен саған олай демеймін, — дейді де ескі борышының есебін шығарып, қолхатын ауыстырып, несиеге жаңадан кездеме беріпті.

Ахмет деген кісі жас кезінде бір жерде айқай шықса, елеуреп, атына міне сала тұра шабады екен. Сондықтан, ол халық

арасында аусар, алақұс, алақиық атаныпты. Соңында би болады. Бірде Шушубаймен кездескенде Ахмет:

— Шушеке, жұрт маған бұрын жақсы ат берген жоқ. Енді жаман емес сияқтымын. Бет түзелді. Осы жайлы бірдеңе айтпайсың ба? — депті.

Сонда Шушубай ол жайлы:

Қарала ат міне-міне болды-ау иық,
Кеше шілен келгенде кетті-ау сиық.
Мойныға знак тағып, би болыпсың,
Бір кезде тентек едің алақиық, —

деген жолдарды арнапты.

Тұрғынбай Шушубаймен құрдас, екеуі жиі өнер таластырып қалады екен. Бірде Тұрғынбай Шушубаймен кездесе кеткенде:

Баласы Садырбайдың Шушубайсың,
Сауда қып қысы-жазы бір тұрмайсың.
Мінетін екі-үш атың бәрі қотыр,
Артық пайда қылғандай қутыңдайсың, —

десе, Тұрғынбайдың етігінен ұлтарағы шығып қалғанын көріп қалған Шушубай:

Тұрғынбай, мініп жүрген кершолағың,
Бермейсің бір сөйлесең сөз қонағын.
Еліңе өлең айтып жақсаң дағы,
Жалғанда жиылған жоқ ұлтарағың, —

деп, әп-сәтте жауап қайтарыпты.

Шушубай жер аударудан қайтқан құрдасына амандаса барып:

Тұрғынбай, келдің бе аман Бийскіден,
Құдайға қылған ісің келіспеген.
Болыс боп Шөлтекеде тұрған кезде,
Сен едің көп шонайдан өрістеген.
Тұрғынбай, келдің бе аман Түмен барған,
Көрсетер кімге опа мына жалған.
Азабын бұрын иттің қатты-ақ тарттың,
Айдатты мөрін басып Ізғұтты ағаң, —

деп қағытқанда, Тұрғынбай:

Қиналды-ау айдалғанда шыбын жаным,
Сиындым аруағына мұсылманның.
Бетіме оны несін таба қылдың,
Менімен бірге барған Батыманың, —

деген бір шумақпен есесін жібермепті.

Ұлымен, келінімен ұрсысып, олардың қылығына ренжіген Шушубай басқа жаққа бөлініп көшіп кетпек болады. Ағайындардың айтқанына көнбеген соң бір туысы: «Ол енді бір алса, құдасы әрі сырласы Тұрғынбайдың тілін алар», — деп, оған хабар жіберіпті. Қараша айы, күзгі қарасуық екен. Сәлемдесіп, амандық біліскеннен кейін Тұрғынбай:

Жел соғар қарашада дүркін-дүркін,
Бұл дәурен бәрімізден өтер бір күн.
Болғанда келінің өктем, балаң ынжық,
Тудырған сол баланы сендей шіркін, —

деген бір шумақты суырып салып айтады. Шушубай ашуын басып, ұл-келінімен бірге қалыпты.

1913 жылы өтемістің бірнеше адамы Меккеге баруға әзірленеді. Өздеріне жолбасшы ретінде арабша оқыған, сол тілге жетік Салық Талтақұлы деген молданы алуға ұйғарады.

Тұрғынбайдың құрдасы, танауы пұшық Майбас деген кісі де Меккеге бармақ болады. Ол дәулеті шалқып тұрмаса да жұрттан қалмай, қажы атанып қайтуды ұйғарған.

Бір күні Салықтың Нұрсолтан деген шәкірті Тұрғынбайдан қолма-қол бір ауыз өлең шығаруын сұрайды. Сонда Тұрғынбай Салыққа Нұрсолтан арқылы:

Айта бар, барсаң сәлем Салығыма,
Сүйкімді молда боп тұр халқыма.
Майбасты саңырайтып апармасын,
Түседі қайта келіп қалыбына, —

деп, бір ауыз өлеңмен сәлем айтқан екен.

Енді бірде Тұрғынбай Салықтың өзіне кездеседі. Сонда Тұрғынбай:

Ассалаумағалейкум, молда Салық,
Екенің қасиетті Құдайға анық.
Меккедегі халықты шошытпаңдар,
Майбасты саңырайтып алып барып, —

деген жолдарды шығарыпты.

Көкжарлыдан шыққан бұл екі ақынның жоғарыда келтірілгеннен басқа өлеңдері де халық арасында кең

таралған. Соларды жинастырып, жарыққа шығарса, өдеби қазынамыздың толыға түсері сөзсіз.

ИТТИҢ ДАУЫ

Түгелбайдың Мұсасы Тарғын болысынан Тайынты болысын бөліп алып, жеке билік құрған кезде Шушубай ақын ежелгі әдетімен Тайынты болысына қараған ауылдарды аралап, ұсақ-түйек заттар сатып саудасын жасайды.

Сауда жасап, біраз күннен кейін ауылына бет алады. Тайынтыдан шыққанда сөлпеңдеп бір ит еріп шыққанын көреді. Бірақ Шушубай бұған назар аудармайды. Артынан бір-екі апта өткен соң, иттің иесі Смағұл деген адам екен, итімді саудагер Шушубай ұрлап алып, сатып жіберді деп, ойда жоқта билер сотына шағым түсіреді.

Сол себепті билер сотына Шушубай шақыртылады, мұнымен қоса қаршыға елінің бұрынғы белді азаматтарының бірі, бұрын болыс, төбе би қызметтерін атқарған Жайсаңбайды қоса шақырыпты. Не үшін билер сотына шақыртқанын білмеген Шушубай аң-таң болып жиынға келсе, Мұса бастаған билердің ішінде Жайсаңбай да отыр екен. Сонымен билер жиналысы басталып, итін жоғалтқан Смағұл орнынан тұрып:

— Итімді Шушубайдың ертіп кеткені рас, оны көрген адамдар бар, итімді іздеп таппадым, итімнің құнын төлесін, — дейді.

Мұса болыс:

— Онда мына Жайсаңбайдың елі, өзінен кіші інілері, сол кісі ақ-қарасын өзінен сұрап, билігін айтсын, — дейді.

Жайсаңбай:

— Бұл істі мен қарамаймын, егер мен бұл жұмысқа кірісsem, сендер інісін ақтап жібереді деп жыбыр-сыбыр өсек қыласыңдар, — дейді.

Сонда болыс бастаған билер:

— Біз ештеме сөз айтпаймыз, істі сіз қараңыз, — деп болмаған соң, Жайсаңбай орнынан тұрып:

— Әй, Шушубай, сенің мына Смағұлдың ауылына барғаның рас па? — деп сұрайды.

— Рас.

— Ал оның итін ұрлап кеткенің рас па?

— Жоқ, Жәке! Мен итті ұрлағам жоқ, ақиқат шынымды айтсам, сөбелеңдеп бір ит еріп шыққаны рас, бірақ менің итке көңілім ауған жоқ, өз жұмысыммен жүріп, жолдағы ауылдарды аралап үйге келдім, Құдай ақы шындық осы, — дейді.

— Осы айтып тұрғаның Құдай алдында шындық па?

— Осыным Құдай алдында шын! — деп жауап береді Шушубай.

Жайсаңбай:

— Олай болса мен билік айтпайын деп едім болмадыңдар. Ендеше мына Смағұлға өз итіндей бір ит бер, мойнына байлап, екінші итті тағы бер. Құйрығына байлап үшінші итті бер. Мына отырған билердің істі қараған ақысы үшін Мұсаға тағы бір ит бер. Ал болыс бастаған билер мен ит жоғалтқан Смағұл осымен тоқтасыңдар, жарай ма? — дегенде, жиналғандардың ешқайсысы бір ауыз сөз айта алмай отырып қалыпты.

Сонда көңілі көтерілген Шушубай ақын орнынан ұшып тұрып:

Жоқ артынан келеді жылқым саулап,
Бойымды өлең шіркін кетті қаулап.

Болыстық өтеміске тигеннен соң,
Көрдiң бе құтыруын итiн даулап.

Ой, Жәке! Бір уақытта асып едің,
Суындай дарияның тасып едің.
Болыстық өз қолында тұрған шақта,
Қай өтеміс іргеңді басып еді, —

деп, етегін желпіп-желпіп жиналыстан шығып жүріп кетіпті.

Зебер Баянов,
«Дидар» газеті

Бесінші тарау

АЯЛЫ АЛАҚАН

Бірде белгілі тарихшы, өлкетанушы, әрі білгір шежіреші Зейнолла ағамыз Қайсенов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы жазылған кітаптың Алғы сөзін жазып және шығарып беруді өтінді.

— 1916 жылы халық көтерілісі Қазақстанның бірталай жерінде орын алған ғой, сіздікі солардың қайсысы? — деп сұрадым.

— Біздікі Шығыс Қазақстандағы Тайынты еліндегі өтемістер бастаған көтеріліс қой... — деді ынталы топтың өзге адамдары мән-жайды түсіндіріп.

Мен елең ете қалдым. Өтемістер — менің нағашыларым ғой. Тағы бір үміт оты жылт еткендей болды. Сол үшін де кітаптың Алғы сөзін жазуға және шығарып беруге бірден келісім беріп, іске құлшына кірісіп кеттім.

Деректі мәліметтерге негізделген жинақты мұқият оқып шықтым. Оның ең басты құндылығы, айтылған әңгімелердің басым бөлігі сол көтеріліске қатысқан адамдардың (бүгінде қартайған ақсақалдардың) өз ауыздарынан жазып алынған екен. Өтемістер туралы да талай әңгіме айтылыпты. Осы тұрғыдан қарағанда, көптен іздеп жүрген жоғымның ізіне түскендей болдым... Сондықтан да кітап авторына өз шешем жайлы ештеңені жасырмай түгел айтып бердім.

Жалпы, мен мына өмірде өзімнің жер басып жүргеніме, қандай да бір жетістіктерге қол жеткізіп жатқаным, көп адамдарға қарыздармын. Маған кезінде қол ұшын созған сол бір қамқор да мейірімді жандардың ішінде, әсіресе, туған анам — Тұрдықан Жапарқызына, бағып-қағып өсірген анам — Жақия Мұсақанқызына, Семей облысы, Жарма ауданындағы перзентхананың дәрігер қызметкерлері Галина және Валентина апайларға деген алғысым шексіз! Сондай-ақ мен туылған күннен

бастап, яғни 1962 жылдың қыркүйегінен 1963 жылдың тамыз айына дейін перзентханада мені емізіп, бойыма күш-қуат берген барлық бейтаныс аналарға мың да бір рақмет! Олар мені, мен оларды танымайтынмын... Бірақ олар мені бауырларына басып, өмір есігін жаңа ғана ашқан өз нәрестелерінің үлесінен бөліп-жарып, мені тамақтандырды... Маған өмір нәрін сыйлады... Әсіресе, өз бастарын қатерге тігіп, мені заңсыз түрде бір жылға жуық перзентханада ұстаған, есімдері жоғарыда аталған екі кісі болмағанда мен кім болар едім?!

Рақмет, тағы да рақмет! Мен сіздерге, менің өміріме араша түскен барлық абзал аналарға, өмір бойы алғыс айтумен келемін! Сіздердің алдарыңызда басымды иіп, Сіздерге бар жақсылықты тілеймін! Сіздер барда, сіздер сияқты асыл аналар барда, мына жарық дүниеде ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ, МЕЙІРІМДІЛІК, СҮЙІСПЕНШІЛІК ешқашан сарқылмақ емес!

Менің туған анам Тұрдықан Жапарқызы мені дүниеге әкелген күні өзі бұл дүниемен мәңгілікке қоштасыпты. Сол кезде ол бар-жоғы отыз бес жаста көрінеді. Ал мен оның сегізінші перзенті екенмін. 1962 жылдың 23 қыркүйегінде ауыр отадан кейін қайтыс болған шешем, мені бір рет емізіп, терезе арқылы әкеммен бір рет қана сөйлесіп үлгіріпті...

Кезінде өзі де анасынан бес жасында, ал әкесінен он төрт жасында жетім қалып, небір қиындықты басынан өткерген, жетімдіктің не екенін жақсы білетін әкем көздері жәутеңдеп, шешелерінің артында қалған балалары үшін қатты уайымдаса керек. Сол кезде менің ағаларым: Қапас — он төрт, Азамат — он екі, Азат — он, Жаңабай — алты, Мырзасадық — төрт, Дәулет — екі жаста, ал әпкем Майра — алты жаста екен. Бірақ әкем олардан да бұрын емшек сүтінен басқа ештеңені татып көрмеген мен үшін қаттырақ уайымдапты... Осыны жақсы түсініп,

жанашырлық танытқан перзентхана дәрігерлері маған әйелдер босанатын үйде қалуға рұқсат етеді. Сөйтіп, аяқ астынан менің жағдайым өзге бауырларыма қарағанда біршама тәуір болып шыға келеді. Өйткені үйде тек әкем ғана жұмыс істейтіндіктен ішім-жем жағы кемшін болатын. Ал бізге көмектесе қоятындай жақын туыстардың да ешбір реті жоқ еді. Сол тұста біраз жәрдемдесуге ниет білдірген әкемнің әпқесі мен енесі бір айға жетер-жетпес өздерінің үйлеріне кетіп қалған. Әрине, оларды да түсінуге болатын сияқты, қанша дегенмен де олардың өз отбасы, өз бала-шағалары бар ғой.

Өйткенмен де бізге көмек қолын созушылар табылып жатады. Көршілер, мектеп ұжымы, ауылдастар арагідік болса да жәрдемдесіп жүреді. Алайда сырттан келетін мұндай көмектер әкеміз үшін сүйікті әйелінің, ал балалары, біздер үшін, аяулы анамыздың орнын еш баса алмады.

Осылайша еңсені басқан ауыр күндер аптаға, апталар айларға ұласып өтіп жатады. Күн өткен сайын жалғыз басты отағасының жүгі ауырлаған үстіне ауырлай береді... Оның үстіне, ауылдық кеңестің төрағасы: «Балаларды жетімдер үйіне өткізу керек!» — деп, қайта-қайта тықақтаумен болады. Келе-келе бұл аздай, енді Жарма ауданының барлық билік өкілдері (ауатком, прокуратура, милиция, т.б.) әкемді өздеріне шақыртып: «Кеңестер одағында балаларды қараусыз қалдыруға, өз беттерімен жіберуге болмайды!» — деп, жан-жақтан қысымға алады.

Мәселенің ушығып бара жатқанын байқаған әкеміз, енді үйлену туралы ойлана бастайды. Өйткені балаларды үйде, өз қолында қалдырудың жалғыз жолы осы еді.

Бірақ жеме-жемге келгенде, бұл шаруаның да оңай емес екендігіне әкеміздің көзі әбден жетеді. Себебі өзі сұлу, келбетті жігіт ағасына әйел болғысы келетіндер оп-оңай табылғанмен, ара-

ларында сегіз балаға ана болғысы келетіндері мүлдем жоқ-тын. Әсіресе, соңғы сегізінші баланың әлі перзентқанада жатқанын естігенде, ықлас білдірушілер түгел дерлік ат-тондарын ала қашады екен. Сосын амалы таусылған әкем өтірік айтуға дейін барады. Алайда оның: «Әйелім өліп, үш баламен қалдым...» — деген уәжінің де ешқандай септігі тимейді.

Осылайша ешбір жолы болмай, әбден қажып, тұйыққа тірелген әкем бір рет өзіне қол жұмсамақшы да болады. Бұған себеп, жұмыстан түнделете үйіне оралған оның алдынан шыққан үлкен ұлы Қапас еңіреп қоя берген еді. «Бүйтіп ашығып, бұралқы иттей сүмеңдеп жүргенше, бізді жетімдер үйіне өткізгеніңіз артық!» — дейді ол қорс-қорс жылап.

Негізінен оның сөздерінің жаны бар еді. Сол тұста үйдің ішіне бас-көз болып жүрген әкеміздің әпқесі шынында да баларды уақтылы тамақтандырмайды екен. Нанды сандыққа салып, аузын құлыптап тастайды. Нан сұрап, қыңқылдаған байғұстарды дереу таяқтың астына алады. Балалардың үстері кір-қожалақ, киімдері жыртық-жыртық. Мектепке киіп баратын ыңғайлы киімдері де жоқ...

Осылардың бәрін көріп, бәрін біліп отырған әкеміздің төзімі таусылады. Қиындықтан шығар жолды таба алмай, еңсесі түседі. Қайда қараса да, айнала тұманды қара түнек...

Міне, тап осылай қиындықтан құтылар жолды таппаған кезде адамға небір сұм ойлар келеді екен. «Бүйтіп, балаларға көзкүйік, елге масқара болғанша, өлгенім артық!» — деген суық ойдың келгені де дәл сол кезде еді...

Сол бір суық ой, ақыры оны іс-әрекетке итереді. Түнге қарай балаларды төсектеріне жатқызып, олардың ұйықтауын күтеді. Қазір шамалы уақыттан кейін, әрине, балалар түгел ұйықтап қалады. Міне, дәл сол сәтте бұл орнынан тұрып барып, жанып

жатқан пештің түтін шығатын құдығын жауып қоюы тиіс... Со-сын балалар улы газға тұншығып... Балалармен бірге өзі де тұншығып... Бәрі қас-қағым сәтте о дүниеге аттанып кете бармақ...

Бұл қиындықтан құтылудың ең сенімді жолы еді. Бірақ... бірақ сонда мына балаларды өмірге не үшін әкелген?! Бар-жоғы өз қолымен өлтіру үшін бе?! Ал егер түбінде өз қолымен өлтіретін болса, о баста бұларды өмірге әкеліп несі бар?! «Өмір — Алла Тағаланың адамзат үшін жасаған ең керемет сыйы» дейтініміз қайда! Сонда бұл Алла Тағаланың ең керемет сыйын талақ ет-пек пе?! Жаратушы Иемізге қарсы шығып, оны қорлайтындай кім бұл?! Бұл небәрі бейшара пенде емес пе?! Ендеше сорлы пенденің құдыреті күшті Алла Тағаламен тайталасуына жол бол-сын?!

«Жо-жоқ, кешіре көр, Құдайым! Шайтан-Ібілістің азғыруына түсіп қала жаздаған мүсәпір құлыңды дұрыс жолға бағыттай көр!» — деп тәубасына келген әкеміз, әлгіндегі жаман ойлары-нан бас тартады. Өзінің балалық шағын есіне алады...

Әкесі Молдабайдың төрт баласы болатын. Оның да әйелі ерте қайтыс болған көрінеді. Үлкен ұлы азамат соғысы кезінде көз жұмыпты. Одан кейінгі қызы тұрмысқа шығып кетеді. Сөйтіп, қолында қалған қарындасы екеуін әкесі өзі бағып-қағып өсіреді.

Коллективтендіру науқаны кезінде ауданнан келген өкілдер үйме-үй жүріп, тығылған астықты іздейтін. Олардың түстері өте суық болатын. Қолдарына ұзын үшкір таяқ темір ұстаған тексерушілер бұлардың үйіне де жиі келетін. Ондайда зәрелері ұшқан екі кішкентай дереу пештің үстіне шығып, тығылып қалатын.

Бұның аяғы ашаршылыққа алып келді. Ашыққан жұртта ешбір береке-бірлік қалмады. Әркім өзінше аштан өлмеудің қамына кірісіп кеткен. Молдабай да қолындағы азын-аулақ астықты

балшықпен араластырып, үйінің ішкі қабырғаларына жағып тастайды. Бір ғажабы, тексерушілер үйге талай рет келгенімен, мұны ешбір байқамайды. Есесіне, бұлардың қарны «тоқ». Өкілдер шығып кеткен соң, әкелері қабырғадағы балшықтың шамалы бөлігін сыдырып алатын да, оны сумен жуып, дәндерді бөліп алатын. Тек дәндерді қуыруға болмайды. Өйткені түнде от жағу дегенің өте қауіпті, біреу-міреулердің көзіне түсіп қалулары мүмкін еді. Сондықтан дәнді қытырлатып шикідей жеуге тура келетін.

1931 жылдың күзіне қарай жағдай бұрынғыдан да ушыға түседі. Ендігі жерде Аягөзде тұру тіпті мүмкін емес-тін. Мұндағы жұрт аштықтан жаппай қырыла бастайды. Амалы таусылғандар енді жан-далбасамен Қытайға қарай ауа көшеді. Сол көшке лажсыздан бұлар да қосылады.

Бұл бір жан түршігерлік сапар болатын... Ұзақ жолдың өн бойында теңкиген өліктер... адамдардың, аттардың өліктері... Қайда қарасаң да пырдай шашылған сүйектер... адамдардың, аттардың қу сүйектері...

Сол жолы бұлар шекарадан өте алмай қалады да, Сасықкөл маңында қыстап шығуға бөгеледі. Бұл жерде қыс өте суық екен. Оның үстіне, жейтін азықтары да жоқ. Дірдек қағып жүріп, көлден балық ұстаған болады. Әйтеуір осылай ертелі-кеш өлместің күнін көреді. Бұл дегенің, бәлкім, құлаққа біршама жұбаныш та болып естілетін шығар-ау... Ал бірақ, шын мәнінде, бұл «шықпа жаным, шықпаның» нақ өзі болатын...

Ақыры қиындық жолында жап-жас Ажарды құрбан етуге тура келеді. Сөйтіп, небәрі он екі жастағы жасөспірім қыз жылай-жылай бір үлкен кісіге әйелдікке кете барады... Содан кейін бұлар оны ешқашан көрген емес. Қайда жүр, тағдыры не болды, ешкім білмейді... Сол қоштасқаннан мәңгіге көз жазып қалған-

ды...

1932 жылы көктем шыға әке мен бала әйтеуір амалдап жүріп шекарадан өтеді. Бірақ қуаныштары ұзаққа бармайды. Барған жерде әкесі қатты ауырып, ақыры қайтыс болады...

Міне, жалғыздық деп осыны айт. Қолтығынан демеп, бағыт-бағдар беретін не әке-шешесі, не туған-туыстары жоқ... Онсыз да топалаңы шығып жатқан мына аласапыран дүниеде жападан жалғыз қалады... Алда не күтіп тұр? Қорғансыз жетімнің тағдыры не болмақ? Кімді паналайды, кімге үміт артады? Жауапсыз қалып жатқан мың-сан сұрақтар...

Сол күні көзінен жасы парлай жүріп әкесін жерлейді. Әке алдындағы соңғы парызынан құтылып, енді алға жүрейін десе аяғы бастырар емес. Амал жоқ, үш күн бойы тыпыр етпей әкесінің қасында болады. Үш күн, үш түн бейітті құшақтап, ботадай боздайды...

Ақыры соңғы күшін жинап, төртінші күні жолға шығады. Алда жат жер, бейтаныс әлем... Бір Аллаға жалбарынып, жолына сәттілік тілейді. Бір емес, екі емес, ертелі-кеш Жаратушы Иемізге жалбарынумен болады. Әсілі, «Құдайдан ерінбей-жалықпай сұра, қайталап және сұра, сонда ол саған сұрағаныңды береді, тіпті сұрағаныңнан да асырып, үйіп-төгіп береді!» — деген сөз рас-ау. Әрмен қарай жолы ашылып, ісі оңға баса бастайды. Көп кешікпей жұмысқа орналасады. Табысы да жаман емес сияқты. Жүріс-тұрысына, ішім-жеміне молынан жетіп жатады. Сол жақта сүйген қызына қосылып, отбасын құрайды. Бала-шағалы болады.

Біраз өз-өзіне келіп алған соң, енді туған жерін ойлай бастайды. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген мақалды есіне алады. Содан туған еліне деген ыстық ықыласы жеңіп, жиырма үш жылдан кейін кері оралады...

Өткен өмірін көз алдынан өткізген әкесі байқап қараса,

бұдан қиын кездері де бар ауыртпалыққа төзе білген сияқты. Қиындықтан мойып, морт сынған жері жоқ екен-ау. Бәріне төзіп, бәріне шыдамдылық, асқан шыдамдылық танытыпты ғой.

Ұзақ ойдан серпілген әкесі терезеге қарайды. Қараса дала жап-жарық. Сонда барып ол түні бойы ұйықтамай, өз ойымен арпалысып шыққанын түсінеді.

Орнынан тұрып, терезеге жақындайды. Міне, ғажап! Оның көзі арайлап атып келе жатқан таң шапағымен қатар, биік көкте жарқыраған таңғы жұлдызға түседі. Сол бір жап-жарық жұлдыз көпке дейін, тіпті күн шыққан кезде де аспанда жарқырап тұра береді...

Қара түнек түннен бөлініп қалып, жалғыз өзі аспанда жарқырап тұрған жұлдызға әкесі сүйсіне қарайды. Ол да бұған жымың-жымың етіп: «Еш уайымдама, адамзат, мен сенімен біргемін!» — деп жұбатқандай болады.

Неткен жұбаныш! Неткен жып-жылы сөздер еді! Әкесі бірден көңілденіп сала береді. Түндегі жатар алдындағы жаман ойлардың бәрі зым-зия жоғалған. Кері бұрылып, төсектерінде бір-бірінің бауырына кіріп, ешбір алаңсыз пысылдап ұйықтап жатқан балаларына елжірей қарайды. Балаларының өмірін қиып жібермек болған қатыгездіктен құтқарып, санасына сәуле түсірген Жаратушы Иемізге мың да бір алғысын айтып, тәубасына келеді...

Иә, бұл осынау жарық жұлдызды әкеміздің екінші рет көру еді. Ол туралы бұрын балаларына да айтып берген. Қытайда гомендан армиясымен шайқас кезінде бұлар қоршауда қалып қояды. Жан беру оңай ма, отызшақты адам жанталаса атысып жатады. Алайда күші өлдеқайда басым жау біртіндеп тықсыра бастайды. Жолдастары оққа ұшып, қатарлары сиреген сайын құтылуға деген үміт те үзіле бастағандай еді...

Кенет айнала жап-жарық болып кеткендей болады... Әкесі

көк аспанға қалай жалт қарағанын өзі де байқамай қалады. Сол кезде оның көзіне көк жиегінде жарқырап тұрған бір жұлдыз түседі. Аппақ ақ жұлдыз... Жарқыраған жұлдызға таңырқай қараған әкесі:

— Аспанға қараңдаршы! Жұлдыз-з! Әне, жұлдыз-з! — деп қуана айқай салады.

Бірақ көк жүзіне жалт-жлт қарасқан жолдастары қанша үңілгенмен әлгі жұлдызды еш көре алмайды.

— Қайда-а?! Қайдағы жұлдызды айтып тұрсың?!

— Тапа-тал түсте ол неғылған жұлдыз?!

Сонда барып әкесі әлгі жарық жұлдыздың тек өзіне ғана көрініп тұрғанын түсінеді... Түсінеді де өн бойы шымырлап кетеді...

Сол жолғы қанды шайқаста отызшақты адамнан екі-ақ жауынгер тірі қалады. Біреуі — әкесі, екіншісі — бір ұйғыр жігіті. Алайда құтқарушы өз әскерлері келіп жетекен сәтте, әлгі ауыр жараланған ұйғыр жігіті де көз жұмған еді...

Енді міне, сол бір аппақ жарық жұлдызды екінші рет көріп тұр. Бұл жолы әкеміз енді бұдан былай ешуақытта өлім туралы ойламау керектігін түсінеді. Түсінгесін ғой, сол күні өмірінде бірінші рет жұмыстан қалып, үй тірлігіне білек сыбана кірісіп кетеді. Бұрыш-бұрышта үйіліп жатқан кірлерді жуып, үйдің ішін айнадай жарқыратып тазалайды. Балаларының жыртылған киім-кешектерін түгел бүтіндейді. Үйдің ішін де, сыртын да аппақ етіп ақтап шығады. Кешке ыстық тамақ істеп, балаларының қарнын тойғызып, ұйықтауға жатқызады. Әкелерінің аяқ астынан күрт өзгергенін, жақсы жаққа қарай өзгергенін көріп, олар да қатты қуанып қалады.

Түнде әкелері түс көреді. Түсінде қайтыс болған әйелі, шешелерінен айырылып, жетім қалған балаларының анасы, бұған бар алғысын жаудырып жатыр екен...

— Рақмет, Сәрсембай, мен саған ризамын! Балаларды өзіңе сеніп тапсырып едім, сенімімді ақтап жатырсың! Әйтеуір анасыз жетімектерді жылата көрмеші, бұл менің өзіңе айтар соңғы өтінішім ғой... — дейді әйелі қиыла өтініп.

Негізінен әкем анамызды түсінде жиі көретін. Оны түсінде көріп, онымен әңгімелескенін бізге талай рет айтып та берген. Өзге ағайын-туыстардан естуімізше, екеуі бірін-бірі өте жақсы көрген екен. Екеуі бірін-бірі қатты сыйлапты. Бір-біріне дауыс көтеру, ренжісу дегенді білмеген.

Әкеміз анамыз туралы жиі әңгімелеп отыратын. Оның сұлулығы, ақылдылығы, өнерге деген бейімділігі жайлы айтқанда тіпті шабыттанып кететін. Әсіресе, тамылжыта ән салып, мың бұрала билейтін қабілетін ерекше құрметтейтін. Әрі осындай асыл да аяулы жанды кезінде қолға қондырудың өзі оңай болмағанын еш жасырмайтын. Қыздың әке-шешесінің келісімін алу үшін қаншама тер төккенін де жайып салатын.

Әсілі, сүйген жары қайтыс болған соң, әкеміздің өзіне әйел емес, бізге ана іздеуінің сыры да осында жатса керек. Тіпті ол мұны еш жасырмай, бізге ашық айтып та отыратын.

— Мен өзіме әйел іздесем, әлдеқашан үйленіп қояр едім ғой. Мен сендерге ана боларлық жанды іздегендіктен, істің орайы келмей жатыр ғой! — дейтін ол ағынан жарылып.

Мен, бәлкім, ол кезде бұл сөздердің мән-мағынасын жете түсінген жоқ болармын. Ал бірақ тап қазір, өмірдің бірталай белесінен өтіп, немере сүйіп отырған мен, бұл сөздердің мән-мағынасын толық түсінемін деп нық айта аламын. Соны түсінгендіктен де жан әкетайым менің көз алдымда биіктеген үстіне биіктей береді, биіктей береді!

Оның бізге, балаларына деген әкелік сүйіспеншілігі ақырында өзін ұмыттырып, үлкен құрбандыққа апарды. Осылайша бізге

нағыз АНА іздеуге шындап кіріскен ол, енді бұрынғыдай жақын маңдарға ғана емес, алыс-алысқа сұрау салады. Осындай көп сапарлардың бірінде сол уақыттағы колхоз басшысы Ғайнуллиннің рұқсатымен шаруашылықтың бір машинасын алған әкем ауылдан 280 шақырым жердегі Зырянск ауданының Орловка деген ауылына барады. Әкемнің онда баруына көршісі Айтқазы ағаның әңгімесі түрткі болған еді. Ол кісінің айтуы бойынша, болашақ анамыздың ата-анасын коллективтендіру науқаны кезінде «халық жауы» ретінде атып тастаған екен. Туған ағасы болса, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде хабар-ошарсыз жоғалып кеткен. Ал күйеуімен үш-ақ ай отасыпты. Өйткені ол да соғысқа алынып, сонда қайтыс болыпты. Міне, содан бері ол Орловка ауылында жалғыз тұрып жатса керек.

Сонымен қалыңдықты айттыруға, әкемнің қасына Айтқазы аға мен Омарғазы аға деген досы ілеседі. Олар жолға шығар кезде колхоздың төрағасы Ғайнуллин:

— Міндетті түрде келінді алып қайтатын болыңдар! Келінсіз келсеңдер, сендерді ауылға кіргізбеймін! — деп, өзіл-шыны аралас нықтап тапсырады.

Бәлкім, сондықтан да болар, жолға шыққан үшеуі бастықтың «тапсырмасын» орындамай қайтпауға, іштей мықтап бел буады. Сөйтіп, Орловкадағы келіссөзді тура жарты ай жүргізеді. Есесіне мәселе оң шешімін табады. Болашақ анамыз бен әкеміз өзара тіл табысып, қалған өмірлерін бір шаңырақ астында өткізуге келіседі.

Жалғызбасты әйелдің мұндай шешімге баруына не түрткі болғанын кім білсін? Бәлкім, ертелі-кеш еңсесін басқан жалғыздықтың зіл батпан шер-күйігінен құтылғысы келген шығар-ау... Әлде, туған шешелерінің аялы алақанын аңсап, көздері жәутең-жәутең еткен бізді аяды ме екен... Ал егер

шындықты түгел жайып салып, бар үмітін өзіне артып отырған аптал азаматты жерге қаратудан жасқанса ше... Мүмкін... бәрі мүмкін-н...

Иә-иә, бәрі де мүмкін! Өзін бағалай білетін, жетімдерді аялай білетін, ер азаматты қадірлей білетін, терең ойлы, түсінігі мол, қайырымды жан ғана осындай шешімге барса керек-ті!

Менің бұлай дейтінім, кейін есейген кезде екінші анамыздан:

— Шыныңызды айтыңызшы, менің әкеме қалайша тұрмысқа шықтыңыз? Сіз оның сегіз баласы бар екенін, және оның сегізіншісі әлі перзентханада жатқанын білдіңіз ғой! Сонда сіз өзіңізді күтіп тұрған ауыр бейнет-қиындықтан қорықпадыңыз ба?! — деп жақауратып сұрағаным бар еді.

Сонда ол кісі:

— Өмір бойы мехнаттан көз жазбай келе жатқан мен бейнет-қиындықтан несіне қорқамын, еш қорыққан жоқпын, — деп сөзін келте қайырып барып, сосын ойын қайта жалғаған еді. — Ал егер шынымды айтсам, дәл сол жолы мен сендерді, анасыз жетім қалған сегіз баланы аядым... Сегіз баласын жетімдер үйіне өткізгісі келмей, шарқ ұрып жүрген ер азаматқа жаным ашыды... Балаларын жанындай жақсы көретін асыл әкеге деген құрмет-сезімім оянды... Сол үшін де, мен қалайда осынау шаңыраққа барамын, балалардың анасы болып барамын, деп шештім!

Мен сонда барып, әкемнің: «Мен өзіме әйел емес, сендерге ана іздеп жүрмін...» — деген сөзінің төркінін жеріне жете түсінген болатынмын.

Кейінгі шешеміздің маған қатты әсер еткен және бір әңгімесі бар еді. Ол бірде бәріміз отбасында шүйіркелесіп отырғанымызда, сырттан кірген үйіміздегі жалғыз қыз Майраны еркелете бауырына басып:

— Айналайын боташым, мен кезінде сенің бір ауыз сөзің үшін

осында қалдым емес пе... Есіңде ме, мен алғаш рет осы үйдің табалдырығын аттаған кезде: «Тәте, тәтет-ай, сіз біздің анамыз болыңызшы! Әйтпесем, ешкім бізге ана болғысы келмейді!..» дегенсің көз жасың мөлт-мөлт етіп... Сонда сені құшақтай алып: «Қалқам-ау, мен сендерге сол үшін, сендерге ана болу үшін келдім ғой!» деп, қосыла жылап жібергенмін... Міне, содан бері де бірталай жыл өтті. Рақмет сендерге, қарақтарым, сендер мені өз аналарыңдай көрсеңдер, мен де сендерді өз балаларымдай көріп келемін! Бір Алладан сұрайтыным да осы, ынтымақ-бірлігіміз әрмен қарай да жарасымдылығын таба берсе екен! — деді аялы алақанымен бәріміздің басымыздан кезек-кезек мейірлене сипап.

Расында, Жақия апамыз біздің үйге құт-береке болып кірді. Үйдің іші әрленіп, бәріміздің жүзімізге күлкі жүгіре бастады. Тамағымыз тоқ, киіміміз бүтін. Көңіліміз шат-шадыман. «Бәрімізді жетімдер үйіне өткізіп жіберсе қайтеміз?!» деген үрей-қорқыныштан біржола құтылғанбыз.

Әрине, осының бәріне кейінгі анамыздың арқасында қол жеткізгенімізді түгел жақсы білетінбіз. Әсіресе, әкеміз:

— Аналарыңды сыйлаңдар, егер ол болмағанда біздің күніміз қараң болар еді ғой! — деп, үнемі ескертіп отыратын.

Басқаларын қайдам, сол кезде әлі бір жасқа да толмаған менің күнімнің қараң болары анық еді ғой... Сол бір алмағайып уақытты есіне түсірген перзентхананың дәрігері Валентина Зеленкова маған бертінде мынадай бір әңгіме айтып берген еді:

— Мен сендердің марқұм шешелеріңді бұрынан білетінмін. Өйткені ол талай рет менің қолымда босанған болатын. Тек неге екенін білмеймін, әйтеуір сені босануға келгенде қатты абыржулы еді. «Мен қорқамын-н! Қорқамын-ы-ы-н...» — деп, жиі-жиі қайталай берді... Ал мен болсам: «Несіне қорқасың, бірінші рет босанғалы тұрған жоқсың ғой!» — деп, мейлінше тыныштандыруға тыры-

сып бақтым. Алайда байғұс анаң бар қатерді алдын ала сезген екен де... Сені аман-есен жарық дүниеге әкелгенімен, өзі жарық дүниемен мәңгіге қоштасып кете барды...

Естен тандырғандай қатты соққы алған әкелерің барлық қиындықтарға қарамастан сенен еш айырылғысы келмеді.

— Валентина Васильевна, бір амалын тауып, нәрестені біраз уақыт перзентханада қалдыра тұрыңызшы! Мен де қарап жатпаспын, көп кешіктірмей оны қолымызға аламыз ғой... — деді ол жалбарына өтініп.

Мен қатты аяп кеткендіктен, өзіме таяқ боп тиетінін біле тұра, оның өтінішін орындадым. Сөйтіп, сені перзентханада қалдырдық.

Ол кезде әйелдер көп босанатын еді ғой. Перзентханамыз ешуақытта бос тұрған емес. Күніге кемінде бір-екі әйел табалдырығымыздан аттайды. Бұған біз қуана мәз боламыз. Өйткені сені соларға емізіп алатынбыз. Кейде өзіміз қолдан ботқа жасаймыз. Әйтеуір ешқашан аш қалдырмаймыз.

Күн өткен сайын сен әлденіп, әжептәуір есейіп қалдың. Балпақтай аппақ түріңе қызыққан кейбіреулер анасыз жетім екеніңді білгенде, асырап алғысы да келді. Тіпті саған менің де ықыласым ауды. Бірақ менің бұл өтінішіме әкең еш келіспей қойды. «Өзім, өзіміз үйге аламыз! Балаға өзіміз қараймыз!» — дейтін ол әр жолы осынау сөздерін қайталаудан бір танбай.

Біз үшін ең қиыны перзентханаға аудандық комиссияның келгені болатын. Олар тексеруге кіріскенде бізде ес қалмайды. Қолбаламыз болып кеткен сені құндақтап, біресе асханаға, біресе кір жуатын жерге алып қашамыз. Бір жолы тіпті жасырынатын жердің ыңғайы келмей, сасқанымыздан әжетханаға барып тығылдық...

Кейін осының бәрі көрген түстей өте шықты ғой. Бізді бұл

қиындықтан құтқарған сенің болашақ анаң Жақия Мұсақанқызы болатын. Ол бір көргеннен-ақ бәрімізге қатты ұнады. Әсіресе оның жібектей жұмсақ мінезі, жып-жылы жанарлары бірден көңілімізден шықты. Сенің сенімді қолға баратынына ешбір күманданған жоқпыз... Ал арада бір-екі жыл өткен соң, бұған біздің көзіміз анық жетті. Артыңнан арнайы іздеп барған біздер, перзентхананың дәрігерлері, сенің үстіңдегі тап-таза киімдеріңді, бағулы бағыландай топ-томпақ түріңді, жүзіңдегі жайдары күлкіңді көріп, бізді құшақ жая қарсы алған анаңа риза болдық!

Иә, анамызға біз де шексіз ризамыз! Бізді ешбір бөтенсімей, жатсынбай, келген күннен-ақ бауырына тартып, аялай білген шешемізге мың да бір рақмат!

Анамыз күні бойы бізді айналып-толғанып қасымыздан шықпайтын. Біресе кірімізді жуып, біресе тамағымызды әзірлеп, біресе сабағымызды дайындатып, ерінбей-жалықпай қамқорлап жүргені. Ал кешке қарай бәріміз радионың жанына жиналып, ертегі тыңдайтынбыз. Ертегінің кейбір жерін түсінбей қалсақ, көмекке анамыз келеді. Ол түсінбеген жерлерімізді өз сөзімен қарапайым етіп әңгімелеп береді.

Ол уақытта жаңа жылға дайындалу дегенің ерекше қарбаласта өтетін. Бір жақсы жері, біздің үйдің балалары пәлендей саса қоймайтын. Өйткені анамыздың шеберлігіне әбден сеніп алғанбыз. Жыл сайын жаңа жыл қарсаңында бәрімізге бір-бір мерекелік киім тігіп береді. Әрі ол киімдері міндетті түрде жүлделі орындарға ие болады. Аяз атаның қолынан жеңімпаз ретінде арнайы сыйлық алған біз үйге мәз-мейрам болып қайтамыз. Үйге келгенде шешемізді құшақтай алып, екі бетінен жарыса сүйіп жатамыз.

Үйдегі балалардың бәрі, ағаларым да, әпкем де, оны «мама»

деп атадық. Бәріміз туған шеміздей көрдік. Айтқандарын екі етпей, бұлтақсыз бағындық. Қорыққандықтан емес, қатты сыйлағандықтан, қатты жақсы көргендіктен оған мойынсұндық. Өте жақсы көретін адамымызды ренжітіп алмау үшін, мейлінше тырысып бақтық.

Біздің қамымызды айрықша жанашырлықпен ойлағандықтан, Талдықорған облысына көшу деген мәселені көтерген де сол кісі болатын. Өсіп келе жатқан балаларға таза ауа, құнарлы көкөніс, жеміс-жидектер қажет деп, ақыры әкемізді қоныс аударуға көндірді. Өйткені сол уақыттарда әскери сынақ алаңына айналған Семей жерінде мұндай мүмкіндіктер тіпті жоқтың қасы еді.

Сөйтіп, отбасымыз 1969 жылдың маусым айында Талдықорған облысы, Киров ауданының Мұқаншы ауылына көшіп бардық. Бұл облыс орталығы Талдықорған қаласына жақын ауыл екен. Ал бұл өз кезегінде біздің сапалы білім алуымызға да үлкен септігін тигізді. Мұны біз кейін анамыздың алдымызды болжай білген зор көрегендігі деп бағалап жүрдік. Оның үстіне тап сол уақыттарда ауырыңқырап жүрген әкемізге де ауарайы жылырақ аймақ керек еді. Яғни, Талдықорған жері әкеміздің жағдайына да дөп келді.

Біздің Жақия анамыз орта бойлы, жылы жүзді, нәзік жан болатын. Бірақ соған қарамастан рухы өте мықты еді. Өзін үнемі қарапайым ұстайтын. Айналасындағы адамдармен сыпайы, түсіністік қарым-қатынасты сақтауға тырысатын. Ешуақытта ешкіммен ұрыс-керіске бармайтын. Біреуге дауыс көтеріп, айқайлағанын да естіген емеспіз.

Жалғыз «кемшілігі» өзі туралы әңгіме айтудан үнемі қашқақтайтын. Бір жолы мен:

— Мама, сіздің жақын туыстарыңыз бар ма? — деп сұраған болатынмын.

Жауап беруге асықпаған ол кісі біраз күттіріп барып:

— Менің ешкімім жоқ... Ата-анамды коллективтендіру кезінде шолақ белсенділер атып тастаған... Ал жалғыз ағам, 1917 жылы туылған Жақат Мұсақанов Ұлы Отан соғысында қабар-ошарсыз жоғалып кетті... Мен білетін тірі қалғандардың ішінде немере әпкелерім Мәриям мен Мәрияш бар еді, бірақ олардан да көз жазып қалдым... Бәріміз Алматыда балалар үйінде тәрбиеленген едік қой... — деп, сөзін тым қысқа қайырған.

Анамызды балалар үйінен соғыстың алдында жерлестері Олжабай молда шығарып алып, Орловка ауылына әкеліпті. Сөйтіп, 1942 жылы жетім қызды өзінің ұлы Мағауияға қосады. Шешеміз ол күйеуімен бар-жоғы үш-ақ ай бірге тұрыпты.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде, 1942 жылдың маусым айында анамыздың күйеуі мен ағасын майданға алады. Содан Олжабаев Мағауия соғыста қаза болып, Мұсақанов Жақат хабар-ошарсыз жоғалады.

Мен қандай да бір деректер шығып қалар деген үмітпен, кезінде шешеміздің ағасын біраз іздестіріп те көрдім. Алайда қолыма мұрағатта сақталған қып-қысқа мәліметтен басқа ештеңе түспеді. Онда былай деп жазылыпты: «1915 жылы туылған Мұсақанов Жақат Зыряновск қалалық әскери комисарияттың шақыруымен 1942 жылдың 10 маусымында әскерге алынып, Семей қаласындағы 125-ші запастағы атқыштар полкіне жіберілді. 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде хабар-ошарсыз жоғалғандар тізімінде Мұсақанов Жақат тіркелмеген».

Әйтсе де әлі үмітімді үзбеген мен 1998 жылы Шығыс Қазақстанға арнайы іздеп барып, шешеміздің бірінші күйеуінің қарындасы, 1922 жылы туылған Олжабаева Қаваға жолықтым. Ол кісінің айтуы бойынша, біздің Жақия апамыз халық жауының қызы ретінде жауапты органдардың бақылауында есепте тұрыпты. Ал Ұлы Отан соғысы кезінде өздері тұрған колхоздың

төрағасы қашып кеткендіктен, аудан басшылары бар тізгінді біздің мамамыздың қолына тапсырыпты. Сөйтіп, шешеміздің еңбекқорлығының, өжеттігінің арқасында үлкен бір ауылдың тұрғындары аштыққа ұрынбай аман-сау қыстап шығыпты. Содан бүкіл жұрт ол кісінің іскерлігіне тәнті болып, көпке дейін ауыздарынан тастамай айтып жүрген көрінеді. Өйткені дәл сол қыста көрші шаруашылықтардың бәрі тұралап, аштықтан, суықтан өлген адамдардың саны тіпті көп болса керек. Алайда көктем шыға кері оралған колхоздың төрағасы оның үстінен қайта-қайта шағым түсіріп, ақыры Жақия апамызды абақтыға жабады да, Зыряновск және Өскемен түрмесінде бір жылға жуық отырып шығады. Оның тез ақталып шығуына ауыл жұртшылығы қатты ықпал еткен еді. Олар Жақияның тазалығын, жазықсыз екендігін айтып, жоғары жаққа хат жолдаса керек-ті.

Менің бір байқағаным, біздің анамыз қайда жүрмесін өз ісіне адал, айналасына қайырымды болған екен. Сапар барысында мен кездесіп, сөйлескен адамдардың барлығы да оның тек жақсы жақтарын, жағымды тірліктерін тілдеріне тиек етумен болды.

Біздің Жақия мамамыз, әкеміз екеуі бәрімізді аяғымыздан тік тұрғызып, бәрімізді оқытып, ұлдарды түгел үйлендіріп, қызды тұрмысқа шығарып, әрқайсысымызды жеке-жеке отау етті. Алғашқы немерелерін көріп, олардың да тәлім-тәрбиесіне қолғабыс етті. Анамыз тұңғыш немересінің есімін Арнат деп, менің екінші ұлымның есімін Арлан деп өзі қойды.

Әке-шешеміз кітап, газет-журнал оқығанды өте жақсы көретін. Кейін қартайғанда өздері оқуға қиындап кеткендіктен, екеуіне мен оқып беріп жүрдім. Тіпті олар жаздырып алатын газет-журналдар әлі есімде. Аудандық газет — «Еңбек туы», облыстық газет — «Октябрь туы», республикалық басылым-

дар — «Лениншіл жас», «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс», «Жалын», «Ара» жыл бойына үйімізге үздіксіз келіп тұратын.

Бұған қоса, анамыз ертегі тыңдағанды керемет ұнататын. Қолы сәл қалт етсе мені қасына шақырып алып, ертегі оқытатын. Тіпті өмірінің ең ақырғы күндерін ертегі тыңдауға арнаған еді... Әлі есімде, соңғы рет шешемнің қасында отырып, оған «Мың бір түн» аңызын оқып бергенмін. Ешбір ерінбестен кітапты бастан-аяқ түгел оқып шықтым... Сосын демалысым біткендіктен үйдегілермен қош айтысып, Лениградтағы оқуыма қайтып кеттім...

Әттең, дәл сол жолы шешемді соңғы рет көріп тұрғанымды қайдан білейін... Қалаға келген соң, бір айдан кейін анамның қазасы туралы сұп-суық жеделхат алдым...

Мен сонда барып анамыздың әкемді ерекше жақсы көретінін түсіндім. Өйткені пәлендей қатты ауырмаған адам әкеміздің қазасынан кейін араға тура бір жыл салып, оның артынан жеделдете кете барды... Тап бір өзі ұнатқан жанмен тезірек кездесуге асыққан іспетті еді...

Бір өкініштісі, мен қанша тырысқанмен анамды жерлеуге үлгіре алмадым. Кезінде әкем қайқанда да дәл осылай болған. Хабар жеткен күні-ақ билет алып, жолға шыққаныммен, ұшағымыз Целиноградта бір күн кідіріп, жерлеуге үлгермегенмін.

Бірақ кім білген, бәлкім, менің ең сүйікті, ең аяулы адамдарым өздерінің өлгенін маған көрсеткісі келмеген шығар... Иә-иә, мен олардың жансыз денесін көрген жоқпын... Сол үшін де олар менің көз алдымда әлі тірі! Олардың менің есімде қалған тірі бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес!

Қадірлі оқырман!

Анам қайтыс болған соң, оның артында қалған құжаттарын, суреттерін қарап шыққан едім. Мен танымайтын жандар біраз екен. Іштей ойлап қоямын, мүмкін солардың арасында анамның туыстары да бар шығар-ау деп... Оның үстіне туған нағашымды, анамның ағасын, өмір бойы іздеп келе жатқандықтан, кім білсін, біреу-міреулер ол туралы қандай да бір деректер айтып қалар ма екен деп үміттеніп те қоямын... Жалпы, шешемнің әке-шешесін, олардың жақын туыстарын, кейінгі ұрпақтарын білетін адамдар табылып жатса, әрине, менің о бастағы үмітімнің ақталған да!

Сондықтан да осынау сәті түскен мүмкіндікті пайдаланып, Зейнолла ағамыздың ұрықсатымен, біраз суреттерді осынау өтемістер туралы кітаптың бетінде жариялағанды жөн көрдім. Бәлкім, жақсы хабар шығып қалар... (Менің телефоным: 8 702 220 07 17).

Сарқытбек Молдабаев



**Менің анам Мусақанова Жақия Мусақанқызы
1922 жылы Таиынтыда түған**





Мамы менен Мусаканова Жаңы Мусаканованы
1922 жылы Ташкентте түзгөн











МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Бірінші тарау.1916 жыл: Өскемен өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілісі.....	5
Революциялық толқулар.....	12
Өтемістер туралы бірер сөз.....	14
Болыстыққа таласқан партиялар.....	16
Баймұқан ақынның толғаулары.....	21
1916 жыл.....	23
«Орайшап» оқиғасы.....	27
Көтерілістің куәгерлері.....	33
Ату жазасын алған ақын.....	41
Көтеріліс басшысы Сағынбай ақын.....	51
Тұрғынбай ақынның көтерілісшілерді үгіттеуі.....	73
Ақынның өмірі мен шығармашылығы.....	74
Қарсы құдалық.....	78
Сақатай мен Тұрғынбайдың соңғы кездесуі.....	83
Болыс пен әкесі.....	86
Колхоз бастығы.....	87
Боқыш қажы.....	89
Ақынның жастар сұрағына жауабы.....	89



Болыс, би, старшындар.....	90
Жұбандық Болғынбаевпен кездесу.....	97
Сібірге айдалу.....	99
Шушубай ақын.....	103
Тұрғынбай мен Шушубайдың құдалығы.....	106
Екінші тарау. 1916 жыл: Семей жеріндегі халық көтерілісі.....	111
Сергелдең <i>(М.Әбенов)</i>	120
Қалба елінде <i>(М.Әбенов)</i>	125
Үшінші тарау. Ерлер есімі естен кетпейді.....	134
1916 жылғы көтерілісте шейіт болғандар.....	135
Ауыр жараланғандар.....	135
Көтерілісті бастаушылар ретінде абақтыға қамалғандар..	136
Төртінші тарау. Ол бір ұмытылмас күндер ғой.....	137
Тайынтыдағы «Орайшап» оқиғасы <i>(Айтмұхамбет Қасымов)</i>	138
Зайсан еліндегі көтеріліс <i>(Сапарғали Сырымбетов,</i> <i>Жүсіпқан Сәрсекөв)</i>	146
Тұрғынбай мен Шушубай <i>(Зебер Баянов)</i>	151
Иттің дауы <i>(Зебер Баянов)</i>	158
Бесінші тарау. Аялы алақан <i>(Сарқытбек Молдабаев)</i>	161

Редактор и корректор - Әлижан Тауұлы
Дизайнер-верстальщик - Кинзерский Евгений

